

Еуразия
гуманитарлық
институтының



ВЕСТНИК

ХАБАРШЫСЫ

Токсандық журнал
2001 ж. шыға бастаған

2014
№ 1-2
АСТАНА

Евразийского
гуманитарного
института

Ежеквартальный журнал
Основан в 2001 г.

Редколлегия төрағасы
А.Қ. Құсайынов, т.ғ.д., проф.

Бас редактор
А.Ж. Исмаилов, психол.ғ.к., проф.
Бас редактордың орынбасары
Қ.Ә. Ахметов, т.ғ.д., проф.
Жауапты хатшы
Т.В. Кривошапова, ф.ғ.д., проф.

Редколлегия
Т.Қ. Айтқазин, филос.ғ.д., проф.
А.Ж. Аманбаев, т.ғ.к., доц.
В.В. Алексеев, т.ғ.к., доц.
(Ресей Федерациясы)
А.А. Арабаев, з.ғ.д., проф.
(Қырғыз Республикасы)
Қ.Ә. Әбішев, з.ғ.к., проф.
С.Б. Байзақов, э.ғ.д., проф.
Қ.Ж. Балтабаев, з.ғ.д., проф.
Х.Э. Боланьос, PhD, профессор
(Испания)
Л.В. Волкова, п.ғ.к., доц.
Т.А. Дронзина, с.ғ.д., проф.
(Болгария Республикасы)
М.М. Жанпейісова, т.ғ.к., доц.
В.А. Жексембекова, с.ғ.д., проф.
М.Ы. Жүкібай, э.ғ.к., проф.
С.Б. Загатова, ф.ғ.к., проф.
О.В. Иншаков, э.ғ.д., профессор
(Ресей Федерациясы)
А.Ш. Қадырбаев, т.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
Б.Р. Кадыров, психол.ғ.д., профессор
(Өзбекстан Республикасы)
Ш.М. Қаланова, п.ғ.д., проф.
Д. Қамзабекұлы, ф.ғ.д., проф.
Е.В. Кодин, т.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
Қ.А. Мамаділ, ф.ғ.к., доц.
Л.В. Пакуш, э.ғ.д., проф.
(Беларусь Республикасы)
Рындак В.Г., п.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
М.Н. Сарыбеков, п.ғ.д., проф.
Б.С. Сарсекеев, п.ғ.д., проф.
Л.Ч. Сыдыкова, з.ғ.д., проф.
(Қырғыз Республикасы)
Р.Н. Юрченко, з.ғ.д., проф.

**ТАРИХ**

Шаукенов Ж.А. Омбы қаласының тарихы мен казактардың қоныстану тарихы.....	5
Абишева Ж.Р. Патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатын жүргізудегі казактардың рөлі.....	12
Лапин Н.С. Численность казахов в позднее средневековье и раннее новое время в современной казахстанской историографии.....	18
Лиясова К.М. Жоспарлы экономикадан нарыққа көшу (1992-1995 жылдар).....	25
Тулеуова Б.Т. Проблемы развития казахского кочевого скотоводства в трудах русских исследователей во второй половине XIX – начале XX веков.....	30
Лиясова К.М. Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтар (1991 жылдан бүгінге дейін).....	37
Малыбаева Б.С. Центральный Казахстан в 1920-1930-е годы: особенности социально-экономических и политических процессов в регионе.....	42
Джампеисова Ж.М. Пастбищная территория и ее объекты (на примере рассмотрения ценностного значения земельных ресурсов для казахов Атбасарского уезда в конце XIX начале XX вв.).....	48

САЯСАТТАНУ

Ибрагимова Г.Е. Халықаралық ұйымдардың қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі мен орны.....	55
Славецкий В.Ю. Исламский социально-культурный радикализм: история и современные реалии.....	61
Kamilla Sheryazdanova. Features and principal stages of entry of the Eastern European countries into the European Union.....	68
Славецкий В.Ю. Арабская весна и ее уроки.....	77
Таубаева Ж.А. Становление региональной безопасности в Центральной Азии: сотрудничество СВМДА и ОБСЕ.....	84

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

Рамазанова А.С. Соттардың мамандандырылуы және оның соттардың одан әрі біліктілігіне тигізер әсері.....	91
--	----

ЭКОНОМИКА


Жүкібай М.Ы. Увеличение производительности труда в приоритетных секторах экономики. Производительность-2020.....	99
---	----

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Урунбасарова Э.А. Психологические проблемы нравственно-этического формирования личности.....	107
Пошаев Д.Қ., Саипов А., Рысқұлов А. Арнайы пән оқытушыларының әдістемелік даярлығы.....	112
Досанова К.К. Механизмы формирования межкультурной толерантности средствами музыкального искусства.....	117
Жумабекова Д.Ж. Учитель от бога: профессор Н.М. Патрушева.....	122
Пошаев Д.Қ., Халмұратов Н., Кененбаева Р. Болашақ мұғалімдердің білім алу үдерісіндегі іс-әрекетін ынталандыру мен реттеу.....	127
Bibinur Zhumagaliyeva, Svetlana Uteyeva. Functional Role Adequacy Of Spouses in Single Ethnic Family.....	132
Танирбергенова А.Ш., Давлетова С.Е. Психологиялық тренингтерді қолданудың маңыздылығы.....	138
Власова Н.В. Роль знаково-символических средств в интеллектуальном развитии дошкольников.....	143

ФИЛОЛОГИЯ

Керімбекова Б.Д. Қазақ ақыны Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы әйел тағдыры: тарихи тұлға және көркемдік шешім.....	150
Корабаева А.А. Об отражении национально-культурных слов-реалий в художественном переводе.....	155
Мұсабекова А.А. Кәсіби қазақ тілі сабағында студенттердің өз мамандығына құрметін арттыру.....	160
Рамазанова Ш.Ә. «Жеті қаған» жырындағы замана шындығы.....	165



Аннотация

Бұл мақалада автор қазақтар және олардың ата-бабалары Батыс Сібірдің оңтүстік бөлігін ертеден, яғни XIII ғ. бастап қоныстана бастағанын көрсетеді. Жоңғар мемлекеті ыдырағаннан кейін, XVIII ғасырдың ортасынан бастап осы аймаққа қазақтардың «екінші» рет қоныстануы қарастырылған. Мақалада Омбы қаласының салынуы тарихы және қазақтардың қоныстану тарихы зерттеледі.

Түйін сөздер: Омбы қаласы, қазақтар, Батыс Сібір, сауда, қоныстану, бекініс, Ертіс, моңғол шапқыншылығы, генерал-губернатор, жоңғар.

Ж.А. Шаукенов

А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті, т.ғ.к., аға оқытушы

Омбы қаласының тарихы мен қазақтардың қоныстану тарихы

Омбы қаласының салынуы мен Батыс Сібір жерлерін зерттелу тарихы орыстардың Ертіс бойындағы жерлерді зерттелуімен және қоныстануымен, қарақшы Ермакпен тығыз байланысты. Дегенмен одан бұрын да орыстың көпестері мен саудагерлері Сібір хандығына келіп, осында сауда-саттық жүргізгені белгілі. Мәселен, «Строгановская сибирская летопись» атты жылнамадағы (XVII ғасырдың 1-ші жартысында құрастырылып жазылған) мәліметтер XVII ғасырға дейінгі кезеңді қамтиды. Осында жазылған ақпарат бойынша XVI ғасырдың 70-ші жылдарында ағайынды Яков пен Григорий Строгановтар Сібірді «зерттеуге» жөнелгенде, қазақтармен сауда-саттық жүргізу құқығына ие болды [1, 92 б.].

1581 жылы Ермак шағын казак жасағымен Көшім ханның жеріне шабуыл жасағаны орыстардың Сібір жеріне келіп қоныстану процесінің басы болып саналады. Көшім ханды жеңгеннен кейін 1582-1585 жылдары Ермак Сібірдің оңтүстік аймақтарына жорықтар жасағанда, қазіргі Омбы облысының террито-риясына дейін жеткен болатын. Тебенді және Ташетка қаласының тұрғындары оның билігін мойындап, әрі қарай жібереді. Ермак жасағының оңтүстікте жеткен ең шеткі нүктесі - Усть-Шиш жері.

Бірнеше жылдан кейін, Андрей Елецкийдің жасағы 1594 жылы Тара қаласының негізін қалады. XVII-XVIII ғасырларда орыстардың Батыс Сібір жерлерін отарлағанда ол қала форпост ретінде қолданылды. Орыс шаруалары мен казактарының облыс территориясын мекен етуінің басталуы XVII ғасырда солтүстік жағынан басталып, «орман» мен «даланың» шекараларын бұзған жоқ. Сонда көшпенділер мен орыстардың арасында сан рет



қақтығыстар мен шайқастар болды [2, 6 б.].

Ертіс бойының орта ағысын тез қарқынмен жаулап алуға аймақтағы қиын әскери-саяси жағдай кедергі жасады. Тек 85 жылдан кейін М.П. Гагарин Сібір басқармасының басшысы ретінде қызмет ете бастағанда Ертіске қарай жылжуға мүмкіншілік туды деп есептеуге болады. М.П.Гагарин «құмды алтынды» іздеу үшін І Петр патшаға келіп өз ұсыныстарын айтатын болған.

Көп ұзамай-ақ, ақша мен алтынды керек еткен І Петр «Алтынды құм бар жерлерді иеленіп алу үшін подполковник Иван Дмитриевич Бухгольцтің басқаруындағы экспедицияны жабдықтау туралы» жарлыққа қол қойып, екі әскери экспедицияны жіберуге бұйрық береді, Тобылдан жоғары қарай Ертіс бойын зерттейтін экспедицияға подполковник И.Д.Бухгольц көшбасшы болған.

Алғашқы Омбы бекінісі Ом өзенінің сол жағалауында гвардия подполковнигі И.Д.Бухгольц басшылық еткен казак жасағымен 1716 жылы негізі қаланған болатын, қазіргі уақытта сонда қалалық дума мекемесі мен әуен театры орналасқан. Алғашқы гарнизоны найза, қылыштармен қаруланған 150 казак әскері мен 200 солдат болды. Құрылыс жұмыстарын жүргізген инженер-поручик Каландер [2, 8 б.]. Омбы бекінісінің территориясын былай суреттейді: «Ее восточная сторона шла от здания библиотеки им. А.С.Пушкина, примерно к пересечению улиц Почтовой и Стачечной. Отсюда она направлялась на юго-восток, а затем под прямым углом зеркально поворачивалась на северо-восток. Западная сторона ограды отклонялась на восток, подходила к территории современной улицы им. 10 лет Октября у предмостной площади» [2, 8 б.].

Кейін И.Д.Бухгольц Санкт-Петербургқа шақыртылып, 1716 жылдың желтоқсанында гарнизонды өз көмекшісі майор И.Л.Вельяминов-Зерновке тапсырады. Бухгольцтан кейін Омбы бекінісінің дамуына көп әсер еткен тұлға - өте білімді, жоғары мәдениетті адам, Сібір корпусының генералы Иван Иванович Шпрингер 1765 жылы корпусқа келіп Омбы бекінісін зерттеп, Сібір корпусының Басқармасын Тобольскіден Омбыға әкелуге шешім қабылдайды. Омбы бекінісі Батыс Сібірдің қорғаныс жүйесінің оңтүстік-батыс шебінің ресми орталығы болады. Шпрингер бекіністің қорғаныс құрылымының деңгейін көріп, Ертіс, Горький және Колыван шептерінде жаңа бекіністерді салуға мамандарды іздейді. 1768 жылдың көктемінде жаңа бекініс салына бастаса, 1771 жылы құрылыс аяқталады. Жаңа бекініс 30 га аумағын алды, онда 4 мұнара және 4 қақпа болды: Омбы, Тарск, Тобыл және Ертіс қақпалары. Бекіністі үлкен ор қоршап тұрды, екі бекініс арасында ағаштан салынған көпір қосып тұрған. Жаңа бекініс қазіргі Красин, П.Некрасов, Жеңіс және Таубе көшелерінде, өте ыңғайлы жерде орналасты. 1805 жылы ол Батыс Сібір қорғаныс шептерінің ішінен ең мықты бекініс болып саналды. Оның гарнизоны сол уақытта 3463 солдат мен 92 офицерден тұрды [2, 10 б.].

Негізі қаланған жылдан бастап Омбы қаласы Жоңғар мемлекетімен тығыз қарым-қатынасқа түсті. Ертіс шекаралық шебіндегі қорғаныс жүйесін салуда Омбы қаласының рөлі ерекше болды. Одан кейінгі жылдарда орыс-казак саяси, әлеуметтік-экономикалық байланыстарын нығайтуда Омбы бекінісінің рөлі арта түсті. Бекіністің оңтүстігіне қарай көшпенділерге қарсы қорғаныс шебі - форпосттар салына бастады. 1782 жылы Омбы бекінісі Тобол наместничествосының қаласы ретінде өзгертілді. Тарск уезінің оңтүстік бөлігінен Омбы уезі бөлініп, 1785 жылы Омбыға елтаңба берілді. Омбы қаласы әскери, мәдени, әкімшілік және сауда функцияларын атқара бастады. 1782 жылы қала мәртебесін алып, Тобыл (1782-1798) округінің орталығы, Тобыл губерниясының (1804-22, 1839-68), Омбы (1822-39) және Ақмола (1868-1918) облыстарының, Батыс Сібір (1824-1882) және Дала (1882-1917) генерал-губернаторлығының орталығы болды. Омбы қаласының тарихы Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанмен тығыз байланысты болды. Осында Сібір шебінің және Сібір казак әскерінің басқармалары орналасқан болатын. Атақты ресейлік мемлекет қайраткері М.М.Сперанскийдің 1822 жылғы реформасы Сібірді екі генерал-губернаторлыққа бөлді: Батыс Сібір және Шығыс Сібір генерал-губернаторлықтары.

М.М.Сперанскийдің реформасы бойынша 1823 жылы Ертіс, Жаңа казак шептерін және казак жерлерінің солтүстік-шығыс бөлігін қамтитын Омбы облысы құрылған болатын. 1838 жылы Омбы облыстық басқармасы таратылып, оның орнына Сібір қырғыздарының Шекаралық басқармасы құрылды, 1854 жылы Сібір қырғыздарының облысы, кейін 1868 жылы Ақмола облысы ретінде қалыптасты, жаңа облыстың әкімшілік орталығы - Омбы қаласында орналасты [3, 36-37 б.].

XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан Ресей өнеркәсіп орындары үшін өнім өткізетін рынок және бай шикізат көзіне айналғаны мәлім. Капиталистік қатынастардың пайда болуына және дамуына алғы шарттар жасалып, алғашқы өнеркәсіп орындары да ашыла бастайды.

Ол ғасырға жуық далалық өлкенің қажеттіліктерін қанағаттандырып, орыс пен казак халқының саяси және әлеуметтік-экономикалық байланыстарында маңызды рөл атқарды. Статистика бойынша, 1870 жылдардың екінші жартысында Омбы қаласының тұрғындары біршама азайыпты. Мысалы, 1860 жылы қала халқының саны 19,5 мың болса, 1870 жылы ол 30,5 мыңға өскен, ал 1877 жылы 25 мыңға дейін азайған. 1840 жылы Омбы қаласындағы қазақтардың саны 109 адам болса, 1897 жылы Омбы уезіндегі қазақтар 37680-ге (Омбы қаласында -105 адам), ал 1916 жылы 38970-ке жетті. Қала халқының азаюы әскери қызметкерлердің оңтүстікке көшірілуімен байланысты.

Генерал-губернатор Колпаковский тұсында қалаға еуропалық Ресейден және Сібірдің басқа жерлерінен қоныс аударушылар көптеп келеді. 1878-1888 жылдар аралығында қала халқының саны 10 мыңға көбейеді. 1890 жылы қалада 39238 адам өмір сүреді.

Санақта қазақтарды, алтайлықтарды, өзбектерді, түркімендерді, тәжіктер мен татарларды «бұратаналар» деп бөлгені мәлім. 1890 жылғы есеп бойынша, олар 263 адам болса соның 246-сы қазақтар екен. 16 казак ақсүйектер тегіне жатқызылыпты. Негізінен, қала халқы саудамен, өнеркәсіппен, қолөнермен және басқа да кәсіптермен айналысқан. 1877 жылы Омбыдағы қолөнершілердің саны 1,5 мың болған. Көптеген қолөнершілер өздерінің өнімдерін жәрменкелерде сатады. 1894 жылы қалада 29 жеке ұсақ өнеркәсіп орны және бір ірі темекі фабрикасы жұмыс істейді. 1897 жылы қаладағы өнеркәсіп саны 73-ке дейін өссе, ал 1900 жылы 870 жұмысшыны қамтамасыз еткен 113 өнеркәсіп жұмыс істейді. Негізінен, бұл өнеркәсіптің көпшілігі тамақ өндіруімен айналысады. Ал 1914 жылғы «Азиатская Россияның» бірінші томында XX ғасырдың басындағы Омбы қаласын былай сипаттайды: «Омск - областной город Акмолинской области - в короткое время изменил свою убогую «приказную» физиономию. Теперь это уже торговый, с широким будущим, большой Сибирский город, насчитывающий до 128 тыс душ, раскинувшийся верст на пять, на семь вдоль берега Иртыша с десяти тысячами разного рода здании, из которых каменных свыше пяти сот. Наибольшая площадь перед собором в центре города, здесь же у Оми у пристани главный пульс торговой партовой жизни Омска: грузятся и разгружаются большие пароходы волжского типа, совершаются крупные торговые сделки. Омск служит в настоящее время складочным местом для снабжения всеми видами торговли как оседлого, так и кочевого населения обширного степного края, в городе открыты специальные торговые биржи, работает большое число частных коммерческих банков. Омск является так же поставщиком на всю округу земледельческих машин и орудий, которых здесь продается ежегодно на сумму чем на три миллиона рублей. Фабрик и заводов в Омске насчитывалось 182, с суммой производительности в 3700000 рублей. Торговых заведений было в тоже время около тысячи с оборотом 21 миллион рублей» [4, 26-28 б.].

Ал енді Омбы облысындағы қазақтардың қоныстану тарихына келетін болсақ, Батыс Сібір территориясын ежелгі заманнан түркітілдес тайпалар: қыпшақтар, керейлер мен арғындар мекен еткені туралы барлығымызға мәлім. Батыс Сібір аймағының тұрғындары көне заманнан бастап Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстандағы тайпаларымен



байланыс жасап тұрған болатын. Қазақтардың көпшілігінің басты кәсібі мал шаруашылығы болса, көшпелілер маусымдық жайылымдардың бірінен соң біріне ауысып, ұзақ уақыт көшіп жүрді. Бұрыннан келе жатқан көшу жолдарының бағыты бір үлкен экономикалық немесе саяси жағдайлар болғанда ғана өзгерді, ол XIII ғасырда Шыңғысхан жорықтарының себептерінен көптеген тайпалар қашып осында өздеріне жер тауып алған болатын. Сонда басшылық рөлге керей тайпасы ие болды [5, 183-184 б.].

Осы жағдайды Орта жүз қазақтарының ру-тайпалық құрамын атақты зерттеушісі, белгілі ғалым М.С. Мұқанов дәлелдеп отыр: «В начале XIII века керей бежали в степи Северного Казахстана под ударами Чингизхана... жестокость монголов вызвала бегство некоторой части керейтов со старых кочевий. Многочисленные роды керейтов двинулись по Иртышу, от его истока вплоть до реки Оми, оседая вдоль его берегов, а также на запад от Иртыша, вплоть до кочевий племен аргын и кипчак. Керей северной части Казахстана являются потомками наиболее северных керейтов, пришедших в эти места во время нашествия монголов и гибели раннего керейтского государства. Наиболее ранние сведения об этих керейтах мы находим в «Сибирских летописях», относящихся к XVIII веку. Эти летописи говорят о существовании в Сибири тайбугинского рода ...» [6, 56-58 б.]. Осындағы жергілікті әулеттің негізін салушысы қазақ даласынан келген Тайбуға атты адам деп есептеледі, ол Тура өзенінің маңында жерлерді иеленіп осында Чимги-Тура (қазіргі Тюмень қ.) қаласының іргетасын қалайды [5, 184 б.]. «... и приводят целый ряд интересных сведений по истории Сибири. Присоединение Сибири к России, нашествие калмыков вызвали перемещение казахских племен с их исконной территории. Керей, некогда обитавшие по Тоболу, Туре и Оми, откочевали и обосновались несколько южнее, на территории современного Северного Казахстана. После изгнания джунгар часть кереев заняла свои исконные земли по Иртышу. К концу XIX века они расселились отдельными группами...» [6, 56-58 б.].

XIII ғасырда Моңғолиядан Қазақстанның солтүстік-шығыс және солтүстік аудандарына түркітілдес тайпалардың: арғындар, наймандар мен керейлердің жаппай қоныс аударуы туралы жаңа заманның атақты зерттеушілерінің бірі - Н.А.Аристов: «...спасаясь бегством после поражения, шли, оставляя свои земли перед напором монголов. Тюркские племена Монголии должны были удаляться на запад приблизительно в той самой географической последовательности, в какой жили в Монголии: впереди найманы, меркиты, зади керей. Так это и было, как это подтверждается в общих чертах и нынешним распространением этих племен в киргиз-казачьей степи...» [7, 7 б.] - былай деп жазады.

Моңғол шапқыншылығынан кейін Батыс Сібір территориясы Жошы ұлысына кірді. Ресми түрде Шайбанилық тармағынан шыққан хандарға қараса да, ал билік, шың мәнінде, жергілікті түркі тайбұғалық әулетінің қолында болды. Алтын Ордада болып жатқан барлық оқиғалар Батыс Сібір аймағына тікелей әсер етті. Алтын Орданың хандары тактан түсіріліп қашқанда, баратын жер Батыс Сібір аймағы болды. Сонда жергілікті тайпалардан қолдау тауып билік үшін күресті жалғастырған болатын. Мысалы, Едігеден жеңіліс тапқан Тоқтамыс хан Об, Том және Шулама өзендерінің алқаптарында үлесін алады. Шайбанилық Махмұд Қожа Ақ Орда ханы Барақтан жеңіліп Батыс Сібірге қашып кетеді, осында ноғайлардың көмегімен хан етіп жарияланады [5, 184 б.]. Біздің ойымызша, егер де Батыс Сібірде қазақ тайпаларына қатысты немесе қазақ тайпаларына туыс рулар мекен етпесе, онда көптеген хандар осында келіп, қолдау таппас еді.

Айта кететін жайт, қазақтың аса ірі тарихшысы, академик Манаш Қозыбаев Қожабергеннің осы «Елім-ай» дастанын жоғары бағалап, оны «ұлтымыздың Илиада мен Одиссеядай эпикалық өміршең трагедиясы» деп жазды. Сонымен қатар ол осы дастанның иесі Қожабергенді «дүлділ тарихшы» деп бағалап, оның шығармасында «бүкіл дәуір суреттеледі» деп атаған [1, 92 б.].

Дастанда айтылған қазақ-керейлердің батысқа қарай, яғни Солтүстік Қазақстан территориясына көшуін М.С.Мұқанов өзінің еңбегінде дәлелдейді: «Присоединение Сибири к России, нашествие калмыков в казахскую степь вызвали перемещение казахского племени кереев, некогда обитавших по Тоболу, Туре, Оми, как об этом говорится в «Сибирской летописи», откочевали и обосновались южнее Сибири, заняв территории Северного Казахстана. После изгнания джунгар часть родов племени керей заняли отдельные места в долине Иртыша...» [6, 58 б.].

Керейлерден басқа Омбы облысы территориясында қыпшақтардың мекен еткені туралы қазіргі Омбы облысының Русскополян ауданы Бозан ауылында қыпшақтардың ескі зираты «Сағал зираты» атты қорғаны сақталды, жақында оның «жасы» 600 жылға толды [1, 92 б.].

Әртүрлі деректерді пайдалану үшін орыс жылнамаларына да назар аудару керек, соның ішінде «Строгановская сибирская летопись» жылнамасы. Ол XVII ғасырдың 1-ші жартысында құрастырылып жазылған болатын, бірақ соның ішіндегі мәліметтер XVII ғасырға дейінгі кезеңді қамтиды. Осында жазылған ақпарат бойынша XVI ғасырдың 70-ші жылдарында ағайынды Яков пен Григорий Строгановтар Сібірді «зерттеуге» жөнелгенде, қазақтармен сауда-саттық жүргізуге құқығына ие болды: «... а на сибирского салтана Якову же и Григорью, сбирая охочих и своих людей, и остяков, и вогулич, и югрич, и самоед, с наемными казаками и с нарядом своим посылати воевати и в полон сибирцев имати и в дань за государя приводити; а станкт приходити в те крепости к Якову и к Григорию торговые люди бухарцы и Казацкие орды и иных земель с какими товары, и им у них торговати вольно беспошлинно...» [8, 388 б.].

Сол жылнаманың ішінде керей ханы Тоғырыл, яғни Ван ханның ұрпақтары, Шыңғысхан әскерлерінен қашып бара жатқанда, қазіргі ресейлік қала Түмен (Тюмень) қаласының маңайына орналасқаны туралы ақпарат бар, бірақ сол жерде қоныс тебуі үшін олар Шыңғысханнан рұқсатын сұрап алады: «... Чингиз же отпусти его (сына Ванхана Тайбугу) амо же хоцет, и тамо да пребывает. Он же пришед на реку Туру и поставиша град и назва его Чингий, на ныне на том месте христианский град, рекомый Тюмень...» [8, 396 б.].

Дәл осындай мәліметтер басқа да орыстың «Есиповская сибирская летопись» жылнамасында айтылады, ол 1636 жылы Сібір митрополитінің дьяк Савва Есиповпен құрастырылды. Бірақ осында Строганов жылнамасынан кейбір айырмашылықтар бар, бұл жерде Сібір ханы Көшім Қазақ Ордасынан шыққан деп айтылады: «...прииде же степью из казачьи Орды царь, зовомый Кучум битвою сечья со многими воинскими людьми...» [8, 421 б.] Одан басқа, Көшім ханның айналасында тағы да бір қазақ сұлтаны бар болғаны туралы айтылады [8, 440 б.]. Осы жылнамадан үзінділері сібірлік аймақтың жергілікті тұрғындары мен қазақтарының ертеден бастап қоянқолтық байланыс жасап отырғаны мен қазақ тайпаларының Батыс Сібірдің оңтүстігіндегі мекен еткені туралы дәлел болады.

Келесі жылдардағы оқиғалар кейбір қазақ тайпаларының қоныс тепкен картасын өзгертіп жіберді, соның ішінде ең көп зардап шеккен тайпа Орта жүздің керей тайпасы болып табылады. XVII ғасырда Орта жүздің солтүстік және солтүстік-шығыс жерлеріне жоңғарлардың шапқыншылығы. М.С.Мұқановтың пікірінше, Сібір жерлерінің Ресейге қосылуы мен жоңғарлардың қазақ даласына жасаған шабуылы Тобыл, Омь және Тура өзендерінің бойларында көшіп жүрген керей тайпасының Сібірден оңтүстікке қарай, қазіргі Солтүстік Қазақстан аймағына орнын ауысуына әкеп соқтырды [6, 58 б.].

Өкінішке орай, осы жағдай туралы ресейлік зерттеушілер мен ғалымдардың ішінен өте сирек айтылады.

XVI ғасырдың 1-ші жартысында керей тайпасының Есбол және Есеналы тармақтарының көшуі жөнінде Омбы облысының оңтүстігінде ауыз әдебиет ескерткіші ретінде сақталған «Жолдыбай ақын мен Баймағамбет қожаның айтысы» [9, 42-43 б.] да дәлел болады. Осы айтысты зерттеп қарастыратын болсақ, оның қысқа мазмұнын мен



тарихын айту керек еді. Қарастырылған айтыс қазіргі Омбы облысының ауыз әдебиетінің зерттеушісі Абдрахманов Рақымжаннан жазылып алынған болатын, айтыстың өзі 1914 жылы «Отын үйген» деген жерде керейден Жолдыбай мен Баймағамбет қожа арасында өтті.

Ал енді территориалдық немесе географиялық мәселені алсақ, Омбы облысындағы керей руының зерттеушісі Шарипов Кайкеннің мәліметтеріне сүйенуге болады. Ол бойынша, Есболдың ұлы - Сарының ұрпақтары XVI-XVII ғасырларда қазіргі Омбы облысының Черлакский және Таврический аудандарының территориясында Ертіс өзенінің екі жағалауында көшіп жүрді. Келесі топонимика: Байдауыл-Омбы облысының Павлоградский ауданының Тихвинское селосы, Кайсары (Сарының ұлы) - сол аудандағы ауыл оған дәлел бола алады [9, 43 б.].

Осыған байланысты 1820 жылы «Сибирский вестник» журналының беттерінде жазылған Г.Спасскийдің сөзін атап кетуге керек: «...при самом покорении Сибири Российским оружием, киргиз-кайсаки, или по тогдашнему Казачья Орда, обитали, во-первых, от реки Ишима, где ныне город сего имени до Тобола, где город Курган и до речки Тары... после того в начале XVIII столетия киргизы опять показались...» [1, 94 б.].

Бірақ қазақтардың мекен ететін территориясы жөнінде нақты және қызық мәліметтерді «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков» еңбегінің авторы, XVIII ғасырдың екінші жартысында сібір шекаралық шебінде тұрып, әскери қызмет еткен И.Г.Андреев белгілеп жазады: «...о древних границах сего народа по происхождению их с места на место ясно доказать никак не можно... Здесь же заличное сочтено, объявить известное, что границы сего народа, со времени взятия Сибири и по совершенной покорении татар от реки Ишима, где ныне город Ишим, на реку Тобол, где город Курган, и на реку впадающую в Тар, где город Тара. Но в последние времена, по учреждении и заведении Иртышской линии до крепости Усть-Каменогорской, отнесены так же и отграничены в 1752 году Новою линеею от Звериноголовской через Тарскую, Ишимскую и Тобольскую дистанции на Крепость Омскую, то сии киргизы или, по тогдашнему названию, Казачья Орда, отошли далее в степи» [10,47 б.].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Балтабаева К.Н. Батыс Сібірдегі қазақтар мен татарлар (1919-1932). - Алматы, 1992. - 172 б.
- 2 Кабульдинов З.Е. Казахи внутренних губерний России во второй половине XVIII-начале XX веков. – Павлодар, 2002. – 299 с.
- 3 Кабульдинов З.Е. Казахи Омской области: история заселения //Қазақ музейлері. - 2005. - № 1(5), Қаңтар-наурыз.– 41-45 б.
- 4 Кабульдинов З.Е. Казахи России (вторая половина XVIII-начало XX вв.) – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 400 с.
- 5 Катанаев Г.Е. К вопросу о так называемых «земельных захватах» Сибирского казачьего войска. – Омск, 1898. - 19 с.
- 6 Кәпқызы Е. «Отан» саяси партиясының Омбыдағы жүздесулері //Егемен Қазақстан. – 2006. - 18 қазан.
- 7 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. В пяти томах. – А-А., 1961. Т.1.
- 8 Кәрібаев Ш. Сәдуақасовтың ұлдары // Егемен Қазақстан. - 2010. - 29 Мамыр. – 5-7 б.
- 9 Кабульдинов З.Е. Казахи Омской области: история заселения //Қазақ музейлері. - 2005. – № 1 (5), Қаңтар-наурыз. – 41-45 б.
- 10 Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. – Алматы, 1998. – 280 с.



РЕЗЮМЕ

В данной статье автор показывает, что казахи и их предки начали заселять южную часть Западной Сибири с ранних времен, то есть с XIII в. С начала середины XVIII века, после распада государства джунгар, рассматривается «второе» переселение казахов в этот регион. В статье исследуется история строительства города Омска и история заселения его казахами.

RESUME

In this article the author shows that Kazakhs and their ancestors began to settle the southern part of Western Siberia from the earliest times, the 13th century. Since the beginning of the mid-18th century, after the dissolution of the Dzungars' state there was the "second" migration of Kazakhs to this region. The article deals with the history of the construction of the city of Omsk and the history of its settlement by the Kazakhs.



Аннотация

Мақала патша өкіметінің XVIII-XIX ғғ. Қазақстанда казак әскерлерін жасақтау арқылы жүргізген отаршылдық саясатының барысын зерттеуге арналған. Автор әскери-әкімшілік отарлаудың нәтижесінде өлкеде құрылған казак әскерлері қазақ халқын Ресей империясы құрамына түпкілікті қаратып, оны бағынышта ұстаушы негізгі күшке айналғандығын талдап көрсетеді.

Түйін сөздер: Отаршылдық саясат, бекіністер, шекаралық шеп, казак әскерлері, әскери экспансия, Орынбор, Сібір казак әскерлері, Кіші жүз, Орта жүз.

Ж.Р. Абишева

С. Сейфуллин атындағы
ҚазАТУ, т.ғ.к., аға оқытушы

Патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатын жүргізудегі казактардың рөлі

Ұлттық егемендік пен тәуелсіздікке қол жеткізуіміз халқымыздың ұлттық тарихи санасын қайта қалпына келтіріп, әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуы үшін шексіз мүмкіндіктер туғызды. Рухани салада ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту тарихтағы ұлттық проблеманы қайта қарауға негіз қалады.

Кеңес тарихнамасында Қазақстан мен Орта Азия халықтарының Ресей империясының құрамына кіруінің прогрессивті жағы асыра дәріптеліп, отаршылдық сипаты айтылмады. Қазақ жерін жаулап алу мен казактарды ата қонысынан айыру, әскери бекіністер мен тірек нүктелерін салу, орыс-казак әскерлерін орналастыру патша өкіметінің Қазақстандағы әскери-отаршылдық қызметінің басталғандығының айқын бір көрінісі болды. XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталып XIX ғасырдың 70-80 жылдарына дейін созылған Қазақстанның бүкіл дерлік аумағын батысынан шығысына қарай бекіністер, форттар, форпостары бар үздіксіз әскери шептер тізбегі қоршап жатты. Ресей империясындағы 11 казак армиясының 4-і (Орал, Сібір, Орынбор, Жетісу) Қазақстан территориясында құрылып, олар патша өкіметінің даладағы әскери тірегіне айналды [1].

Егер де тарихқа көз жүгіртер болсақ, алысты көздейтін стратегиялық мақсаттағы қазақ даласын әскери-шаруашылық отарлау XVII ғасырда қорғаныс бекеттерін құрудан басталды. Оның алғашқысы 1670 жылы құрылған Ом өзенінің Ертіске құяр сағасындағы Чернолуцкая Слободкасы болды [2]. Бұл қорғаныс бекетінің құрылуы қазақ даласын отарлаудың бастамасы еді.

1713 жылы Сібірдің бірінші губернаторы М.П.Гагарин І Петрге Ертіс бойында бекіністі шептердің тұтас тізбегін салу жоспарын ұсынды. Бекіністер салу мүмкіндігі көрсетілген хабарламаны алған соң, швед флотымен теңіздегі шайқасқа әзірленіп жатқан корабльдермен Кронштадта жүрген І Петр 1714 жылғы 22 мамырда «Алтынды құм бар жерлерді иеленіп алу үшін подполковник И.Д.Бухгольцтің басқаруындағы экспедицияны жабдықтау туралы» Жарлыққа қол қойды [3]. 1715 жылдың шілдесінде құрамында 2797 адамнан тұратын драгундер, солдаттар, офицерлер мен жұмысшылар бар И.Д.Бухгольц отряды жорыққа шықты. 1 қазанда И.Д.Бухгольцтің экспедициясы Ямышев көліне жетіп, сол жерде Ямышевск деп аталатын бекініс салды. Бухгольц экспедициясы аймақта қорғаныс құрылыстарын жүргізгендігі және де 1716 жылдың желтоқсанында Ом өзенінің сағасында Омбы бекінісінің негізін қалағандығы жөніндегі мәліметтерді сібір казачествосының тарихын зерттеуші Г.Е.Катанаевтың еңбектерінен де кездестіруге болады [4].

Өлкені отарлау, оның қыруар байлықтарын игеру міндеттері, керуен саудасын жүргізу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңа аудандарды Ресейге бекітіп алу бекіністер мен тірек нүктелерін үсті-үстіне салып, көшпелі ортамен үнемі қатынас жасауды мейлінше керек етті. Бұл әскери-инженерлік құрылыстардың басты мақсаты оңтүстік-шығыс шекараны, демек, Ресей державасының сыртқы ықпал ету аймағын да кеңейту болып табылады. Бухгольц экспедициясынан кейін де дала өңіріне бірнеше әскери экспедициялар ұйымдастырылып, Железинск, Семей, Өскемен бекіністері салынды. Мәліметтерге сүйенсек, алғашқы кезде өлкені отарлау баяу жүргізілді. Мысалы, 1725 жылы Ертіс бойындағы жеті бекіністе барлығы 489 казак болды [2]. Әрине, 930 километрге созылып жатқан шекараны қорғау үшін бұл казактар аздық етті, сондықтан да 1745 жылға қарай оңтүстік орыс шекараларын қорғау үшін бірқатар жаңа бекіністердің құрылысы жүргізіліп, осы жерге бес жаяу және атты әскер жіберілді [5]. Бұл жағдай өлкені әскери тұрғындармен отарлаудың және біртіндеп орыс шекарасының далаға ішкерлей жылжуының алғашқы қадамы болды.

1734 жылы Сенаттың обер-хатшысы И.К.Кирилловтің Қазақстан мен Орта Азиядағы Ресей иеліктерін нығайту және осы елдермен сауданы дамыту үшін қалалар мен қорғаныс шептерін салу жөніндегі ұсынысын Сенат пен сыртқы істер коллегиясы қабылдады. 1734 жылдың 1 мамырында Сенат жарлығымен И.К.Кириллов басшылық еткен Орынбор экспедициясы құрылды. Кириллов Ор өзенінде шығысқа қарай ішкерлей ерудің тірегіне айналған Орынбор бекінісінің негізін салды. Осы кезден бастап Жайық өзені бойында бірнеше бекініс салынды және оларға Дон, Самара, Еділ және де басқа аймақтардан келген казактар орналастырылды. 1743 жылы патша Жарлығымен Орынбор казак әскерлері ресми түрде бекітіліп, оларға үлкен әскери жалау тапсырылды. Келер жылы Орынбор генерал-губернаторының иелігіне Жайық казактары да бағындырылды. Сол арқылы оған кең-байтақ территорияға билік жүргізудің шексіз иелігі тиді. Ал бұл жерлерде негізінен Кіші және Орта жүз казактары тұратын [6]. 1743 жылы және 1758 жылы патша Жарлығымен Орынбор казактарына көптеген жерлер бөлініп берілді, осыдан кейін олар Жайықтың бүкіл оң жағалауын иемденіп алды. Бірте-бірте Жайық бойы алып әскери аймаққа айналып шыға келді. XIX ғасырдың басында Орынбор казак әскерлері царизмнің даламен шекарасындағы жақсы ұйымдастырылған әскери күшіне айналды. 1803 жылы Орынбор казак әскерлерінің қатары 20 мың адамға дейін көбейді. Орынбор әскери-шекаралық шепте 40 бекініс, фортпост, казак станицалары болды. Саны жағынан Орынбор казактары дондықтар мен кубандықтардан кейінгі үшінші орынға көтерілді. Олар мықты қаруланған болатын және де әр казакта далаға жорыққа шығар кезде қосымша ерткен бір ат, карабин мен екі пистолет, басқа да суық қарулары болды. Қазақтармен шайқаста олар өздерін сенімді ұстады [7].

Міне, осындай қоныстанушылардың салдарынан, Жайық өзені басынан аяғына дейін Ресей мен қазақ даласындағы шекараға айналды. Ал Жайық пен Орынбор казактары



орыстардың Қазақстан мен Орта Азияға жасаған басқыншылық қозғалысының негізгі авангарды болды.

Алғашқы кездерде орынборлық казактар аймақта орыс ықпалын күшейту, шекара мен сауда жолдарын күзету, патша әкімшілігі мен қазақ хандары, сұлтандарымен келіссөздер жүргізу қызметін атқарды. Қазақтар мен патша әкімшілігі арасындағы қарым-қатынас бейбіт жағдайда болды, өзара тиімді шаруашылық және сауда байланыстары жалғасып жатты. Шептегі бекіністер қазақтарды жоңғар басқыншыларынан қорғады. Алайда бірте-бірте орыс казактары тарапынан қазақтарға қарсы ұлттық-отаршылдық езгі басталды. Қазақтар ата-баба жерінен ығыстырыла бастады. Жайық жағалауынан қуылды, өзеннің оң жағына өтуге тыйым салынды, бұл жағдай қазақтардың ашу-ызасын туғызып, бірлескен қазақ топтары казак станицалары мен елді-мекендеріне шабуыл жасап, адамдарын тұтқынға алып, малдарын тартып алып кетіп отырды. Дәл осы кезеңде Жайықты бойлай орналасқан Ресей шекаралық отрядтары бейбіт қазақ ауылдарына жиі шабуылдауды бастады. Өздеріне тыйым жоқ екенін көрген Ресей шекаралық күзет бөлімдері үшін далаға шығып, қазақ ауылдарына шабуыл жасау біртіндеп баю көзіне айналды. Олардың бастамашыл тобы көбінесе Орал казак әскерінің старшиналары болды. М.П.Вяткиннің сөзімен айтсақ, Ресей шекаралық күзетінің барымтасы «отаршылдық тонау нысандарының біріне айналды» [8]. Көптеген малдары мен адамдарынан айырылған казактардың қазақ ауылдарына ерекше қатігез шабуылдары 1761 мен 1763 жж. болды [7, 70-б.]. Сондықтан да болар XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың бірінші жартысы, яғни жүз жыл бойына қазақ халқы отаршылдарға қарсы әділ ұлт-азаттық күресті жүргізді. Қарсыласу қаншалықты күшті болса, қазақ халқын ауыздықтауға соншалықты қатаң шаралар қолданылды. Сонымен бірге аймақты одан әрі отарлау жөнінде ұйымдасқан сипаттағы көптеген іс-шаралар жүргізілді.

XVIII ғасырдың 50-жылдарында Солтүстік Қазақстанда Ресейдің әскери экспансиясына және жаңа жерлерді басып алуына қолайлы жағдай қалыптасты. 1752 жылдың жазында генерал С.В.Киндерманның басшылығымен 11 бекіністен тұратын Новоишим бекіністі шебін салу басталды, оның ең бастысы Есілдегі Петропавл болды. Бекіністі шепті салудың басты мақсаты Үй және Ертіс шебін жалғастыру болатын, соның салдарынан қазақтардан ені 50 шақырымнан 200 шақырымға дейін жететін жер көлемі тартып алынды [9]. Петропавл бекінісі ең мықты бекініс саналды. Онда қару-жарақтың негізгі қоймасы бар еді. Бекіністе жаяу әскер батальонының гарнизоны тұрды. Бекіністен созылған шептерге Дон, Жайық казактарынан құралған 1 мың адам жіберілді. Солтүстік Қазақстан жеріне Сібір казачествосын орнықтыру осылайша басталды. XVIII ғ. 60-70 жж. тағы да бірнеше бекіністер салынып, Горькая, Ертіс, Бұқтырма шекаралық шептері пайда болды. Орыс жағынан қабылданған құжаттарда шептер «көшпелі халықтан қорғану үшін салынды» деп көрсетіледі. Ал тарихи шындыққа жүгінетін болсақ, шептер көшпелілерден қорғану үшін емес, қазақ жерін басып алу үшін құрылғанын байқауға болады.

Бекіністер шебі қазақтардың ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген жайылымдарына шек қойды. Жерден қысым көрген рулар бір-бірімен араздасып, өзара қырқысты. Жердің иесі қазақтарды қыспаққа алу жоспарлы түрде жүзеге аса бастады. Бір жағынан, қазақтардан құнарлы, шұрайлы жерлерді тартып алды. Екінші жағынан, жаңа бекіністерді және оның маңайындағы қоныс тебе бастаған орыс шаруаларын, бекініс гарнизондарын азық-түлікпен, әсіресе астықпен қамтамасыз ету мақсатымен, Сібірден, Ресейдің ішкі губернияларынан шаруаларды қоныстандыру басталды.

1763 жылы Сібір шекаралық шебінің бастығы болып генерал-поручик И.И.Шпрингер тағайындалды. Ол көп ұзамай Сенат пен Әскери Коллегияға 10 атты полктен бес мыңдық біртұтас казак әскерін құрудың қажеттілігі туралы баяндамасын ұсынды. Себебі қазақтар Ертістің сол жағалауына орнығуға бар күшін салса, ал генерал Шпрингер 1765 ж. 31 желтоқсанда бекіністердің комендантарына «қазақтарды Ертістің сол жағалауына 10 шақырымға және Горькой шебінің Өскеменнен бастап

Звериноголовской бекіністерінің бойына дейін жақындатпауға» қатысты арнайы нұсқау берді [7, 96-б]. Осылайша қазақтар бірнеше мың десятина құнарлы жерінен айырылды. 10 шақырымдық шекара аймағы одан да көп шақырымдарға ұласып, қазақтардың мал шаруашылығының жағдайын күрт төмендетті. Шекаралық өкімет орындарының экспансияшыл саясаты қазақтардың наразылығын туғызды, әсіресе Е.И.Пугачев бастаған шаруалар соғысы жылдарында қазақтардың Ресей әкімшілігімен қатынастары шиеленісе түсті. Көптеген қазақтар орыс бекіністеріне шабуыл жасауға қатысты. Сібір шебінің әскери өкімет орындары тұтқынға түскен қазақтарды аяусыз жазалады. Мысалы, Петропавл бекінісінде К.Жақаев дарға асылды, қалған тұтқындарға дүре соғылды және танауларын жырып, таңба салынғаннан кейін Сібірге айдалды. Шептік бекіністер бойындағы толқулар ұзақ уақытқа созылды, көшпелілердің топтары бекіністерге, редуттарға және казак разьездеріне шабуыл жасады [3, 259-б]. Дегенмен Ресейдің әскери экспансиясына қарсы тұруға олардың нақты күштері болмады, сөйтіп жайылымдарынан айырылғанына амалсыз көніп, отаршыл өкімет орындарына ол жерлерде шекаралық орыс әкімшілігі талап ететін белгілі бір жағдайларда көшіп жүруге ара-тұра өтініш жасайтын болды.

1773 жылы II Екатерина патшайымның жарлығымен казактарға жан басына шаққанда 6 десятинадан жер берілді. Бұл шаруаларға берілген жермен салыстырғанда 2,5 есе аз болды. Жердің аз бөліну себебін С.В.Шевченко былайша түсіндіреді: «өкімет казактардың жермен айналысуына қызығушылық танытуынан қорықты, бұл оларды басты міндеті – шекаралық шептерді қорғаудан алаңдатады деп қауіптенді». Осыған байланысты Сенаттың Жарлығында (аудармай, орысша нұсқасын беруді жөн көріп отырмын – Ж.А.) «наделить землею казаков, без такового, однако излишества, которое не могло их по всегдашнему в земледелии упражнению удалять от настоящих по казацкому званию должности» [10], - деп қадап айтылды. Байқап отырғанымыздай, казактардың негізгі қызметі далада тәртіп орнату, қарсылықтарды басу, шекаралық аймақтарды көшпелілерден қорғау екендігін ашық айтпаса да, астарлап жеткізеді.

1808 жылы 19 тамыздағы император I Александрдың Жарлығымен Сібір шептік казак әскері құрылды. Сол жылы 19 қазанда Сібір казак әскерінің бес жүздік құрамы бар 10 атты полктен, төрт резервті эскадроннан және әрқайсысында 12 зеңбірек болатын екі атты зеңбірек ротасынан тұратын штаты бекітілді. Осы штат бойынша Сібір казак әскери шебіне барлығы 5950 казак қызмет атқарды [7, 98-б]. Әскердің штабы Омбыда орналасты, оны атаман басқарды. Әскери атаман өлкенің генерал-губернаторына бағынды.

XIX ғасырдың орта шеніне қарай өлкеде жақсы қаруландырылып, әскери өнерге машықтандырылған үш казак әскері болды. Олар көшпелілерге қарсы әскери күш, патша өкіметінің әскери тірегі және де даладағы ұлт-азаттық қозғалысты басу үшін тұрақты әскердің орнына пайдаланылды. Казак әскерлері сонымен қатар казак халқының сана-сезімін тұншықтыруға, ерік-жігерін жасытуға, орыстандыру саясатын кең құлашпен жүргізуге де ат салысты.

Патша үкіметі көшпелілерді екінші сортты адам ретінде қабылдап, олардың арнамысын таптайтындай әрекеттерге барып, жарлықтар қабылдады. Сөзіміздің дәлелі ретінде 1808 жылы 23 мамырда I Александрдың «қырғыз балаларын сатуға, сатып алуға» рұқсат берген Жарлығын айтсақ та жеткілікті. Өткен ғасырдың бас кезіндегі «Записки Русского Географического Общества» бір басылымында атап көрсеткендей, бұл Жарлық әлі де болса либеральдық заң болды «себебі оны жарияламастан бұрын казактар және басқа да қызметтегі адамдар қырғыздардан олардың әйелдері мен балаларын күштеп алып кететін» [11]. Иә, ащы да болса бұл шындық еді. 1810-1815 жж. Батыс Сібірдің Тобыл, Томск сияқты сауда орталықтарында тірі тауармен сауда кең құлашпен жүргізілді. Сонымен қатар бұл кезде патша үкіметінің дінге ендіру, орыстандыру саясатының әрекет өрісі көлемі жағынан кеңейіп, бүкіл Сібір, Кавказ, Еділ бойы халықтарын тұтас қамтыды. Ендігі кезек қазақтарға, артынша Орта Азиялық халықтарға тиесілі болды. 1808 жылғы



«қырғыз балаларын сатуға, сатып алуға» рұқсат берген Жарлықтан кейін казактар «топ жиып» барып, казак ауылдарына шабуыл жасап, жасөспірім балалар мен қыздарды күштеп алып кетіп отырды. Балаларды шоқындырып, православие шіркеуіне Иса пайғамбардың уағыздары рухында тәрбиеленуге тапсырса, бала тууға қабілетті қыздарды көп жағдайда казактар өздеріне әйелдікке алып отырған. Қаншама казактың қыздары тағдырдың тәлкегімен өз ықтиярыңыз елден жыраққа кетіп, «жаман казактың» құрбаны болды. Сөзіміздің дәлелі ретінде әйгілі орыстың адвокаты Ф.Н.Плеваконың анасының тағдырын айтсақ та жеткілікті. Ресейде атақты адвокат туралы бірнеше кітап жарық көріпті. Онда Плеваконың анасының ұлты казак қызы болғаны анық жазылады. Сондай-ақ Егемен Қазақстан басылымының 2010 жылы 24 ақпандағы санында ғалым М.Мағзумовтың адвокат Плевакоға қатысты мақаласы жарық көрді. Мақалада Плеваконың анасы Екатерина Степановна (азан шақырып қойған аты Өлмесек) Торғай облысы, Қостанай уезі Шұбар болысының №7 ауылында ауқатты отбасында дүниеге келгендігі баяндала келе әкесінің ауылына дұшпандары шабуыл жасаған кезде отағасы дереу киіз үйді жығып, асығыс көшкенде әлі балиғатқа толмаған жалғыз қызы Өлмесек (балалары тұрмағаннан кейін осылай атаған көрінеді) қапылыста жұртта жалғыз қалып қояды. Әке-шешесі де қаракшы жауыздардың қолынан қаза табады. Иен далада жападан жалғыз қаңғып жүріп бір өзен иініндегі елді мекенге жеткенде танымайтын орыс әйелі кездесіп, қыз баланы бауырына басады. Жат жұрттың ортасында тәрбие алған Өлмесек орыс тілін тез үйреніп алады. Бой жеткен шағында кеденшімен бас қосып, үш баланы дүниеге әкеледі.

XIX ғасырдың 30-жылдары патшалық Ресей Қазақстан территориясының едәуір бөліктерін басып алды. Хандық билік жойылғаннан кейін Қазақстанның Ресейге бағынышты аймақтарында Ресейдің саяси-әкімшілік жүйесін енгізуге нақты мүмкіндік туды. 1838 жылы 6 сәуірде Сенат өлкеде отаршылдық саясатты нығайтуға, қазақтардың ішкі өзін-өзі басқаруға шек қойған, далада ресейлік басқару жүйесін енгізуге және де бағынбайтындарға жазалау шараларын қолдануға бағытталған «Сібір қазақтарын жеке басқару туралы Ережені» бекітті [7, 101-б]. Ережеде 1822 жылғы мемлекеттік құрылысты «сібір қазақтары арасына біртіндеп енгізу» үшін құрылған Омбы облысының өз міндетін орындап шыққандығы айтылды. Енді «Сібір қазақтарын шекаралық басқару деген атаумен жеке басқару құрылатыны» жарияланды [12]. Оның орталығы Тобыл губерниясының құрамына кірген Омбы қаласында болды. Омбы облысының өзі таратылды. Шекаралық басқарманың басына полковник М.В.Ладыженский тағайындалды. Ол «сібір қазақтарының шекаралық бастығы» деп аталды. Бұл кезде өлкеде казак халқының ұлт-азаттық күресі өрістей түсіп, белең алған көтерілістерді басу үшін әскер күшін қолдану күшейтілді. Жергілікті әкімшілік орындарға казак халқынан өкілдер сайланды, бірақ та олар іс жүзінде шекаралық бастықтың бақылауында болды. Шекаралық бастық «тәуелсіз қазақтарды жалпы тәртіпке бағынуға көндіру» немесе оларды өзіне бағынышты аумақ шегінен аластау міндеті жүктелді [12, 179-б].

Жергілікті әкімшілік пен казак атамандарының казак халқына көрсеткен қиянаты мен қысымы шексіз болды. Халықтың қиын жағдайын көрген казак атамандары әскери жерлерді көшпелілерге жалға берді. Жыл сайынғы 3 руб. көлеміндегі мемлекеттік түтін салығынан бөлек казактар казактарға әскери территория арқылы малдарын айдап өткені үшін де төледі. Казактардың қарамағына өткен жерлерде малдарын қыстап шығару үшін казактар әр бас жылқыға 30 тиын, ірі қараға 12 тиын, ұсақ малға 3 тиын төледі. Кіші және Орта жүз қазақтарының саяси дербестігін жоюмен бір мезгілде құнарлы жерлерді тартып алып, оған орыс казактарын орналастыру жоспарлы түрде жүргізілді. Мәселен, Орта жүзде «Ертіс өзенін бойлай, Алтай өлкесін қамти» жайылымға, балық аулайтын жерлерге, суға бай, ені он шақырымдық ұзына-ұзақ алқап казактардың қоныстануына берілді. Әскери топограф Какулиннің есебі бойынша тек 1829 жылы ғана орыс казактарына Ертіс бойынан, Өскеменнен Омбыға дейінгі 15000 шаршы шақырым жер алынып берілді.

Өз жерінен айырылған қазақтардың жағдайы туралы көзімен көрген бір адам былай деп жазған: «Қазақтар мен қырғыздар қоян-қолтық тұрады. Ертістен 10 шақырым бүкіл жағалау қазақтарға берілді; одан әрі далаға тереңдеп енген сайын олардың иелігіне көше береді, сөйтіп қырғыздар жиі- жиі Танталдың күйін кешті: су қақ жанында, бірақ ішуіне болмайды, сондай-ақ балық та аулай алмайды» [13]. Бұл саясат қазақ халқын шексіз қанауға, тонауға, қайыршылыққа ұрындырды, жағдайы жоқ қазақтардың өз балаларын қазақтарға сатуға, ал кейбір жағдайларда христиан дінін қабылдап, шоқынуға итермеледі. Халықтың ғасырлық көшіп-қонып жүрген маршруттары тұйықталды, шектелді. Енді қазақ тайпа емес, ауыл шеңберінде ғана көше алатын жағдайға душар болды. Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық өзінің өрісінен айырылды. Халықтың ауыр жағдайы, бұрынғы тәуелсіздігінен, жерінен айырылуы, дәстүрлі шаруашылықтағы дағдарыс пен дәстүрлі басқару жүйесінің жойылуы XIX ғасырдың 20-40 жылдары қазақ халқының заңды ұлт-азаттық көтерілістеріне алып келді. Бұл алдымен Орта жүзде басталып, кейіннен үш жүздің халқын түгел қамтыды. Үш жүздің территориясын шарпыған, атасы Абылайдың тұсындағы хандық билікті қалпына келтіремін деп күрескен, әкесі Қасымның жолын қуған хан Кене бастаған ұлт-азаттық қозғалысты атап өтсек те жеткілікті. Міне, осы қозғалыспен күресте тұрақты әскерлердің орнына пайдаланылған казак әскерлерінің рөлі ерекше болды. Ал хан Кенесары бастаған қозғалыстың барысы мен қорытындысы қалай болды, ол басқа бір мақаламыздың тақырыбының арқауы болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Большая советская энциклопедия. Т. II. - Москва, 1973. - 175-177-бб.
- 2 Остафьев В. Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве // Записи Западно-Сибирского отдела ИРГО. – Омск, 1895. - Кн. XVIII. 3-б.
- 3 Қазақстан тарихы. Т. III. - А, 2002. - 151-б.
- 4 Катанаев Г.Е. Краткий исторический обзор службы Сибирского казачьего войска с 1582 по 1908 гг. - Омск, 1908. - 19-20-бб.
- 5 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. - Санкт-Петербург, 1903. Книга XVIII. - Киргизский край. - 152-б.
- 6 Селиванская Л.А. Экономическое положение и социальная дифференциация Оренбургского казачества в конце XIX – начале XX веков. - М., 1962. - 265-267-бб.
- 7 Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана. - Алматы, 1994. - 71-б.
- 8 Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. - М., 1941. - 170-б.
- 9 Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. - М., 1980. - 72-б.
- 10 Шевченко С.В. Развитие земледелия среди казаков Западной Сибири в первой четверти XIX в. // Казаки Урала и Сибири в XVII-XIX вв.: Сборник научных трудов. – Екатеринбург: изд. УрО РАН, Институт истории и археологии. 1993. - 97-98 бб.
- 11 Царская колонизация в Казахстане (по материалам периодической печати XIX века). Составил Ф.М.Оразов. – Алматы, 1995. - 6-б.
- 12 Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1. - А., 1960. - 178-б.
- 13 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. - Алматы, 1994. - 133-б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается роль и место казачества в истории колониальной политики Российской империи в крае.

RESUME

In the article the role and place of cossacks in the history of colonial policy of the Russian Empire in the region is considered.



Н.С. Лапин

Институт истории государства
КН МОН РК, к.и.н.

Численность казахов в позднее средневековье и раннее новое время в современной казахстанской историографии

Аннотация

В статье раскрывается вопрос о численности казахского населения в позднее средневековье и раннее новое время (XVII-XVIII). Автором проведен анализ демографических данных в работах современных казахстанских историков, определена динамика численности, ее особенности и выделены историографические группы по данному вопросу.

Ключевые слова: историческая демография, численность казахов, позднее средневековье, новое время, динамика численности, население.

На сегодняшний день историками создан ряд работ, частью уже ставших классическими, которые посвящены вопросам исторической демографии Казахстана. Среди специалистов известны работы Н.Е. Бекмахановой, Н.В.Алексеевко, А.Н. Алексеевко, М.Х. Асылбекова, В.В. Козиной, М.Б. Татимова, А.Б. Галиева и др. Однако большинство существующих работ тематически ограничиваются исследованием вопроса периода двадцатого и второй половины девятнадцатого века, весьма редко углубляясь в более ранний период. Это связано с тем, что массив статистических источников по численности населения и тем более по другим демографическим характеристикам населения казахских степей начинает накапливаться только со второй половины или даже с конца девятнадцатого столетия.

Несмотря на то, что практически нет отдельных исследований, специально посвященных динамике численности казахов за весь обозначенный период, в исторических трудах, исследующих те или иные аспекты истории казахов, встречаются демографические данные. Так, в опубликованном втором томе академического издания «Истории Казахстана» в 1997 г. один из параграфов, написанный М.С.Муқановым, содержит сведения об общей численности казахов в конце XVIII в. В самом конце параграфа, посвященного истории происхождения казахских жузов и формирования этнической территории казахов, М.С. Муқанов ставит вопрос: «Какова же численность казахов в конце XVIII века со времени великого бедствия?» [1, с. 306].

Осы тұста «тарихи тұлға» дегеніміз кім? деген заңды сұрақтың туары анық. Бұл ұғым жайында ғалым Қ. Әбдезұлы «Тарих және тағдыр» атты зерттеу еңбегінде: «Ең алдымен, тұлға деген ұғым – тарихи өлшем. Яғни, тарихи тұрғыдан ел үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекеттерге барған, немесе аса жауапты тарихи

сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған» [7, 158 б.], – дейді. Демек, тарихи тұлғаға арнап шығарма жазу – ақынның биік интеллектін, терең танымы мен биік парасатын байқататын күрделі процесс.

Аталған поэмалардағы негізгі мәселе бір адамның тағдыры емес, еркіндікті, азаттықты аңсаған шығармашылық адамына ортақ тағдыр. Мұндағы әнші Майра, ақын Сара, Шығыстың қос шынары Әлия, Мәншүктер солардың жиынтық образы. Ақынның Сара ақынға арнаған «*Сайраған Жетісудың бұлбұлымын*» сөзімізге дәлел. Осы тұста Ф.Оңғарсынова неге Сара, Майра, Ақан, т.б. сынды өнер иелерін поэзиясына арқау етеді, бұл тақырыпқа баруының себебі неде деген сұрақтарға жауап іздестіріп көрелік. Ең алдымен, жастайынан ауыз әдебиетінің маржанынан қанып ішкен ақын содан алған әсерін, көріп-біліп, көкірегіне түйгендерін өз шығармашылығына орнымен пайдалана білген. «...Менің ерекше сүйіп оқитыным «Біржан мен Сара қыздың айтысы» еді. ...Әйел заты ер-азаматқа тура қарап тұрып өзінің ой-пікірін, мүмкіндігін ашық айтуына болады екен-ау, деген ой – ұшығын кеудеме түсірген де Сара апамыздың осы айтысы» – деген еді Ф. Оңғарсынова бұл жөнінде «Сұхбаттар» атты естелігінде [1, 160 б.].

Арман-жолда шың-құздар өріндегі,

Адастырмай албырттау көңіл мені.

Жалқы темірқазығым – Махамбет те,

Жыр – Шолпаным өзіңсің көгімдегі [3, 7 б.], – деген ақын: «...Жаратылыс берген сәуленің үлкен алауға айналуы үшін алдында теңіздегі маяктай алыстан болса да жарқыраған бір үлгілер болуы қажет-ақ. Өнердегі ұстаздық деген сол. Мен үшін Сара апамыз сондай шамшырақ болған еді. Менің рухани ұстазым – Сара. Бұл шығармаларды анам да ұнататын, мен қанша оқысам да, анам жалықпай, сүйсіне тыңдайтын» [1, 329 б.], – дейді ақын. Яғни, ақынның бұл тақырыпқа келуі кездейсоқтық емес. Өнерге деген құштарлық ақын бойына ана сүтімен дарыған талант болса керек. Талант – күрделі құбылыс. Орыс әдебиетінің теориясын зерттеуші Н.А. Гуляев талант жөнінде: «Бұл – ең алдымен қаламгер еңбегінің эстетикалық талғамын, әдеби шығарманың эмоционалды-көркемдік ерекшелігін, адамның қабілет-қарымын қамтитын шығармашылық кешен», – дейді [4, 106 б.]. Ф. Оңғарсынованың поэзиясындағы қазақ әйелдерінің суреттелуінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның «әйелдері» әр дәуірдің, әр кезеңнің өкілдері болып келгенімен, олар іштей өзара бір-бірімен біртұтастық табады. Ол тұтастық – олардың мінездерінен байқалады. Сараны өзінің өнердегі ұстазына айналдырған ақын «Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен, Сендік тағдыр менің де тағдырымдай», – дей келе өткелі көп өлең өлкесінде өз өмірі мен кейіпкерінің өміріндегі ұқсастықты аңғартады. Ақынның лирикалық кейіпкер – әйелдерін үнемі бір кейіпте көру мүмкін емес. Олар өз басының тыныштығын ғана ойлап, бір сарынды өмірді ұнататын, бейғам жандар емес. Қажет кезінде қолына қару да алатын, дауды шешер билік те айтатын өресі кең, өр мінез иелері.

Ф. Оңғарсынованың «*Тартады бозбаланы магнитім*» поэмасы қазақтың тұңғыш әнші қыздарының бірі, әрі кәсіби әншілік деңгейіне дейін көтерілген майталманы – Майра Уәлиқызына арналады. Ақын Майраның өмір жолымен қоса әншілік тағдырын айқын көрсету арқылы сол заманның әлеуметтік тынысын да танытады. Поэманың бас кейіпкері – әнші Майра Уәлиқызын қазақ өнерін зерттеген музыкатанушы-ғалым А.В. Затаевич «Қазақтың әнші әйелдерінің ішіндегі ең үздігі» деп бағалаған. М. Уәлиқызының өмірі мен өнер жолын жан-жақты қарастырған З. Дүкенбаева: «Біріншіден, Майра қазақ әнінің мазмұнына, түріне бірталай жаңалық енгізді, екіншіден, елге таңсық гармонды пайдаланды, үшіншіден, өнерге европалық өзгерістер әкелді, төртіншіден, ол қазақ әндерімен қоса татар, орыс әндерін көп салды» [5, 66 б.], – деп әншінің өзіндік ерекшеліктерін саралап көрсетеді. Майраның сырт пішіні, кескін-келбеті поэмада бейнеленбейді, Майраның әншілігінен гөрі өжет, өр мінезімен, күрескерлік қасиеттері



басымырақ суреттеледі. Майраның сезім–толқыныстарын өз аузымен яғни, монолог тәсілі арқылы айтқызу.

Шырқайын – сазды сарнай досым қайда?!

Әндетсем, қыз-бозбала қосылмай ма?!

Думанның бозбаласыз қызығы жоқ

өртейн, өртенейін осындайда! [3, 20 б.] –

дейтін Майра – ақылды, тапқыр, әнші қыз. Гармонмен шырқап ән салатын ойын-сауықтың көркі, той–думанның сәні. Бірақ, оның мұндай қасиетін тоғышар жандар түсінбейді. Ғалым М. Числов поэмаға «Қоғамның рухани өмірінің маңызды мәселелеріне және оларды әмбебап шешуге арналған синтетикалық жанр», – деген анықтама берген болатын [6, 12 б.]. Ф. Оңғарсынова поэма жанрының табиғатын бұзбай, сол жанр шеңберіне сыйғыза отырып, әнші Майраның бейнесін әр қырынан тереңірек көрсетуді көркемдік мақсат еткен. Поэмада нақты дерекке құрылған цифрлар жоқ. Негізгі кейіпкер – Майраның тарихта болғандығы белгілі болғандықтан, автор көбінесе кейіпкерінің ішкі жан-дүниесі, сөздері арқылы қоғам сырын ашуға талаптанған.

Поэманың өз миссиясын орындауда жалғыз ғана сезімге иек арта алмасы белгілі. Бұл жөнінде өзінің мақаласында В. Кубилюстің былай дегені бар еді: «Егер өлеңге бір ғана эмоция жеткілікті болса, поэмаға өмірлік бай тәжірибе, адами мінез, процесс керек. Өлең ой, көңіл-күй ағымына құрылса, поэмаға мінез бен идея бірлігінен бөлек ең негізгі құрылымдық элемент – типтік образ тән» [7, 71 б.]. Поэманың «Ертіп келген жігітін ауылдастарына таныстыруы» дейтін тарауында әнші қыз – Майраның образы өзінің табиғатында бар еркелігімен, арманшылдығымен қоса батылдығымен ерекшелене көрінеді. «Ертіп келдім, сүйдім де, басқа ауылдан, Іздеп табар сыңарын қырандар да!», – деп сүйгенін ауылына ертіп әкелген Майраның бұл әрекеті – өзі өмір сүріп отырған заманы үшін жат, масқара қылық болып есептелетін-ді. Алайда, автордың осындай кедергілерге қарамастан, лирикалық кейіпкерін әлгіндей әрекеттерге апаруының астарында недей сыр бар десек, әңгіме мінезге келіп тіреледі. Жәй мінез емес, жасындай өткір Мінез жатыр!

Айыптама, ағайын, ессіз деме,

Жалын кештім, білмеймін, кештім неге...

Қажет емес қалың мал, қысырағы –

Сезімімді сатпаймын ешкімге де! [3, 28 б.] –

деген Майраның сөздері арқылы заман шындығынан мол хабар беріліп, бүкіл бір дәуірдің жанды көрінісі жасалады. Фариза кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесіндегі өзгерістерді, толқуларды танытатын психологиялық иірімдерді береді. Ф. Оңғарсынованың өмірде болған тарихи әйел тұлғаға арнаған поэмаларының келесі бірі – «Дыбыстар әлемі» поэмасы. Бұл поэмасын ақынның өзі ҚазССР-ның халық артисі, композитор Ғ.Жұбанова туралы толғаныс-кантата деп атапты. Кантата сөзіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Жеке әншілер мен ансамбль, хор үшін арналған көлемді шығарма» [8, 76 б.], ал , «Әдебиеттану терминдер сөздігінде»: «Кантата – салтанатты, жоғары пәрменді леппен жазылған өлең, лирикалық поэма. Белгілі бір оқиғаға, кезеңге, атақты адамға арнап жазылады» [9, 173 б.], – деген анықтама ұсынылған.

Ақынның тарихи тақырыпқа арналған көптеген өзге поэмалары сияқты мұнда да нақты Ғ. Жұбанова туралы ештеңе айтылмайды, өмірбаяндық деректер де кездеспейді. Тек қана поэманың «Трамбон» тарауындағы: «Әкенің алғаш әні, енді мендік әуенмен жалғасады!», «Ертеңдерге мәңгілік жалғар жаным, әкенің армандарын», деген жыр жолдарынан лирикалық кейіпкер – Ғ. Жұбанованың әкесі атақты композитор А. Жұбановқа қатысты шын сырын байқағандай боламыз. Поэмадағы алдыңғы орынға лирикалық кейіпкердің ішкі жан толқыныстары шығып, олар дыбыстар әлемімен қатар сипатталады. Осыған қарап «Дыбыстар әлемін» тарихи тұлғаға арналған өнер тақырыбындағы лиро-философиялық поэма деп атау орынды сияқты. Поэманың әр

тарауының аттары түрлі музыкалық аспап, терминдермен аталып, оркестр, скрипка, литавра, трамбон, гобой, флейта, кларнет түрінде келеді. Поэманы лиро-философиялық деп атауымыздың себебі: музыкалық аспаптың үнімен өмір үні, заман сыры нәзік қылмен жалғасқандай бірлікте өрілген. «Поэмада адам атаулы қатыспайды деуге де болады. Ал, сол адам адамзат атынан оркестрге бірігіп, әртүрлі аспаптар үнімен сарнайды, сыр шертеді, тіпті адамша тілдеседі. Бұл – ақын қолданған өте табысты поэтикалық әдіс» [10, 59 б.].

Әлем-дыбыс, дыбыстар, сан дыбыстар...

Сан дыбыстар – тіршілік, жаңғырыстар:

Түн, ғашықтар, көк аспан, найзағайлар,

Гүл көктем, қарлы қыстар;

Жанартау, жарылыстар,

Жылау бар, сағыныш бар... [11, 293 б.].

Өмірдің өзі де ән сияқты, бірде мұңлы, болса, енді бірде шат-шадыман, шаттыққа толы. Соған орай, поэманың басым бөлігі синоним мен антонимдерден тұрады. Ақын біріншіден, өмірдің қарама-қайшылықтардан құралып, ақ пен қараның үнемі алмасып келіп отыратындығын аңғартса, екіншіден, аспаптардан шығатын әртүрлі дыбыстар әлемінен өмір сырын сезуге болатынын білдіреді. Музыка тілі жалпыға ортақ, ол нәсілге, жынысқа, жасқа қарамайды. Оны тек көкірек көзімен ұғына білсең болғаны. Ондағы ырғақ пен ұйқас та өмірден алынады. Поэмадағы ақын шеберлігінің бір сыры сонда – әр тараудағы ырғақтарға орай лирикалық қаһарманның да сезім иірімдері өзгеріп, көңіл-күй әуені күйсандық үнімен астасып отырады. Осы тұста В. Кубилюстің: «Поэма авторы симфония партитурасын жазатын композитор іспеттес», – дейтін пікірі еске түседі [7, 78 б.] Байқап қарасақ, поэманың тарауларының түрлі музыкалық аспаптардың атымен аталуында да мән бар. Поэма тарауларының музыкалық терминмен келуі, я болмаса, айтар ой, ақындық идеяны қандай да бір музыкалық аспаптың үнімен беру – бұрын-соңды қазақ поэмаларынан байқала қоймаған үрдіс.

Ф. Оңғарсынованың «*Тыңдаңдар, тірі адамдар!*» атты поэмасы қазақтың батыр қыздары – Әлия мен Мәншүкке арналады. Ақын еркін көркемдік форма, шарттылық тәсілімен қос боздақтың рухын сөйлету, қазіргі ұрпақпен тілдестіру арқылы жаңа эстетикалық игілік жасаған. Ақын ішкі монологтың бір элементі болып табылатын еске алу, лирикалық шегініс пайдаланыла отырып, негізгі әңгімені лирикалық кейіпкерлердің жан толғаныстарымен байланыста өреді. «Әдебиеттанудағы еске алу тәсілінің өзіне тән формалық, көркемдік қызметінің өзі адам санасының бір түкпірінде тығылып қалған әртүрлі әсерлердің, ұғым-сенімнің, белгілі бір оқиға-бейнелердің ойға оралуынан ішкі жан әлемінде бір-біріне тәуелсіз, өзара сабақтас сезімдердің тууына себеп болары сөзсіз. Яғни, тұңғыш ойға берілудің алғашқы баспалдағы да» [12, 41 б.]. Ақын осылай деп өткен күнге ой жүгірткен лирикалық кейіпкерлері мен бүгінгі дәуір ұрпақтарын тілдестіру арқылы соғыс шындығын берудің өзгеше тәсіліне жүгінеді. Ақынның лирикалық кейіпкерлері:

...Нәзік жыныс құштар ғой білуге әлі,

өр мінез боп кетпесе бүгін бәрі –

шақырамын сені ашық әңгімеге –

өлгенге үкім жүрмейді – ол заң біле ме?! –

деп бейбіт күннің адамдарын ашық пікір алаңына шақырады. Ақынның өлілерге тірілерді сұхбатқа, өзара әңгімеге шақыртуын поэма мазмұнын ашып, эстетикалық қуатын арттыра түсірудегі ақындық қиялдан туындаған тәсіл деп түсінген жөн. Қиялдың шығарма ажарын арттырудағы өзгеше қызметі жөнінде орыс ғалымы Н.А. Гуляев: «...Шығармашылық дарындылықтың маңызды белгісі – адамда әдеби процестегі басты күштің бірі көркем қиялдың болуы» [4, 107 б.], – десе, ғалым З. Қабдолов: «Творчестволық фантазия. Бақылап білген, сезген шындықты кең өріске шығаратын қанатты творчестволық қиял – таланттың серігі» [13, 12 б.], – дейді. Поэманың бүкіл сюжеттік желісі, құрылымы Әлия



мен Мәншүктің ой-толғаныстары, ішкі монологтарымен дамып, сол арқылы өрбиді. Мұндағы екі кейіпкер – Әлия мен Мәншүктің монологтары кезектесіп келмей, “қос ішектен шығатын бір үн болып” қатар тіл қатады. Өзінің ақындық тәжірибесінде, яғни өлең өрімінде монологты сәтті қолданып келген Ф. Оңғарсынова аталған поэмасында да осы әдісті орынды пайдалана білген.

Қарапайым жұртқа түсініксіздеу ақын жанының арпалысын, ақындардың өзі тілмен айтып жеткізе алмас азап пен рахатқа толы ақындық тағдырды Фариза осылайша асқақ идеяға айналдырады. Ақындық тағдырдан бөлек, сан қатпарлы әйел жанының да иірімдеріне бойлай түседі. Ақын көзінен қалыс, қаламынан қалтарыста қалған әйел-ана, қыз-келіншек тақырыбы жоққа тән болуы керек. «Әйел тақырыбын жырламаған қазақта ақын жоқ, алайда Фариза ақындай беріле толғаған ақын сирек екені және шындық» [15, 172 б.] екендігіне тағы бір көз жеткіземіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз // Мақала, эссе, повестер. – Алматы: Жазушы, 1990. – Б. 125-127.
- 2 Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 208 б.
- 3 Оңғарсынова Ф. Өлеңдер / Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1987. – Т 2. – 366 б.
- 4 Гуляев Н.А. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 1985. – 288 с.
- 5 Дүкенбаева З. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941жж). – Алматы: Ғылым, 2003. – 329 б.
- 6 Числов М. Время зрелости – пора поэмы. – М.: Советский писатель, 1982. – 406 с.
- 7 Кубилюс В. Новые пути поэмы // Вопросы литературы. – 1962. – №1. – С. 22–23.
- 8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Ред. Бас. І. Кеңесбаев. – Алматы: Ғылым, 1979. – Т 10. – 345 б.
- 9 Әдебиеттану терминдер сөздігі / Құраст: З. Ахметов. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 240 б.
- 10 Аяпбергенұлы Р. Ф. Оңғарсынованың “Ақбөбек жырлары”, “Дыбыстар әлемі”, “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” поэмасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – №3. – Б. 61-67.
- 11 Оңғарсынова Ф. Өлеңдер // Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1987. – Т 1. – Б. 160-161.
- 12 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
- 13 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 14 Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері. – Алматы: М.Әуезов ат. ӘжӨИ, 2001. – 220 б.
- 15 Мүтитегі З.Ф. Оңғарсынованың лирикасы: Филол. Ғыл. Канд. Дис.: 10.01.02. – Алматы, 2000. – Б. 87–88.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается идейно-тематический характер поэм Ф. Унгарсыновой, раскрывается роль и место поэтессы в казахской литературе, значение поэм с исторической тематикой.

RESUME

In the article the author considers the ideological thematic character of F.Ungarsynova's poems and explains the role and place of the poetess in Kazakh literature and the significance of poems based on historical themes.

УДК 83 (092)

А.А. Корабаева

Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза,
к.ф.н., доцент

**Об отражении
национально-
культурных
слов-реалий
в художественном
переводе****Аннотация**

В данной статье представлено определение лингвистическому термину «реалия», обозначена функциональность этой своеобразной категории слов как необходимых составляющих для передачи национального своеобразия текста на разных языках. Автор проводит семантический анализ понятия «реалия», сравнивая его с другими терминами, встречающимися в переводоведении. В рамках данной статьи рассмотрены особенности передачи национально-культурных и исторических реалий на материале перевода трилогии А. Нурпеисова «Кровь и пот» на русский и немецкий языки.

Ключевые слова: реалия, национальная специфика, национально-культурные слова-реалии, сравнительно-сопоставительный анализ, исторический и национальный колорит, адекватные лексические аналоги.

Реалии – это слова и словосочетания, называющие объекты, характерные для жизни (быта, культуры, социального и исторического развития) одного народа и чуждые другому. Они являются носителями национального и исторического колорита и не имеют, как правило, точных соответствий (эквивалентов) в других языках.

В области изучения слов-реалий современное переводоведение располагает достаточно богатым теоретическим материалом. Фундаментальным исследованием является работа С. Влахова и С.Флорина «Непереводимое в переводе», в которой впервые была предпринята попытка определения сущности и содержания понятия «реалий». Авторами вышеуказанной работы разрабатываются теоретические основы художественного перевода, дается классификация способов перевода национальных слов-реалий с одного языка на другой. По определению теоретиков перевода, реалиями называются «слова (и словосочетания) народного языка, представляющие собой наименования предметов, понятий, явлений, характерных для географической среды, культуры, материального быта и общественно-исторических особенностей народа, нации, страны, племени, и являющиеся, таким образом, носителями национального, местного и исторического колорита; точных соответствий



на других языках такие слова не имеют» [1, с.438].

Качественное отличие художественного перевода заключается в том, что он имеет дело с языком не только в его коммуникативной функции, но и эстетической. Соответственно, перевод произведений художественной литературы требует от переводчика умения воссоздавать для своего читателя не только идейно-художественное содержание переводимого произведения, но и эстетическую форму подлинника. Переводчику приходится решать одновременно две взаимоисключающие задачи, с одной стороны, он должен сделать перевод понятным для читателя и сохранить его национальную специфику; с другой стороны, воспроизвести все предметы национального быта и не перегружать читателя непонятными деталями.

В художественной литературе реалии встречаются наиболее часто и, в известной степени, составляют элементы местного и исторического колорита. В процессе перевода с одного языка на другой они вызывают наибольшие трудности, связанные, главным образом, с отсутствием в языке перевода лексического эквивалента данных реалий.

Национально-культурные слова-реалии, включенные в художественное произведение, выполняют важную информативную, культурно-познавательную и эстетическую функции, выявляют субстрат национальной культуры, в частности, литературы. В них запечатлеваются не только исторические события, явления духовной культуры, но, прежде всего, национальное мировосприятие, способ видения мира, понимания и осмысления действительности.

Как показывает практика, в казахской художественной прозе встречается огромное количество ситуативных реалий, которым нет аналогов в культуре другого народа. При игнорировании слов-реалий и неправильном выборе эквивалента в процессе перевода теряется острота восприятия национально-исторической действительности и, соответственно, утрачивается читательский интерес к произведению. Задача переводчика состоит в том, чтобы найти такие языковые средства, которые способствовали бы преодолению языкового барьера и пониманию иноязычным читателем, незнакомым с кочевой жизнью, всего богатства и многообразия материального и духовного мира казахского народа, его самобытности и неповторимого колорита степного ландшафта.

Г.К. Бельгер предлагает следующее правило передачи казахских национальных слов-реалий в переводе.

а) При каждом переводе произведений и книг не следует давать комментарий казахским словам типа: айран, кымыз, қазан, ауыл, шапан.

б) Не нужно искать эквиваленты к словам, значения которых легко определяются в контексте.

в) Термины, слова-реалии в основном бывают однозначными, но некоторые казахские слова-реалии имеют несколько значений. Так, например: казахское слово «шаңырақ» на русском языке передает следующие понятия - «основа юрты», «потолочный круг», «дымовое отверстие», «кольцо, соединяющее ууки», «купол», «очаг», «священный кров», «дом», «опора, «святыня». В подобных случаях потенциальной многозначности встретившейся в переводимом предложении слова, обозначающего реалию, перевод должен осуществляться с учетом конкретного его смысла в контексте.

В рамках данной статьи рассмотрены особенности передачи национально-культурных и исторических реалий на материале перевода трилогии А. Нурпеисова «Кровь и пот» на русский и немецкий языки. Произведение А. Нурпеисова отличается многочисленностью и разнообразием специфической лексики, тесно связанной с национальным и историческим колоритом бытования казахского народа.

Например: «Рай мен Дос табытта жатқан баланың бетін жауып екеулеп көтеріп, оң босағаға қойып еді» [3, 30 б].

«Она увидела, как они накрыли ее сына белым саваном и молча перенесли его к правой стенке» [4, с.33].



ұрттады да қайырып берді. Бастың шайыры сіңген тымақтың ішінде танау қағып, терлеп жатқан сәбиді көргенде, аяныш қысқан жүрегі аузына тығылды: «О, пақыр!... О, сор маңдай балапан!...» [3,126].

«Кален вошел в юрту. Старуха Суйеу была одна, Кален поздоровался с ней и осмотрелся. Шеше, где же ребенок? Вон висит в дедовском тумаке. Кален хмуро выпил кумыс, потом встал, снял с кереге тумак. В пропитанном потом старом тумаке лежал красный вспотевший ребенок. Сердце у Калена сжалось, в глазах защипало. «Ах ты, несчастный птенчик!» - подумал он. [20,с. 130].

«Kalen trat in die Jurte. Sujeus Frau war allein. Kalen begrüsste sie und sah sich um. An einem Trdger der rechten Wand hing über einem Holzbett eine grosse Lammfellmütze. Wieder sah sich Kalen in der Jurte um und wurde unruhig.

«Schesche, wo ist das Kind?»

Dort in Grossvaters Pelzmütze liegt er.

Kalens Miene hellte sich auf.

Missmutig trank Kalen den Kumys aus. Dann stand er auf und nahm die schweissgetränkte, alte Lammfellmütze von der Wand. Darin lag das Kind, rot und verschwitzt. Kalens Herz zog sich schmerzlich zusammen. Ach, du unglückliches Vögelchen! dachte er. [21, S. 240].

Надо признать переводы слов-реалий, обозначающих национальные приметы из вышеприведенного казахоязычного отрывка на русский и немецкий языки, в равной мере удачными. Переводчикам на обоих языках, русском и немецком, удалось адекватно передать психологическое состояние персонажа при виде беспомощного человеческого существа, шевелящегося в дедовском головном уборе.

Переводчики предпочли дать пояснения по поводу сути древней национальной приметы вне основного художественного текста в сноске.

В самом художественном переводном тексте на русском языке слова-реалии «тымақ», «кереге» переводчик оставил на языке подлинника. Например, «тымақ» в русском переводе дается с дополнительными пояснениями, наводящими на то, что речь идет о головном уборе: «большой, старый мерлушковый тумак». В немецком переводе слово «тымақ» замещается описательными словосочетаниями. В одном случае «Eine grosse Lammfellmütze», передающем смысл имеющегося в в русском переводе описания «большой, старый мерлушковый тумак», в другом случае «Pelzmütze» – «кожаный тумак», в третьем предложении «alte Lammfellmütze – «старый мерлушковый тумак». Переводчики и на русский, и на немецкий языки добавили от себя определения к слову, имеющему значение реалия.

Теперь о слове «ағарған» в подлиннике. В переводе на русский и немецкий языки мы видим вместо этого слова «кумыс». Г.Бельгер своей книге «Гармония духа» дает достаточно подробное толкование понятия «ағарған», попутно четко отделяя от этого понятия слово «кумыс»: «Из коровьего молока готовят «ағарған» - «белую пищу»: айран, қатық, қаймақ, кілегей, іркіт, сарысу, шалап, уыз, қойыртпақ, сірне, ірімшік, егіжей, құрт, сықпа, сүзбе, таскорық; из кобыльего молока – «қымыз», из верблюжьего; «шұбат», «қымыран» [6, 137]. Автор книги констатирует, что ни на русском, ни на немецком языках невозможно найти все адекватные перечисленных им названий молочных изделий. Следовательно, резюмирует Г.Бельгер, ничего, кроме описательного, разъяснительно перевода, в таких случаях не придумаешь. И это открытие исследователя поражает [6, 137]. Ясно одно, герой трилогии Кален пил не кумыс, а напиток, изготовленный из коровьего молока.

Результаты сопоставительного анализа трилогии А. Нурпеисова «Кровь и пот» и его перевода на русский и немецкий языки показали:

- Русский перевод требует незначительных поправок, а в немецком переводе повторяются ошибки русского перевода.

- Русский и немецкий переводчики, в целом, пытались передать национальный колорит трилогии, максимально сохраняя формы национальных реалий с последующими пояснениями, комментариями в сносках, а также в ходе повествования. При передаче слов и понятий, отражающих специфику быта казахов, переводчики снабжали их комментариями, адресованными иноговорящему читателю. В немецком переводе данные комментарии оказываются недостаточными.

В целом, в переводах трилогии национальные реалии даются, как правило, в самих текстах переводов без изменения лексической формы, с незначительной фонетико-грамматической адаптацией к переводящему языку, в конце переведенных текстов отсутствуют хотя бы краткие толкования этих приведенных слов-реалий. Если некоторые из этих реалий как-то объяснялись в сносках или их смысл так или иначе прояснялся в тексте, то следует также констатировать, что другой ряд слов-реалий остался без перевода и толкования вообще.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. - М., 1986. – 438с.
- 2 Бельгер Г.К. Мұнар тау. – Алматы: Өлке, 2006. -166 б.
- 3 Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. – Алматы: Жазушы, 1991.
- 4 Нурпейсов А. Кровь и пот. – Алматы: Жазушы, 1980 (Авторизированный перевод с казахского Ю. Казакова).
- 5 Nurpeisow A. Morgendmmerung. – Berlin: Aufbau-Verlag Berlin und Weimar, 1971 (Deutsch von Wilhelm Plackmeyer).
- 6 Бельгер Г.К. Гармония духа. – Москва: «Русская книга», 2003.

ТҮЙІН

Бұл мақалада "реалия" лингвистикалық терминіне анықтама берілді, әрі осы ерекше сөздер категориясының қызметі әр тілдегі мәтіннің өзіндік ұлттық ерекшелігін беретін қажетті құрамы ретінде белгіленген. Автор "реалия" ұғымын аударматануда кездесетін басқа терминдермен салыстыра отырып семантикалық талдау жүргізген. Осы мақала аясында орыс және неміс тілдеріне аударылған Ә.Нұрпейісовтың "Қан мен тер" трилогиясының аудармасындағы ұлттық-мәдени және тарихи реалиялардың берілу ерекшеліктері қарастырылды.

RESUME

The author of the article presents the definition of the linguistic term “realia”. It reveals the functional meaning of this category as a necessary component for presenting the national context of the text in different languages. The author makes semantic analyses of the notion “realia” comparing it with other terms in the theory of translation. The article regards specialties of presenting national, cultural, historical realia on the basis of the trilogy of Nurpeisov A. “Blood and Sweat” translated into Russian and German.

А.А. Мұсабекова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
ф.ғ.к., доцент

Кәсіби қазақ тілі сабағында студенттердің өз мамандығына күрметін арттыру

Аннотация

Мақала өзге тілді аудиторияда қазақ тілін кәсіби мамандыққа лайықтап оқыту әдістемесіне арналып жазылған. Тәжірибеде көрінгендей, бірінші курста оқытылатын қазақ тілінен жалпы білім, дағды беретін оқу бағдарламасының студенттің болашақ маман ретінде мемлекеттік тілді жетік меңгеруіне толық мүмкіндік жасамайтыны белгілі. Мақалада студенттің кәсіби деңгейін тереңдететін, мазмұнды-мағыналы әрі кәсібіне қатысы бар мәтіндер беріліп, оларды лексика-грамматикалық тапсырмалармен, оқылым, жазылым тестерімен бекітіп отырудың әдістемесі қарастырылған. Сондай-ақ мәтінде кездесетін жаңа сөздерге назар аударылады, оларды қайталату және олармен өз бетінше сөйлемдер құрау арқылы тіл үйренушілер жаңа кәсіби лексиканың айтылуы мен оқылу ерекшеліктерін нақтылайды.

Түйін сөздер: кәсіби деңгей, білікті маман, іскерлік, коммуникативті құзыреттілік, танымдық қызмет, тұлға, сауаттылық.

Еліміздің білім беру жүйесінде жаңа талпыныстар жасалуда, ол әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл, сөз жоқ, білім беру саласында әлемдік деңгейге жету жолында шешілуге тиісті маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту Тұжырымдамасында «Қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне жаңа сана мен қоғамдық мәртебе беру және оны айрықша сала ретінде қабылдау қажет, оның бірінші кезектегі міндеті – жоғары білікті мамандарды оздыра даярлау, икемділік пен білімділік болуға тиісті» деп баса көрсетілген, оның себебі білікті маман ғана қоғамды ілгері дамытып, экономиканы өркендетпек. Маманның біліктілігі мен кәсіби деңгейінің жоғары болуы тіл мамандарының оқыту үдерісін дұрыс ұйымдастырумен, студенттің кәсіби деңгейін тереңдететін мазмұнды-мағыналы оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешендерін дайындауымен тығыз байланысты. Білім беру жүйесінде оқыту әдістемесінде болып жатқан түрлі жаңашыл өзгерістер «адамның еркін дамуына», оның жоғары мәдениетін, шығармашылық белсенділігін, дербестігін, бәсекеге қабілеттілігін, бейімделгіштігін арттыруға бағыт береді. Білім беруді дамыту тұжырымдамасында «маман моделі» болашақ

мамандардың кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар белгіленген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. ...Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» [1] деп көрсетіп, жеткіншек жастар мен болашақ маманның сауаттылығы мен білім, біліктілігіне ерекше мән берген.

Бүгінгі күні мемлекеттік тілді жүйелі түрде іске асыру тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамытумен тікелей ұштасып отыр. Мемлекеттік тілдің элеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мақсатымен оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен де байланысты. ЖОО бітірген әрбір жас маманның, болашақ кәсіпкердің алдыңғы қатарлы маман болуы өз елінің тілін жоғары деңгейде білуімен де терең сабақтасады. Соңғы жылдары қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде меңгертумен қатар, студенттердің кәсіптік мамандығын ескере отырып игертудің тиімді жақтарын іздестіру әдіскер-ғалымдардың назарын өзіне аударуда.

Мемлекеттік тілдің элеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамыту үшін оны кәсіби салада оқыту, сол салада қолданылатын терминдерді пайдаланып сөйлеуге жаттықтыру, оқитын мамандығына, істейтін қызметіне байланысты сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың қажеттігі туындайды.

ЖОО орыс тілді студенттеріне тілді тереңдете үйретуге арналған С1-С2 деңгейі бойынша оқу үдерісіне енген «Кәсіби қазақ тілі» пәнін жүргізу барысындағы басты мақсат – тілді болашақ алатын мамандығына қарай бейімдеп үйрету болып табылады. Оның ұтымдылығын атап айтсақ, біріншіден, студент қазақ тілін кәсіби қатынас құралы ретінде қолдана отырып, оны жұмыс орнында пайдаланып, өз мамандығына қатысты ой-пікірлерін нақты, анық жеткізе алатын болады; екіншіден, қазақ тілінің танымдық қызметінің маңызы артып, қазақ халқының рухани және тарихи-мәдени байлығын тіл арқылы терең меңгереді. Қазақ тілін кәсіби тұрғыда сапалы оқыту – болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасуына, дамуына, өз мамандығын саналы сезінуіне мүмкіндік туғыза отырып, қазіргі уақыт сұранысынан туындап отырған мемлекеттік тілді меңгеру сияқты өзекті мәселенің түбегейлі шешілуіне жағдай жасайды.

Қазақ тілін кәсіби деңгейде оқыту мәселесі бойынша жазылған әдіскер мамандардың ғылыми еңбектері өз нәтижесін беруде. Атап айта кететін болсақ, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Оразбаеваның ғылыми мектебінде айтылым, оқылым, тыңдалым және жазылым әрекеттері арқылы кәсіпке байланысты қазақ тілін үйрету мәселелері арнайы зерттелді. Б.Ш. Мешімбаеваның «Туманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі» (1999) атты ғылыми еңбегінде пікірлесім арқылы қазақша сөйлеу тіліне үйрету әдістемесінің ғылыми негізі жасалды [2]. Зерттеуші-ғалым Г.Алдамбергенова «Кәсіптік мектептердің орыс бөлімі оқушыларының қазақша сөйлеу тілін құрылысшы мамандығына сәйкес мәтіндер арқылы дамыту» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, қазақ тілінде мәдени-ресми, кәсіби қатынасқа дайындық жүргізудің жолдарын көрсетті [3]. Қазақ тілін мамандыққа сәйкес оқыту әдістемесі бойынша Р. Ә. Шаханова «Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2001) деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады [4].

Еуразия ұлттық университетінің практикалық қазақ тілі кафедрасы ұжымы да құрылыс мамандығы студенттеріне арнап оқу-әдістемелік кешенді (ОӘК-ті) жасап шықты. Кешенде студенттер назарына, негізінен, грамматикалық тапсырмалармен қоса сол мамандыққа байланысты мәтіндер ұсынылды. Ондағы мақсат, біріншіден, студенттің



болашақта алатын мамандығына сәйкес мазмұнды, мағыналы мәліметтер алуын қамтамасыз ету болса, екіншіден, оларды белгілі бір дауыс ырғағымен орнықты, мәнерлі оқи білуге жаттықтыру және мәтінмен жұмыс істеу барысында кәсіби сала сөздерін меңгеруге әрі дұрыс айтуға жаттықтыру болды.

Құрылыс факультетіндегі «Гидрология және картография» мамандығына арналып жасалған оқу-әдістемелік кешенді даярлау үстінде біз осы мәселеге баса назар аудардық. Тіл дамытудағы ең тиімді әдістердің бірі – мәтін бойынша жұмыс істеу болғандықтан, кешенде әр мамандыққа лайықты мәтіндер тобы қарастырылды. Мысалы, «Сәулет өнері», «Қазақстандағы құрылыс», «Құрылыс материалдары», «Қазақстанның жер бедері. Геодезия ғылымы туралы» деген мәтіндер болашақ құрылысшыларға мемлекеттік тілде мамандықтары бойынша өзара сөйлесе білуге, ойын дұрыс жеткізуге үйретеді. Ал, «Қ.А. Яссауи кесенесі XIV - XV ғасыр құрылысы», «Мүсін өнері. Интерьер», «Норман Фостер - сәулетші», «Ұлы Қытай қорғаны», «Тәж Махал - махаббаттың символы», «Әлемдегі ең қауіпті көпірлер» тәрізді тақырыптардың студенттердің білімін тереңдетіп қана қоймай, дүниетанымын да кеңейтері сөзсіз. Әр сабақта сөздік, грамматикалық минимум нақтыланып, мәтіндерді жете меңгеруге арналған практикалық жұмыстар белгіленеді. Мұның бәрі студенттердің ой-өрісін кеңейте отырып, мемлекеттік тілді меңгеруге машықтандырады деп ойлаймыз.

Мәтінді мұқият оқи отырып, онда кездесетін жаңа сөздерге назар аударылады, оларды қайталау және олармен өз бетінше сөйлемдер құрау арқылы тіл үйренушілер жаңа кәсіби лексиканың айтылуы мен оқылу ерекшеліктерін анықтап, оларды тілдесімде (диалог) дұрыс қолдануға дағдыланады. Әр сабақта үйретілетін жаңа кәсіби лексиканы олар өздерінің жұмыс жағдайында күнделікті қарым-қатынаста белсенді қолдануға үйренеді, кәсіби сөздік қорын байытады. Келесі кезеңде – жаңа сөздерге түсініктеме беріледі, м: *жоба, жобалау – белгілі бір құрылыстың нұсқасын салу, болашақта қандай ғимарат болатынын нақтылау*. Бұдан кейін осы сөзбен сөз тіркестерін және сөйлемдер жасаймыз. Мысалы сөз тіркесі ішінде: *құрылыс жобасы, жоба талқыланды, жоба бекітілді* т.б. Сөйлем ішінде: *жаңа құрылысты жобаладық, жақсы жоба жасалынды, жобаны ешкім мақұлдамады* т.б. Сонымен қатар, бұл сөзді шағын сұхбатта да қолдана отырып, студенттің оны кәсіби жағдайда тілдік қатынаста қолдану дағдысын қалыптастыруға болады. Дәл осылай өз бетінше сөздіктің көмегімен аударма жасау, аударылған сөздерден сөз тіркестерін, сөз тіркестерінен сөйлем құрастыру жұмыстары тіл үйренушінің кәсіби лексикасын молайтуға мүмкіндік береді.

Тіл үйренушінің кәсіби тілін дамытуы ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылады. Бұл мемлекеттік тілді үйренудің екінші жылы болғандықтан, «Кәсіби қазақ тілі» сабақтарында ауызша тіл дамытуға және өздігінен орындалатын шығармашылық жұмыстарға көбірек мән берген жөн деп ойладық. Бұл жағдайда ауызша тіл дамыту әрекеті басымырақ болады. Сондықтан да кәсіби лексиканы меңгертуде неғұрлым тіл дамыту үшін тиімді, студенттердің қызығушылығын оятатын тақырыптар алынады да, жаттығу, тапсырмалар да осы мақсатты көздейді. Мысалға алатын болсақ, «Сәулет өнері» тақырыбының болашақ құрылыс мамандары үшін қызықты мағлұматтар беретіні даусыз. Студенттер адам баласының көне заманнан бері құрылыспен айналысатынын біліп, Мысыр, Мессопатамия, Үндістан, Қытай сияқты алып мемлекеттердің пайда болуымен дүниеге келген сәулет өнерінің туындыларымен танысады. Грекиядағы архитектуралық ордерлер жүйесі, Римдегі 80 мың адам сыятын Колизей амфитеатры, Париждегі 9 мың адам бірден сыйып кететін Нотр-Дам соборы, Эйфель мұнарасы, 100 жыл салынған Реймс соборы, сөз жоқ, олардың білуге талпыныстарын арттырады. Сонымен қатар, студенттер мәтін арқылы Еуропа елдерінде бес түрлі архитектуралық стильдің бар екендігін білетін болады, олар - роман, готика, ренессанс, барокко және классицизм стильдері. Олардың әрқайсысының ерекшеліктері болатыны естерінде қалу үшін біз оларды бес топқа бөліп, әр топтың бір-бір архитектуралық стильге интернеттен суретті материалдар әкеліп,

курстастарына нақты дәлелдермен баяндап беруін талап еттік. Бұдан соң студенттерге ұлттық сәулет өнері жайлы шағын шығарма жазып келу де тапсырылады. Бұл жұмысты жазу барысында студенттер Астана қаласындағы құрылыстарға тоқтала келіп, олардың қай стильге жататынын да анықтап кетуіне болады.

Сол сияқты, «Құрылыс материалдары» тақырыбын өткенде, студенттер құрылыс мамандығында қолданылатын кәсіби лексикамен тереңірек танысады. Негізінен, құрылыс саласында қолданылатын материалдарының алты түрін (табиғи тау жыныстарынан жасалған, органикалық және бейорганикалық байланыстырғыш материалдар, жасанды құрылыс материалдары, ағаш материалдар, металдан жасалған және синтетикалық шайырлар) атай келіп, мәтінде кездесетін кәсіби терминдерді тауып, оларда мағынасын анықтайды. Мысалы, *тау жыныстары, органикалық, бейорганикалық, жасанды, синтетикалық материалдар, керамика, байланыстырғыш материалдар, іргетастар, қабырғалық әшекейлік, жабын, синтетикалық шайырлар, құрылыс қоспалары, бөренелер, кесіlmелі материалдар, паркет, фанера, арматуралар, ғимараттың каркастары, көпірдің құрылыстық өткіндері, жылыту жүйелері, шайыр, қиыршық тас т.б.* Өздігінен жұмыс істеп, жаңа терминдердің мағыналарын анықтаған студентке өндіріс орнына барғанда кәсіби тілде сөйлеу аса қиындық әкелмейтіні анық.

Кәсіби лексиканы ұғындыра отырып, оларды тілді мамандыққа сай қолдануға үйрететін жұмыстың түрі – түрлі жаттығулар жүйесі. Олар теориялық тұрғыда алған тілдік білімді тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік жасайды. Жаттығу жұмыстары, негізінен, дағдыландыру, іздену және жағдаятта пайдалану сияқты нақты үш мақсатта қолданылады. Тіл үйрену барысында көбірек қолданылып келген дағдыландыру жаттығулары. Мысалы, мына жаттығуда сөйлемдегі сөздердің қосымшаларын тауып, оларды өзара байланыстыру тапсырылады. Мысалы: *Мен жақында ... қала... бардым. Қала өте Онда көптеп салынып жатыр екен. Ғимараттар тым ..., Бұл қалада мен... дос... тұрады. Мен Академия... магистратурасы... оқуға түскенмін. Академия ма... жатақхана... орын берді. Менің дос... пирамида... жанында тұрады. Мен жексенбі күні досым... үй... барамын. Пирамида... жанында үлкен жаңа мешіт салын... . Оған да бар... .*

Іздену жаттығулары шығармашылық жұмысқа жатады. Студенттердің сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін оларға мынадай өздік жұмыс тапсырылады. «*Құрылыс индустриясы, өнеркәсіптің қайта дамуы, үлкен белсенділік, құрылыс нысандары, алға басу үстінде, өнімнің құндылығы, шараларды белгілеу* деген сөз тіркестерін қатыстыра отырып, газетке шағын мақала жазыңыз». Немесе студенттерді екі топқа бөліп, екінші жартысына «Қазақстандағы құрылыс өнеркәсібі» жайлы шағын шығарма жазуды тапсыру олардың өздігінен мамандығына сәйкес материалдарды іздеп табуына, қажет болса, аударма жасауына, сол арқылы кәсіби лексиканы тереңірек меңгеруіне ықпал етеді.

Ал, жағдаяттық тапсырмалар беру арқылы орындалатын жаттығу жұмысы олардың кәсіби лексиканы ауызша сөйлеу барысында пайдалану мүмкіндігін арттырады. (М: құрылыс фирмасының бастығына келіп, жоспарланған құрылыстың тоқтап тұру себебін түсіндіруді өтіндізі.)

«Кәсіби қазақ тілі» сабақтарында студенттердің өз мамандығына деген құрметін арттыруды жүзеге асырудың мүмкіндігі мол. Оның басты себебі оқу кешенінде берілген түрлі тақырыптардағы қызықты мәтіндер олардың ой өрістерін кеңітіп, сол мәселе бойынша кең көлемді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Осы ОӘК-те берілген түрлі кесенелер, пирамидалар, әлемдегі қауіпті көпірлер, қазақтың кең даласының сипаты, қазақ өнерінің түрлері жайлы қызықты тақырыптар, оларды кеңірек зерттеп, түрлі мағлұматтар жинау студенттердің өз мамандығына деген қызығушылығын арттырады сөзсіз. Сонымен қатар БӨЖ тапсырмаларында берілген «Шығыс сәулет өнері», «Қазақтың ұлттық аспаптары жайлы мәліметтер», «Арыстан баб, Айшабиді кесенелері және Семирамида аспалы бағы жайлы мәлімет дайындау», «Хазірет-Сұлтан мешіті», «Қазақстан көпірлері»



деген тақырыптар болашақ құрылысшы-дизайнерлер үшін аса қызықты материалдар болары хақ. Осы тапсырмаларды жазбаша орындау барысында тіл үйренушілер өзге тілді үйренудің екі аса маңызды мәселесін шешеді, олар, біріншіден, қазақ тілінде жазылған материалдардың мағынасын түсініп оқып, оларды өздеріне қажетті көлемде қысқарта алады, екіншіден, орфография нормаларын сақтап, дұрыс жазуға дағдыланады. Осылайша, жұмыс барысында студенттердің тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әрекеті жүзеге асады, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы сөздік қоры байиды, ойын жазбаша дұрыс, сауатты жеткізуге дағдыланады. Мәтіндермен жұмыс жүргізу барысында орфоэпиялық заңдылықтарды сақтап мәнерлеп оқу, ойды үйлесімді, әсерлі етіп жеткізудің де маңызы зор.

Бүгінгі таңда жаңаша оқыту технологиясы тіл үйренушінің танымдық қызметінің заңдылықтарына, оқудағы құндылық бағдарға, яғни оның зерттеушілік, шығармашылық және рухани адамгершілік қызметтеріне негізделген технологияға айналуы тиіс. Жалпы алғанда, тіл үйренушінің алған білімі мен біліктерін күнделікті өмірде тәжірибе және теориялық мәселелерді шешуге қолдана білу қабілеттілігі құзыреттілік қағидасына негізделген. Қазіргі кездегі қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасы студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін арттыру арқылы олардан жеке тұлға қалыптастыруға бағытталады. Жоғары оқу орындарында оқыту үрдісін жетілдіруде, болашақ мамандардың ізденімпаздығын қалыптастыруда, шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыруда, олардың рухани әлемін дамытуда болашақ мамандардың кәсіби-танымдық білімінің шеңберін кеңейтетін мәтіндер мен тапсырмаларды лайықты топтастырып берудің маңызы зор. Сондай-ақ «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқыту қазақ тілін кәсіби деңгейде жетік меңгерту талаптарын орындай отырып, студенттің өз мамандығына деген құрметін арттыруды жүзеге асырады. Осы пәнді оқу барысында тіл үйренуші 1) өз мамандығына қажетті ақпаратты таңдап алып, оны коммуникативті-функционалдық бағытта қолдана білуге; 2) талқыланып отырған мәселеге орай мемлекеттік тілде өз көзқарасын жеткізе білуге; 3) өзінің кәсібіне сәйкес терминологияны үнемі пайдаланып, дамытып отыруға және 4) мемлекеттік тілде өз мамандығы аясында шешен сөйлеуге дағдылануға т.б. үйренеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. – Астана: Ақорда, KZ, 2013.
- 2 Мешимбаева Б. Гуманитарлық бөлім студенттерін қазақша пікірлесім (диалог) арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі: Пед.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 1999. – 163 б.
- 3 Алдамбергенова Г.Т. Кәсіптік мектептердің орыс бөлімі оқушыларының қазақша сөйлеу тілін құрылысшы мамандығына сәйкес мәтіндер арқылы дамыту: Пед.ғыл.канд. ... дисс. – Алматы, 2002. – 161 б.
- 4 Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми -әдістемелік негіздері: Пед.ғыл.док. ... дисс. – Алматы, 2002. – 327 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор показывает методику преподавания казахского языка в русской аудитории с учетом того, как успешно применять государственный язык в профессиональной деятельности и развивать профессионально ориентированную устную речь.

RESUME

In the given article the author describes the teaching methodology of the Kazakh language in Russian speaking classes which aims to teach how to use successfully the official language in the professional field of activity and develop professionally oriented oral speaking skills.

Аннотация

Мақалада «Жеті қаған» жырындағы оқиғалар желісіне талдау жасалады. Жырда елдік пен ерліктің қиянатқа қарсы күресі суреттеледі. Жалпы жырдың тақырыбы – ел, жер болса, идеясы – елдікті сақтау, бірлікке бастау екені көрсетіліп, тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: үйсін, қыпшақ тайпалары, ізгілік, жауыздық, Қартаң хан, Жезмандай, Тұқтабан батыр.

Ш.Ә. Рамазанова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
ф.ғ.к., доцент

«Жеті қаған» жырындағы замана шындығы

Қазақ ауыз әдебиетінің тағылымды тарихы ғана емес, тарихи тағдыры бар. Ондағы оқиғалардың өзінен кезең көріністері, мезгілі менмұндалап тұрады. Шамамен қай ғасырда, қай жерде өткен оқиға екенін адам аттары мен жер-су атаулары айқындап, табиғат суреттері мен құбылыстары қанықтыра түседі. Шетелдердегі қазақтардың фольклорында табиғилық, балаңдық байқалады. Себебі елден жырақтап кетсе де, көкірегінде сақталған өлең-жырларды жаттап өсетіндіктен онда көп өзгеріс байқала қоймайды. Өйткені бар-жоғы бір-екі ғана жыршы жырласа, жырдың жаны мен жүйкесіне соншалық зақым келе қоймайды, ал жырлаушысы көп болған сайын әр жыршының өз мақамы, өз қолтаңбасы қосылып, жыр жылғалана түседі, табиғи түрінен айрылып, нақтылы нұсқасына да нұқсан келуі бек мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда «Жеті қаған» жыры көп өзгеріске түсе қоймаған тәрізді, себебі жыршылары саусақпен санарлық та, тыңдаушылар тарапынан да толықтырулар, түзетулер ене қоймағандай сезіледі. Жырдың аты «Жеті қаған» деп аталғанымен, оқиға желісі Тұқтабан төңірегінде өрбіп, өріс алады. Қазақ ауыз әдебиетінің үздік үлгілерінің бәрінде дерлік ізгілік пен жауыздықтың күресі сипатталады, ал «Жеті қағанда» бұл бояу басқалардан гөрі қалыңдау, жауыздық жасаушының айла-тәсілдері тоқсан түрлі, Жезмандай деп атының өзі айтып тұрғандай, маңайының бәрін сор мандайға айналдырып, тек өзі ғана, бір өзі ғана «жезмандай» болып қалуды көксейді. Қалған ірілі-ұсақты кейіпкерлер Жезмандай мен Тұқтабанның тартысын тосыннан қызықтаушылар емес, қосыла әрекет етушілер мен жақтаушылар немесе үзілді-кесілді қарсы болушылар. Жауыздық жалғыз болса да, жалқы болса да, көпті көндіріп, жоққа сендіріп күн көреді, ақыр аяғында ауыздықталады.

«Жеті қағанның» тақырыбы – ел мен ер бірлігі. Ал Тұқтабанның төңірегіне топтасқан ел болса, Жезмандайдың жанында алуан түрлі айла, қарақұ-



рым қызғаныш, аздаған әміршіл ағайындары бар. Жырдың идеясы әрине тақырыптан туындайды, айқын, анық, ақиқаттың айтқанына көніп, сойылын соғу, ел мен жердің, ел мен ердің туа біткен болмысын сақтап қалу, адамшылықты арқау етіп, шындықтың туын тік ұстау. Әлбетте «Жеті қағанда» жергілікті жағдайға байланысты адам, жер, су аттарында, оқиғаның өрбуінде өзіндік, өзгеше, соны сипаттар бары байқалады. Ғалым-фольклорист Рахманқұл Бердібай: «Қазақ ауыз әдебиеті әлемдегі ең бай әдебиет екені белгілі. Бірақ неге екені осы байлықты игере алмай жатырмыз. Сонымен бірге қазақ ауыз әдебиеті Қазақстаннан тыс жерлерде де өсу, даму үстінде. Мәселен, Шыңжаңда тұратын қырғыз манасшысы Жүсіп Мамайдың репертуарындағы «Қазақтың жеті қағаны» деп аталатын жеті жырды жазып алу қажеттігін баспасөз бетінде айтқанымызға жеті-сегіз жыл өтсе де, оған селт етіп, мән берген жанды көрмей келеміз. Қытайдағы қазақтың отаншыл азаматтары осы «Жеті қағанның» бірінші дастанын араб әрпімен жеке кітап етіп шығарғанына да назар аударушылар болмады. Бірінші дастанның көлемі он төрт мың жолдай. Сонда жеті дастанның аумағы қанша болатынын есептеу қиын емес қой. Егер осы жеті дастан түгел жазылып қолымызға тисе, бұл кезге дейінгі қазақ жырларының бәрінен де ауқымды болатын түрі бар...» [1, 4 б.] - деп атап көрсеткен болатын.

Міне, осыдан кейін тағы да араға жеті-сегіз жыл салып, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығында «Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары» (б.д.д. X ғ. бастап – XX ғ. дейін) жобасы аясында Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың жетекшілігімен «Жеті қаған» дастанының «Арыстан» хан бірінші және «Мұзбұршақ» хан атты үшінші бөлімдері «Ел-Шежіре» баспасынан жарық көрді.

«Жеті қаған» дастанында Самарқан жерінде қазақтың үйсін, қыпшақ тайпалары билік жүргізіп, олардың басшысы Қартаң хан болғаны туралы баяндалады. Жалпы ертедегі батырлар жырында көбінесе бір-біріне ұқсастық көп байқалады. Жыршы-ақындар дастанда батырдың образын сомдауда баланың дүниеге келмей тұрған кезінен ата-анасының бір перзентке зар болуынан бастайды. Оның себебін хандардан көрген зорлық-зомбылықтарына, билеушілердің елге жасаған зұлымдығына, халыққа тізесін батырумен байланыстырады. Ата-анасының бір перзентке зар болуы, сырт жаудың шабуылынан елін қорғайтын және бейбітшілік кезде шаруашылықты басқаратын батыр ұл болуын арман еткен халық қиялы көрініс тапқан. Бірақ жырдың негізгі идеясы - халыққа қамқор болатын батыр ұл (азамат) іздеуден туған. Қалың бұқара жауға, яғни халыққа жасалған зұлымдықтарға қарсы күресетін, елге қорған болатын батыр ұлды арман етті делік. Сондықтан халық ұғымы бойынша мұндай адамның жаратылысы да, дүниеге келуі де басқалардан ерекше болады. Батырлар жырының көпшілігінде жігіттің ерен ер екендігі өзіне сенімді серік, сүйікті жар тауып алуына байланыстырылады. Бұл жолда батыр қым-қуыт қиыншылықтарды басынан кешіреді, көптеген жауларын жеңіп, көптеген сыннан өтеді. Содан кейін ғана өзінің мақсатына жетеді. Ал «Жеті қаған» жырының өзіндік ерекшелігі бар. Онда оқиға былай суреттеледі Қартаң ханның сұлу тоқалы Жезмандай жеңіл жүріске салынып, Қожендтегі Миян ханмен көңілдес болады. Соның кесірінен Қоженд пен Самарқан арасында егес туып, арты қанды қақтығысқа ұласады. Бұл егестің соңы Самарқанға тиімсіз болып, Қартаң ханның батырлары жеңіліске ұшырайды. Сол кезде Қартаң хан Миян ханды жеңген адамға тағым мен тәжімді беремін деп жар салады. Қартаң хан елінен Түктабан бала шайқасқа шығып, Қоженд батырларын қанға бөктіреді. Бұл жеңістен кейін еңсесі қайта көтерілген Қартаң хан оған «Арыстан батыр» деген ат беріп, бұрынғы уәдесі бойынша оны өз тағына отырғызбақ болады. Бірақ Арыстан батыр тақ пен тәжге қызықпайды, өзінің туған жеріне қайтып кетеді. Жеңіл желік жетегіндегі Жезмандай ендігі жерде жас батыр Арыстанға құмартып, қайткен күнде де оны қолына түсірудің қамын жасайды. Оқиға одан әрі шиеленісе түсіп Арыстан батыр зынданға тасталады. Бірақ істің анық-қанығы белгілі болғанда Жезмандай нөкерлерін ертіп, Балық

шаһарындағы әкесі Мамыр халфаға қашып кетеді. Мамыр халфа көп әскерімен келіп, Арыстан батырдың қолынан жеңіліп қайтады. Бұрыннан тату-тәтті екі ел бұл қақтығыстың себепкері Жезмандай екенін алғашында білмейді. Сонымен Балық, Бадақшан, Бұхар хандары бірлесіп Самарқанға жаза жорығын жасамақ болады. Қайсар да, адуынды Арыстан батыр олардың бетке ұстар батырларымен жекпе-жекке шығып, түгел жер жастандырады. Алайда өзінен жеңілген батырлардың көбін өлтірмей қоя береді. Ел басшылары мен батыр-бағландары Арыстанның өздерімен ата жау емес екенін түсінеді. Ақыры бірнеше ұлысты әуреге салған сайқал әйел – Жезмандайдың құйтұрқы қылықтары әшкере болады.

Оқиға соңында жоғарыда аталған ұлыстар түгелімен Арыстан батыр жағына шығады. Қартаң хан Миян ханға еріп Қожендке қашып бара жатқан Жезмандайды ұстап алып, өз қолымен өлтіреді. Сөйтіп ел басына мамыражай заман орнайды. Жырдағы Түктабанның жорыққа аттануы, жекпе-жекте кезекті алдымен жау батырына беруі, сөзбен найзаласуы секілді мотивтерді де әр елдің жырынан кездестіреміз. Түктабанға қарағанда жау батырлары тау секілді алып болып, ал ол жаяу-жалпы, қорғансыз кейіпте көрінеді. Жекпе-жекте алғашқы кезекті жау батырлары алғанымен, Түктабаннан жеңіліп отырады. Әдетте, жырлардың басым көпшілігінде тақырып, тағылым, оқиғалардың өрбуі, өрнектелуі жағынан бір-бірімен ұқсас болғанымен, толғау, жырлау мәнерлері мүлде бөлек, соны сипатқа ие болып, тың тыныспен жырланады. М.Әуезов: «Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай, және көбінше алдыңғы айтқан оқиғалар негізінде пайдаланса да көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталауын еш уақытта аударма деп танымау керек. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау, немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді» [2, 182 б.], - дейді.

«Жеті қаған» жырының тақырыбы - елдік пен ерліктің қиянатқа қарсы күресі екені белгілі, қиянатқа қарсы күрес – ауыз әдебиетінің асыл арқауы ғана емес, адамзат баласының асыл мұраты. Жырдағы Жезмандай мен Түктабан арасындағы әртүрлі әрекеттер жауыздықты жанықтырып, тың тәсіл, алуан айла, оқыс оқиғалармен отандас қылады, адалдықтың да алды ашық, қым-қиғаш қиянаттардан құтылып қана қоймай, қалың елді құтқарып отырады. Тақырыптан идея туатыны өзінен-өзі белгілі ғой, тақырыпсыз идея жоқ.

«Жеті қаған» дәуірдің демімен тыныстап, заманның шындығынан шыққан, шыныққан, шыңдалған. Шым-шытырық оқиға ортасынан шындықтың да, сұмдықтың да төбесі көрініп, бет-бейнесі белгілі болады. К. Паустовский «кез келген тақырыпты бүгінгі күндікі етуге болады» дейді. «Жеті қағанның» Жезмандайы мен Түктабаны күні бүгінгі тұрлаулы тұлғалар болып қала бермек, адам бар жерде алаң бар, адам бар жерде заман бар «адамды заман билемек» деп Абай айтпақшы, қай заманда да Жезмандайлар қулығын оздырып, Түктабандар табанын тоздырып жүретіні хақ. Жеті қағанның тақырыбы – ел, жер болса, идеясы – елдікті сақтау, бірлікке бастау, ал ерліктің елшісі, бірліктің бастаушысы – Түктабан батыр болса, жауыздықтың жалшысы, зұлымдықтың мұрындығы – Жезмандай жезөкше, қалған қым-қуыт оқиғалар қиянат пен ақиқаттың арбасуына негізделген. «Жеті қаған» жырының тақырыбы мен идеясында алып бара жатқан жаңалық болмағанымен, жырлау мәнерінде, оқиғалардың өрбуінде, сарбаздардың сөз саптауында, батырлардың болмысында едәуір ерекшеліктер бар, ол оқиға өткен ортаға, ондағы адамдардың ұстанымына, салт-дәстүріне, қилы көзқарастарына байланысты. Шырғалаңға түскен шындық, идеяны да шынықтыра ширата түседі.

«Жеті қағанда» шиырланған замана шындығы ғана емес, иланымды идея бар, ең бастысы оқиғаға оқырман иланады.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бердібай Р. «Ұлт» деген сөз ұлықталмай тереземіз теңеспейді. // Қазақ әдебиеті. - 2003. - № 50.
- 2 Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967.
- 3 Қазақ қолжазбалары. Жеті қаған. 4-том. – Алматы: «Ел-Шежіре» баспасы, 2011.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются события в поэме «Жети каган». В ней описывается борьба дружелюбия и героизма против зла. Основная тема поэмы – народ, земля, идейная основа – сохранение дружелюбия и единства.

RESUME

In this article ideas of the events in the poem «Zheti Kagan» are analysed. In the poem the fight of friendliness and heroism against evil is described. The main theme of the poem is people, the earth, the idea is to keep friendliness, to be in unity.

ӘОЖ 82-1(0)

Аннотация

Мақалада қазақ драматургиясында қолданылған фольклорлық сюжеттердің табиғаты қарастырылған. Әсіресе, Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясындағы кейіпкерлер табиғатын, кезең көрінісін ашудағы қаламгер шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Түйін сөздер: фольклор, драматургия, трагедия, кейіпкер, образ, идея, диалог, монолог, тартыс, мінез, эпикалық дастан.

Ш.С. Әбішева

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, ф.ғ.к., доцент

Ж.Т. Қобланов

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, ф.ғ.к., доцент

Фольклорлық сюжеттердің қазақ драматургиясындағы табиғаты

Драматургиядағы фольклорлық негіздерге қалың көпшілік қана емес, сонымен бірге әлемдік әдебиеттану ғылымы саласындағы ғалымдардың соңғы жылдары ерекше назар аударуы, бұл проблеманың аса маңызды мәселенің бірі екендігін айқындап берді. Фольклорлық негіздерді анықтау, оларға баға беру, талдау – қазақ әдебиеттану ғылымында да өзекті мәселе болып отыр.

Жалпы, өмірдегі өзекті мәселелерді көтерер көсемсөз сияқты өтімді, өткір жанрлардың әдеби аренаға толық шықпай, шыққанның өзінде бүкіл халыққа өз дәрежесінде жетпей жатқан кезде халықты елдікке, бірлікке шақыруда ғибраттық сарынды драма жанрының ел үшін маңызы ерекше.

Бұрын театр өнері болмаған қазақ халқының мәдени өмірінде драматургия әдебиеттің басқа жанрлары сияқты жетекші салаға айналып отыр. Ғасырға жуық дәуірді қамтыған драматургияның өсу, даму бағыты қай деңгейде, жетістік, кемшіліктерінің сыры неде?! Халық мұрасының бүгінгі драматургиядағы көрінісі мен өзара үндестігі, тиісті мәселелерге жауап іздеу қазіргі кезде аса маңызды. Жалпы қазақ драматургиясын зерттеу ісі әдебиеттану ғылымында назардан тыс қалған жоқ. Жекелеген сөз шеберлерінің өмірі мен шығармашылық ерекшелігін зерттеу барысында, сондай-ақ қазақ әдебиетінің тарихын зерттеген еңбектерде де драма жанры қарастырылды.

Мысалы, қазақ әдебиеті тарихында ғалымдар С.Ордалиевтың «Қазақ драматургиясының очеркі», «Конфликт және характер», Р.Нұрғалиевтың «Күре тамыр», «Трагедия табиғаты», «Поэтика драмы», Ә.Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуы», сонымен бірге Р.Рүстембекованың



зерттеу еңбектерін атап айтуға болар еді.

Қай кезде де фольклор әлемдік драматургияның қалыптасуында, дамуында үлкен маңызға ие болып келгендігі ақиқат. Ол тек қана таусылмас материал кені болып қалмай, сонымен бірге драма жанрындағы жаңалықтың қайнар көзі де болды. «Фольклорлық дәстүрдің әрқандай биік шыңға көтерілген әйгілі классик-драмашылардың қай-қайсысының да осы дәрежеге жетуіне себепші болғандығы белгілі» [1, 77].

Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясы – қазақ драматургиясындағы шоқтығы биік шығармалардың бірі. Бұл трагедия – реалистік, классикалық туындылардың үлгісінде жазылған құнды пьеса. «Драмашы қазақ фольклорындағы белгілі жырдың аясында қалып қоймай, оның шешімін өзінше шешеді. Адамгершілік пен жауыздық арасындағы тартысты жаңа белеске көтеру нәтижесінде драманың идеясын тереңдете түседі» [2, 89].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» – адал махаббат жайлы трагедиялық жыр. Қаламгер жастардың махаббатын суреттеумен қатар екі жастың өз заманында озбырлық көріп, қиянаттың құрбаны болғанын асқан шеберлікпен бейнелейді. Махаббат еркіндігіне ұмтылған жастардың сол қоғамдағы зұлым күштердің әділетсіздігінен азап тартуын кертартпа заманның трагедиясы түрінде суреттейді.

Ғабит Мүсірепов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын драмаға айналдыру үшін оған көп өзгерістер енгізіп, жаңа шешім табады. Трагедиядағы образдардың барлығы да жырдағы кейіпкерлерден әлдеқайда терең, характерлері айқын. Пьесадағы басты қаһарман тек Қозы мен Баян ғана емес. Мақпал, Күнікей, Қарабай, Қодар, Жантық сияқты кейіпкерлер де трагедияның негізгі идеясын ашатын басты образдарға жатады. Олардың әрқайсысының өзіне тән кескін-келбеті, ой-өрісі бар. Бұл жағдайлар драмалық тартыс үстінде анық байқалады.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясында драмашының шығармашылық еркіндігін анық байқаймыз. Драмадағы барлық образдардың драмалық қасиеті тартыс үстінде шынайы түрде ашылады. Пьесадағы Баян жырдағы Баяннан едәуір жоғары тұр. Трагедиядағы Баян бойында нәзіктік, сұлулықпен қатар өжеттік, қайсарлық қасиеттер сезіледі. Қарабайдың малын Қодар зорлықпен айдап алып кеткенде, намысқа шыдай алмаған Баян атқа мінеді. Жолда оған Қозы кездесіп, Қодардан Қарабайдың малын қайтарып алып келеді. Міне, бұл оқиға трагедиядағы драмалық тартысты өрістету үшін енгізілген.

Осылайша, трагедиядағы Баян образы сол дәуірдің барлық жақсы қасиеттерін өз бойына жинақтаған типтік образ дәрежесіне көтеріледі.

Қозының образы – пьесаның идеясына сай сәтті шыққан образдардың бірі. Онда батырға тән қара күш пен аңғалдық, ғашықтық сезімге берілген жастық албырттық бар. Алдын сырттай ғашық болған Қозы, кейін Баянмен кездескенде махаббаты бұрынғыдан да өрши түседі, сол махаббаты жолында көптеген қиыншылықтарға төзеді. Ақыры асқақ арманына жете алмай, сол жолда мерт болады. Осының барлығын жазушы драмалық тартыс барысында өте нанымды суреттейді. Оның Баянға ғашықтығын көрермен алғашқы көріністе-ақ байқайды. Қозы: «Жасырмашы, жан анам! Бүгін жер бетінде жалғыз-ақ ауыз сөз жүр!.. Ол Баян! Жел Баян деп ызыңдайды, көл Баян деп теңселеді, өзен Баян деп ағады, тау Баян деп күңіренеді, көк Баян деп күрсінеді!.. Анам Баян деп мұңаяды, балаң Баян деп толғанады», - деп мұңын шағады.

Пьесадағы нанымды шыққан образдардың бірі Қарабай болса, оның бейнесін толықтыра түсетін Жантық образы. Қарабай дүниеқоңыз, малқұмар адам. Қызын малы көп адамға сату байлардың ежелден келе жатқан әдеті. Бірақ, дәл Қарабай бейнесі сияқты олардың ешқайсысы да типтік дәрежеге көтеріле алған жоқ. Қарабайдың барлық күш-қайраты баюға бағытталғанымен, одан Қарабайдың рақат тауып жүрмегенін автор өткір кекесінмен әшкерелейді. Қарабай бар көріністің бәрі де көрерменді еріксіз күлдіреді. Алғашқы көріністе-ақ сахнаға малдан айырылып қалмау туралы айтып шыққан Қарабай,

пьесаның соңына дейін сол қалпынан таймайды. Оның пасық, арам ойларын іске асыруда Жантықтың еңбегі орасан мол. Қарабай жалғыз қызы Баянды ұзатудан да қорқады. «Баянды беріп көрші біреуіне – күн ертең көріңді қазып, бар малыңа ие боп шыға келсін!.. Бұл жұрт қасқыр емес пе торып жүрген!.. Әттең, артына ғана мінгестіріп жібермес пе ем, қызы құрғырды алып қана, жеті қабат жердің астына түсіп қана, қарасы өшкірдің қарасы өшіп қана кететін біреу табыла қалса!.. А, құдай, жан деп жаратсаң, бер осы тілегімді!» дейді Қарабай. Ол Баянды малға сатуға да құмар емес, құдай оның орнына бір жылқыны артық берсе болмай ма, деп зарланады залым әке. Қарабайға ұқсас сараңдардың типтік бейнесі қазақ әдебиетінде бұған дейін болған жоқ. Бұл драмашының үлкен жетістігі екендігі даусыз. Қодардың ізінен, кеткен малды қайтармақ боп аттанған Баян жалғыз оралғанда Қарабай шошып кетеді.

Қарабай: Қан жауғыр, қайта қалған екенсіндер ғой төбеден! Мал қарасы көрінбей түспендер дегенім қайда? (Баянды көріп) Баянбысың ойбай? Мал қайда? Беріп кеттің бе қолыңнан?

Баян: Малың айдауда, жауың байлауда келе жатыр жақындап...

Қарабай: «О мың жылқы бол, мың жылқы!.. Келші бері... Малдан озып кетпей-ақ қойсаң болмады ма?.. Түгел ме әйтеуір» [2, 117].

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясындағы жазушының үлкен табысы – Қарабай бейнесі. Қарабайдың сараң бейнесін ашуда қаламгер әлемдік классикалық әдебиетті терең игергенін, содан үлгі алғандығын байқаймыз. Мысалы, бұл образ ұлы драмашы Уильям Шекспирдің «Венециандық көпес» драмасындағы Шейлок бейнесін еске түсіреді.

«Венециандық көпес» (1596) комедиясында екі түрлі дүниенің адамдары: бір жағынан, өмір қуанышы, достық, сұлулық және екінші жағынан ақша, байлық дүниесінің адамдары ортасындағы күрес суреттеледі.

Венециандық Антонио көп жерлермен сауда жүргізеді. Адамдарға қарыз береді, бірақ одан өсім талап қылмайды. Оның достары Бассанио, Порция, Грациано, Нерисса, Лоренция және басқалар да ақша құмар емес. Ал ақша дүниесінің алпауыты Шейлок пайда, және байлықтан өзгені ойламайды. Үлкен байлыққа қолы жеткен бұл адам сараңдық нәтижесінде өзін көп нәрседен мақұрым қылады. Тіпті, қызының өзгелер сияқты ойнап-күлгенін де ұнатпайды. Қызметшісі Ланселотты ашқұрсақ ұстайды. Достық, адамгершілік және мейірімділік оған мүлдем жат. Шейлок – өсімқор. Ол қарсыластарын аямайды, қарыздарлардан залымдықпен ақша өндіріп алады. Қарыз алғандардан өсім алмайтын және оны «еврей Шейлок» деп тілдеген Антонионы жек көреді, одан кек қайтаруды ойлайды.

«Ол мені масқара қылды, кемінде жарты миллион пайда алуыма кедергі болды, көрген зияндарымды келеке қылды, халқымды тілдеді, жұмысымның жүруіне тосқауылдық жасады, достарымды безіндірді, дұшпандарымды қарсы қойды. Мұндай қылуының себебі не? Себебі – мен евреймін. Еврейде көз жоқ па?.. Егер бізге найза шанышса – бізден қан шықпай ма? Егер бізді қытықтаса – күлмейміз бе? Егер бізге у берсе – біз өлмейміз бе? Егер бізді балағаттаса – біздің кек алмауымыз керек пе?.. Сіз бізді жауыздыққа үйретіп жатырсыз, мен оны орындап жатырмын. Қорықпаңыз, мен әлі өз ұстаздарымнан озып кетемін».

Шейлоктің бұл монологын тыңдаған көрермен оның мейірімсіздігі туралы сезімнен біраз арылады, ғайбатталған жанға аяушылық сезімі оянады. Шейлок кемсітіліп келген еврей халқы құқықтарының қорғаушысы болып шығады. Бірақ, байлық жинағыш Шейлок – жаңа типтегі буржуазия өкілі. Дегенмен, ол көбінесе тасжүрек, мейірімсіз, залым кекшіл күйінде қалады. Ол Венеция денесіне шыққан қатерлі ісік – ауру ғана емес, осы қоғамның жемісі және оның құрбаны да. Сол себепті Шейлок сауда-саттықтың отаны Венецияның ақша заңдарына қатты бағынады, берген қарыздарынан өсім алады. Қарызын төлей алмағандарды қан қақсатады. Соның үшін қала әкімі де, сенаторлар да Антонионы ашық қолдай алмайды. Бұл жағдайды Шейлок шебер пайдаланады.



Өсімқор, сараң және катал Шейлокті сынаған Шекспир еврейлер туралы орта ғасырда кең тараған теріс пікірлерді мойындамайды, олардың барша халықтармен тең екендігін қорғайды.

А.С. Пушкин Шейлок образының күрделілігін атап өтіп, «Шейлок сараң, зерек, кекшіл ғана емес, ол мейірімді әке, ділмар, ақылды адам ретінде де танылады», – деген еді. Шындығында да, Шейлок адамгершілік қасиеттерден мақұрым жан емес. Шейлок марқұм әйелін қатты сүйетін. Қызы Жессика алып кеткен алтын жүзік ол үшін тек құнды бұйым ғана емес, сонымен бірге әйелінен қалған бағалы естелік те. Ол қызын жаман көрмейді. Жессика үйді тастап, Лоренцомен қашып кеткеннен кейін ғана, оның жүрегінде қызына деген жиіркеніш сезімі туады. Шейлок жалғыз болса да, дұшпандарымен жеке алысады. Заңға бағынатындығын айтып, ащы шындықты баяндаудан қорықпайды.

Сот та ол үшін «қорқынышты» емес, айыптап отырған дұшпандарының қол астында да сансыз құлдардың азап шегіп жатқандығын жақсы біледі. Бұл нәрсе Шейлокке қуат береді.

«Қолдарыңыздағы құлдарды ұстауда өздеріңізді әділ деп біледі екенсіздер, мен де өз ісіме адалмын», деп заңды тілге алады. Шейлок ақшаға құмар, сараң және жыртқыш мінезді болуымен бірге парасатты, өткір зейінді де.

Осы сияқты Қарабай бейнесі де өте шебер жасалған образ. Пьесаның алғашқы көрінісінде-ақ оның қандай адам екенін бірден сеземіз: «Қарабайдікі дегенде бұл жұрттың қызықпайтыны болсайшы! Тек талап алайын деп отыр... Түс көрсе, менің жылқымнан басқаны көруді қойыпты бұл ел!.. Ел дейді мұны! Ел ме екен осы? Жау емес пе торлап тұрған! Адыра қалсын бүйтіп ел болғаны!.. Қайран қолды-қолда кеткелі тұрған иесіз дүниелік» дейді ол.

Пьесадағы Қарабайға жақын тұрған образ – Жантық образы. Олардың мақсаты бір болғанымен, оған жету жолдары, әдіс-айласы әртүрлі. Қарабай көп малдың қызығын өзіне де қимай, бейнетке батып жүріп баюды ойласа, Жантық ондай емес. Ол алдымен байдың жалғыз мұрагері болған Баянды мерт қылып, содан кейін әрең жүрген Қарабайды боранда қалдырып, көзін құртпақ ойы бар. Иесіз қалған мыңғырған малды иемденгісі келеді. Ол өз заманында барлық күштің малда, байлықта екенін жақсы біледі. Осы жолда қандай зұлымдықтан да бас тартпайды.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» драмасы турасында: «...Туған мезгіліне және өзінің қазақ совет драматургиясында алатын орнына қарағанда, осы он бес жыл ішіндегі қазақ драматургиясының ең зор табысы, біздің талантты жазушымыз Ғабит Мүсірепов жазған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» [3, 18], – деп өзінің жоғары бағасын берген болатын

Қазақ драматургиясы өзінің тарихи даму жолында осы халықтық мол қазынадан озық және үздік дәстүрлерді өз бойына сіңіріп, пайдаланып келді.

Фольклордың ерекше түрлеріне халықтық жанрлар мен эпостық шығармалар жататындығы даусыз. Ал енді драма жанрында оның дәстүрлерін игеру өте қиын шаруа. Мұның күрделілігі сонда, ауыз әдебиеті жанры тек қана тыңдауға арналған дүние. Оны сахна тіліне аудару көп тәжірибені қажет етеді. Эпикалық материалдарды жаңа драма жанрында игерудегі әдеби талпыныстар қазақ әдебиетінде өткен ғасырдың бастарында қолға алынды. Бұл игілікті істің негізін салушылар біз жоғарыда әңгімелеген М.Әуезов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов және т.б. болды.

Эпос құрамында драмалық элементтері болғанымен, ол драмалық шығарма емес. Өзінің табиғаты жағынан эпос драмадан өзіндік белгілерімен ерекшеленеді. Біріншіден, эпостың көлемі кең, уақыт кеңістігі мен оқиғаны қамтуда аялы, кейіпкерлер саны шексіз. Сонымен бірге бір оқиғадан екінші оқиғаға ауысуы өте шапшаң, жедел болады. Драма сахналық жанр болғандықтан, бұл әдістердің ешқайсысынан пайдалана алмайды. Өйткені мұндағы кеңістік пен уақыт шектеулі. Драманың тағы бір ерекшелігі, автор елеспесіз қалып, қимыл-әрекетті кейіпкерлеріне табыстайды.

Драманың осы ерекшеліктері драмашылардың оқиғаға материал таңдап, талдауында үлкен жауапкершілікті болуын талап етеді. Көптеген дастандарда мазмұнның халықтығы батырлардың әрекеттері арқылы беріліп, тарихты жасаушы халықтың өзі көлеңкеде қалады. Мұнан біз өте ертедегі дәуір саясатын, эстетикалық, қоғамдық тұрмыс тынысының ізін сезінеміз. Ескі әдеби әдістер бұл күнде өзінің маңыздылығын, тазалығын жойып отыр. Бүгінгі оқырманға ол қызықсыз. Анау немесе мынау дастанды сахналастырғанда жазушыдан үлкен тәжірибе, көп білімділік және жоғары көркемдік мәдениет қажет етіледі. Осылардың бірінсіз дастанның сахналасуы мүмкін емес. Сонымен бірге шығармашылық, даралық және жаңашылдық қатынас та керек.

Осы жерде айта кететін бір жағдай, ұлттық драматургияның тілі туралы зерттеулердің аздығы.

Эпикалық дастандардан драмалық шығармалардың туып, әрбір ұлт сахналарында қойылғаны жайында хабардармыз. Біздің қазақ драматургиясы тарихында да эпостық жырлардың (көбінесе «Батырлар жырының») орны ерекше. Батырлар жырының тартымды сюжеттік желісі, композициялық құрылысы, қаһармандардың тартыстары мен психологиялық жай-күйлері, олардың характерлерге айналу жолдары ұлттық прозамыздың жасалу үдерісіне ықпал еткені даусыз. Ақындарымыздың фольклорлық үлгіде жазған дастандарына халықтық жырлардың тигізген әсері әдебиетші ғалымдардың еңбектерінде молынан зерттелді. Дегенмен, осы батырлар жыры көркем прозада қайта жазылған жоқ. Ал, бұл болса драматургия үшін таусылмас көркем қазына болып шықты. Біздің үлгілі қойылымдарымызға айналған пьесаларымыздың негізгілері сол эпостық туындыларға қатысты болуы да осыдан болса керек. «Еңлік-Кебек», «Қобыланды» немесе «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары неліктен трагедиялық пьесаларға жеңіл айнала салды, неге прозалық шығармаларға негіз болмады дейтін сұрақтардың туындайтыны шындық. Өйткені, қазақтың, сонымен бірге туыстас халық болған қарақалпақтың эпостық жырлары өзінің табиғатымен, тегімен, композициялық құрылысымен прозадан гөрі драмаға өте жақын. Бұл жайында Мұхтар Әуезов: «Эпостық дастандардың шығу тегі сөз болғанда олар тұрмыс-салт жырларының негізінде туды деп айтуға кәміл болады.

Батыр жорыққа аттанғанда айтылатын «қоштасу» жыры, ол қалыңдық әкелгенде айтылатын үйлену-салт жыры, ол өлгенде жанкүйерлері жылап-сықтап айтатын «жоқтау» жыры сол батыр жайындағы эпостық жырдың негізін құрамауы мүмкін емес. Мәселен, бір кезде Сайын деген батырдың жайына байланысты туған «қоштасу» жыры, ол өлгенде туған «естірту» жыры, әйелінің «жоқтау» жыры кейін бір ақынның өзекті желіге түсіруі арқасында дастанның тұңғыш нұсқасын жасауға ықтимал» [4, 64], – деген еді.

Бұдан туындайтын пікір, эпостық дастандағы кейіпкерлердің сан алуандығы, олардың характерлерінің айқындығы, типтік бейнеге айналған тұлғалардың молдығы олардың драмалық яки сахналық образдарға жылдам айналуын жеңілдетеді

Дәл осындай, драмаға толы, характерлері бай, трагедиялық махаббаты бар, катал да жауыз жаулары басым эпостың бірі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры дер едік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрғалиев Р. Күретамыр. Қазақ драматургиясының поэтикасы. Монография. – Алматы, 1973. - 276 б.
- 2 Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. - А.: Жазушы, 1971. - 346 б.
- 3 Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. – Алматы, 1964. - 176 б.
- 4 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1963. - 468 б.
- 5 Әуезов М. Шығармалары. II том. – Алматы, 1969. - 326 б.



РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается художественное мастерство в произведении «Козы-Корпеш – Баян-сулу» известного казахского писателя Габита Мусрепова.

RESUME

This article is devoted to the usage of folk-lore nature plot, especially the nature of characters in “Kozı Korpesh – Bayan sulu” tragedy by Gabit Musrepov and the writer’s mastership in displaying that epoch.

ӘОЖ 82-1(0)

Аннотация

Мақалада қарақалпақ драматургиясында қолданылған сюжеттердің табиғаты қарастырылған. Әсіресе, Әбдіраман Өтеповтің комедияларындағы кейіпкерлер табиғатын, кезең көрінісін ашудағы қаламгер шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Түйін сөздер: фольклор, комедия, кейіпкер, образ, идея, диалог, тартыс, мінез, эпикалық дастан, монолог.

Ж.Т. Қобланов

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, ф.ғ.к., доцент

Сахна және өмір ШЫНДЫҒЫ

Халық өмірі мен әдет-ғұрпының неше алуан әдемі көріністері әдебиетте, көркемөнерде кеңінен орын алған. Бұл ретте ел ішіндегі ұнамды істермен бірге жағымсыз көріністер, ұстамсыз жандардың іс-әрекеттері қарақалпақ драматургиясында да әркез түрлі дәрежеде көрініп отырды. Әсіресе күлкі-қалжың, әзіл-оспаққа құмар қарақалпақ халқының өміріндегі неше алуан күлкілі жәйттері сахнадан да көрініс таба білді.

Қарақалпақ драматургиясында сахна өнерін дамытуға Әбдіраман Өтеповтің қосқан үлесі зор. Ол өзінің бұл саладағы еңбегін, талантын халық театрын дамытумен тығыз байланыста өрістетті. 1920 жылы құрылған «Таң нұры» атты қалалық театр үйірмесіне жетекшілік жасады. Әуелі үйірмеге аз актілі пьесаларды жазып, онда ел өмірінің тынысын көрсетті. 1922 жылы осы үйірме үшін «Жездежан», «Зындан» атты пьесаларын жазса, 1924 жылы екі адамның айтысына негізделген «Алтынкүл», «Кетсең кеттім», «Таза қоныс», «Шәлеке бай» т.б. драмаларын арнады.

1929-32 жылдары Ә.Өтеповтің бірнеше комедиясы мен драмасы сахналанды. Олардың ішінде «Одеколон», «900 грамм», «Бояушы уәкіл», «Мәссаған», «Колхоз тұрмысы», «Тұман», «Мархабай батыр» т.б. туындыларында ел өмірі, ондағы келеңсіз жайлар оң көрініс тауып отырды. Ал, «Мен не қылайын, ойбай», «Нені айтайын», «Хау, бұл кім?», «Алпыс метр, жетпіс метр», «Жасырын мөлтек», «Жігіт пен әйелдің айтысы», «Қатын айырушылар», «Колхозшы мен дәрігер» т.б. драма, комедиялары адам мен оның іс-әрекеттерін, келеңсіз көріністерді арқау етеді.



Бұл шығармалардың көпшілігін Ә.Өтепов «Таң нұры» үйірмесімен бірге ел аралап жүргенде көрген, естіген оқиғалары негізінде тез жазып, сахнаға шығарған еді. Сондықтан да көп жағдайларда комедияның кейіпкерлері көркем образ дәрежесіне көтеріле алмай күлкілі әңгіме, фельетон дәрежесінде қалған тұстары бар. Мысалы, «900 грамм» комедиясында «Марат» деген колхозда бір колхозшы жыл-он екі ай жұмысқа шықпайды. Анда-санда өз орнына баласын жібереді. Жыл аяғында есеп айырысатын кезде келіп, еңбекақысын сұрайды. Колхоздың есепшісі есептей келе, оған: «900 грамм бидай аласыз», - дейді. 900 грамм дегенді түсінбеген колхозшы бір батпан (40 кг) екен деп, ауылдан арба іздеп әлек болады. Автор таныс көрініс, қарапайым жайларды ел оқиғаларына құрып, кейіпкерлер іс-әрекетін, мінез қырларын соған сай суреттейді. Осы тұрғыдан алғанда комедия өз міндетін толық атқарған.

1932 жылдан бастап Ә.Өтепов бұрынғы үгіт-насихат мақсатында асығыс жазылған шығармаларға маңыз беріп, күрделі пьесалар жазуға қадам жасайды. Бұрынғы күндіз жазып, кешке көрермендерге ұсынатын, жеңіл күлкіге құрылған пьесаларының барлығын дерлік қайта қарап, жаңартып отырады. Солардың бірі – 1925-27 жылдары жазылған «Шәлеке бай» атты комедиясы. 1927-28 жылдары осы комедияны автор «Теңін тапқан қыз» атты үш актілі сатиралық комедияға айналдырады. Пьесаның ішкі құрылымдарында да өзгерістер болды. Мәселен, екінші көріністі «Құда түсу» десе, үшінші көріністі «Қыз ұзату» деп атады. Пьесаның аяғында негізгі тұлға Тіллекхан өзінің сүйген жігіті, ауыл мұғалімі Сәлменмен қашып кетіп, көңіл қосады.

Бұл пьесаға автор 1929-30 жылдары қайта оралып, төртінші актіні қосады. Соттың мәжілісіне зор маңыз беріліп, ұнамсыз кейіпкерлердің жауапқа тартылғандығы кең салтанат құрады.

Пьесаның тақырыбында айтарлықтай жаңалық жоқ. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарының бірінде Шәлеке бай құтырып, Сұлтанмұрат деген кедей балықшының Тіллекхан есімді жас қызына үйленбекші болады. Қыздың әкесі әуелі көнбегенімен, «қалың малға 50 сиыр беремін» деген соң 65 жастағы шалға қызын беруге келіседі. Ауыл мұғалімі Сәлмен қыз тағдырына араша түсіп, оны құтқарады. Соңынан өзі үйленеді. Қарақалпақ халқының тұрмыс-тіршілігінде кеңес өкіметі орнағаннан кейін де, көп жылдарға дейін жас қыздар өз теңдеріне қосыла алмағанын ескерсек, аталмыш шығарма уақыт үніне сай шыққан. Пьесаның тақырыбы таныс болғанмен, кейіпкерлер ой-санасында жаңалық бар, заман талабына сай іс-әрекеттерге барады. Ең негізгісі, ескі көзқарас, дәстүрге уақыт талабы тұрғысынан үн қату, оңды шешім қабылдау т.т. маңызды шыққан. Пьесаның басты мұратының өзі осында жатыр.

Әдетте, сатира жазумен шұғылданған жазушылар барлық жүкті, күлкі шақырар әрекеттерді негізгі тұлға төңірегіне жинақтап, қалғандарына көңіл аудара бермейді. Сондай тұста ұнамсыз бейнелердің көбі қара бояумен жазылады да, оларды бірінен-бірі айыру қиынға соғады. Ондай кейіпкерлер көбінесе жансыз, схемалық аяда қатып қалады. Ал, Ә.Өтепов пьесасында мұндай кемшілік байқалмайды. Бұл пьесаның құндылығы барлық кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің қызықтылығында, тартымдылығында жатыр. Мысалы, Шәлеке бай 65 жасқа келгенінде 14-15 жастағы Тіллекханға үйленуді ойлайды. Баласы Бекмұратты шақырып, сақалындағы ақты жұлуды өтінеді. Баласы әуелі сақалдың ағын біртіндеп жұлады да, кейін қайшымен сақалын да, мұртын да сыпырып тастайды. Өзін масқаралаған баласын Шәлеке аямай сабайды. Бетін орамалмен таңып алады да, «тісім ауырды» деп сылтау айтады. Міне, осы сияқты комедияға тән белгілер пьесада баршылық.

Ә.Өтепов комедиясында уақыт пен халық рухы бар. Сондықтан ол қарақалпақ драматургиясындағы комедия саласының шебері саналады.

Алайда уақытқа, оқиғаға ілесе қимылдап, заманын, замандастарын жырлаған, бәрін қамтып, барын айтуға асыққан жазушының мінсіз болмауы да анық. Осы ретте, Ә.Өтеповте де артық, кем тұстар бар. Оқиғаның қызықты қырларын тауып, өткір де әдемі

характерлерді жасаған жазушы кейде ұсақ детальдар аясында қалады, қызық та тартымды оқиғаларды екінші кезекке қалдырып қояды.

Ақиқатында, пьесада өмір шындығы суреттелген. Оқиға желісі күлкіге құрылғандықтан да автор бұл шығармасын комедия деп атаған. Пьесадағы оқиға тартысы көрерменді сендіреді. Кейіпкерлердің бәрінің де іс-әрекеті күмән туғызбайды. Мысалы, пьесаның басты қаһарманы Тіллекхан - 14-15 жасқа келген балауса қыз, әуелі Шәлеке байдың ойын естігенде не істерін білмей, сасқалақтап қалады. Кейінірек құрбыларының, ауыл мұғалімі Сәлменнің ақыл-кеңесінен соң ұяндықты, балалықты қойып, өжеттікке, батылдыققа бел байлайды. «Шәлеке байдың әйелі болғанша, өлгенім жақсы. Жоқ, мен Сәлмен мұғалімнің айтқанын орындауым керек. Ол маған шындықтың бетін ашты. Менің әлі дүниедегі ең бақытты адам болатыным анық. Ескі өмір, адыра қалғыр ескі әдет-ғұрып бәрі де құрып, жаңарады. Жоқ, мен бүгін-ақ ауылдан кетіп, қалаға баруым керек, шыдамым бітті, енді не болса да көруім керек» дейді Тіллекхан [1,150].

Тіллекханның анасы Мариям ойы да назар аударарлық: «Ойбай, ұят-ай, мен әуелі Шәлеке бай біздің қызды баласына әпермек болып құда түсуге келген екен деп қалдым. Сөйтсем, өзінің ойы бар екен ғой, ұят-ай», - десе, кейінірек Шәлеке байдың қалың мал үшін көп мал беретінін естігенде Мариям басқаша ойлап: «Естіген елден ұят-ау, бірақ, қайтеміз, дүние дегеннен жүрдаймыз. Біраз мал бітіп қалар ма екен?!» - деп өзін-өзі жұбатқан болады.

Шәлекенің баласы: «Әке, ол қыз менімен құрдас қой... Ол саған әйелдікке жарамайды, тым жас бала ғой», - дейді. Қысқасы, пьесадағы кейіпкерлердің бәрінің де іс-әрекеті күлкі шақырады. Шәлеке бай өз отбасында басқа адамдардың да (өз қызметшісі Жаман сияқты) ащы мазағына ұшырайды.

Комедияның табиғатын терең ұғынған Ә.Өтепов таза күлкінің мәнін, оның адамға, іс-әрекетіне әсерін жете біледі. Алғашқы тұста саяси-насихаттық сипатта қалам тербеген драмашы кейінгі еңбектерінде өмірден өрбіген шындықты, іс-әрекеттерді нақты көрсетеді. Бұл ретте орыс ақыны В.Маяковскийдің «Кімнің жазықты, кімнің жазықсыз екенін тура көрсету менің үгітшілік нысанам, мен бұл жұмыстағы бұлдырық, ұғымсыздықты сүймеймін, мен кімнің доңыз екенін жеткізе айтқанды ұнатамын» деген ойларында шындық бар, әрі осы нысананы өзге қаламгерлер секілді Ә.Өтепов та өз шығармасында берік ұстанады.

Ауыл мұғалімі Сәлмен пьесада үш жерде көрінсе де, автор оны өз дәрежесінде көрсете білген. Ол - жас қарақалпақ интеллигенциясының озық идеялы өкілі. Оның іс-әрекеті, мінез-құлқы, ұстамдылығы туралы пьесаның басынан аяғына дейін кейіпкерлер сөз қылады. Ә.Өтепов өзінің бұл пьесасында халықтың әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын да шынайы көрсетеді. Мақал-мәтелдерді де тиісті жерінде дұрыс қолданып отырған.

Отызыншы жылдардың басында Ә.Өтепов «Бояушы уәкіл» атты сатиралық комедия жазды. Онда жазушы Палымбет деген уәкілдің көзбояушылығын, қоғам мүддесінен өз мақсатын жоғары ұстайтын өзімшіл адамның келеңсіз мінезін сатираның улы тілімен әшкерелейді. Палымбет - сол кездің нағыз содырлы, сенімсіз өкілі. Ол шаруа адамның өкілі ретінде ауыл кеңесінің төрағасы болып сайланды. Өзінен жоғарыларға жағынып, төмендегілерді менсінбейтін мүлде бөтен адам болып шыға келді. Ақпарларды өтірік дайындайтын, алаяқ, тоғышар. Әйелі Гүлсәнем де, «апама жездем сай» дегендей, дәл өзі сияқты тоғышар, жағымсыз. Бұл екеуін де автор өздеріне ғана тән даралық өзгешеліктермен нақыштап суреттейді. Өткір сатираның қою бояуын аямайды. Бірақ автор осы пьесасында Палымбет пен оның әйелі Гүлсәнемді шебер суреттей отырып, олардың іс-әрекетін әшкерелей білетін ұнамды кейіпкерлерді өз дәрежесінде көрсете алмаған. Ауылдық кеңестің хатшысы Сытым да басқа кейіпкерлер секілді типтік дәрежеге көтеріле алмай қалған.

Дегенмен, автордың бұл комедиясын көпшілік жылы қабылдады. Мемлекеттік және әуесқойлар театрларында әлденеше рет көрсетілді. Тіпті туысқан халықтар әдебиетінде



осы мазмұндас тақырыптағы туындылар да кездеседі. Мысалы, дәл осындай уәкілді қазақ жазушысы Бейімбет Майлин де жазды. Әрине, Бейімбеттің «Талтаңбайдың тәртібі» атты сатирасы тақырып ұқсастығы болмаса, көркемдік шеберлігі жағынан аса жоғары тұрған классикалық туынды екендігі даусыз. Бұған зерттеушілер ой-пікірі дәлел бола алады. Мысалы, қазақ драматургиясы туралы ең алғаш зерттеу еңбек жазған әдебиетші, ғалым Сейділда Ордалиев: «Талтаңбайдың образы арқылы автор сол кездегі әпербақан есерсоқ уәкілдерді, асыра сілтеу мен көзбояушылыққа жол берген «белсенділерді» әшкерелейді. Сондықтан да «Талтаңбайдың тәртібі» күні бүгінге дейін көркемдік бағасын жоғалтпаған пьеса, онда дәл қазірдің өзінде бүгінгі күннің үні мен жаңа лебізі байқалады» [2, 52], - десе, Б.Майлин драматургиясын арнайы зерттеген ғалым Рәзия Рүстембекова өз ойын былай білдіреді: «Сатиралық комедияға тән осы ерекшеліктерді «Талтаңбайдың тәртібінен» ұшыратамыз. Сатиралық мазмұн жағынан ең күшті шыққан образ – Талтаңбай. Образды айқындап күшейте түсу мақсатымен автор гиперболаны қолданды. Сөйтіп шығарманы гротеск комедияға дейін көтереді. Гротеск комедия басты образды әсерлеу (гипербола) әдісімен көрсету, демек Талтаңбай образы осыған сай келеді» [3, 104].

Пьесада басты кейіпкер – ауданнан келген өкіл Талтаңбаев. Ол қолынан іс келмейтін көпірме, мақтаншақ, азғын адам. Елге келгендегі негізгі жұмысын ұмытып, қыз-келіншектерге көз салып, әуре болады. Сонымен бірге шала орысшасымен шатпақтап, ел алдында масқара күйге түседі. Пьесада осыған ұқсас колхоз председателі Шапшаңбай мен колхоз есепшісі Сүндеттің сатиралық образдары да сәтті шыққан. Өзі есепші Сүндет пьесаның аяғына дейін «бір мың төрт жүз отыз» деген санды шығара алмай әуре болады. Сонысына қарамай Шапшаңбайдың әйелі Күнжанмен көңілдес.

Шапшаңбайдың әйелі Күнжан өзіндік ерекшеліктерге ие характер. Қазақ драматургиясында бұған дейін де бұзық әйелдер бейнелері болғаны мәлім. Бірақ Күнжан бейнесі оларға мүлде ұқсамайды. Ол оншалықты ақылды емес, бірақ көрікті, сайқал әйел. Оны күйеуі Шапшаңбай өз қара басының мүддесі үшін ауданнан келген лауазымды өкілдермен ойнастық қылуға итермелейді. Ал Күнжан бұл сорақы әрекеттерге Шапшаңбайға жаны ашығандықтан емес, өзінің жеңілтектігі себепті барады. Күнжанның мұндай характерін драмашы аз сөзбен-ақ өте шебер ашады. «Түу келе береді, келе береді, бірінен екіншісі тәуір... Келгенде ақыра, жекіре келетіні несі екен? Шай қайнатымға бармай жайылып түсіп «жеңгейлеп» асты-үстіңе түсе бастайды-ау. Талтаңбаев та сүйтті. Былтырғы райисполком да сүйтті. «Района» дейтін біреуі де... Е, тарғыл өгіз сықылданған тағы біреуі... Аты кім еді соның? Сүндет, Сүндет, былтырғы біздің үйден сені қуып шығатын жігіттің аты кім еді? Әлгі сені де, басқарманы да үйден қуып шығып... түу қызық екен-ау» [4, 109], – дейді.

Пьесадағы ұнамды кейіпкерлерге Жанбол, Дәурен, Бекен, Ақсүйрік, Қамза, Жұпар, Қайнар сияқты жандарды жатқызуға болады.

Қазақ драматургиясын түбегейлі зерттеген ғалымдар Әбділда Тәжібаев пен Рымғали Нұрғалиев те өз еңбектерінде бұл пьесаны аса жоғары бағалағаны белгілі.

1920 жылдары Б.Майлин комедиялық пьесаларды өнімді жазып, сахналады. Солардың ішінде «Жанашыр молда», «Айша», «Сәлде», «Көзілдірік» сияқты шағын пьесалары сахнаға жиі қойылды.

Бейімбет Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі» атты комедиясынан қарақалпақ сатирашылары көп үйреніп, оны өздеріне үлгі етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өтепов Ә. Пьесалары. Нүкис, 1969. - 168 б.
2. Ордалиев С. Бейімбет Майлин творчествосы. - Алматы, 1990. - 235 б.

-
- 3 Ордалиев С. Конфликт және характер. - Алматы, 1976. - 182 б.
 - 4 Ордалиев С. Қазақ совет драматургиясының очеркі. - Алматы, 1964. - 176 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается художественное мастерство в комедиях известного каракалпакского драматурга, общественного деятеля Абдирамана Утепова.

RESUME

In the article the author considers the artistic masterpiece in the comedies of a famous Karakalpak playwright and public figure Abdiraman Uteпов.



Б.Т. Жиеналина

Евразийский национальный университет Л.Н. Гумилева, старший преподаватель

Стратегия этнокультурного образования: методологический аспект

Аннотация

Данная статья посвящена проблеме формирования этнокультуроведческой компетенции обучающихся. Автор рассматривает методологический аспект этнокультурного образования. Статья рассчитана для преподавателей русского языка.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, антропоцентрическая парадигма, этнолингвистика, этнопсихология, этнопедагогика, психоллингвистика, лингвокультурология, этническая идентификация, государственная интеграция, поликультурная личность

Теоретические предпосылки включения культуры в аппарат методики обучения неродному языку связаны с вопросами взаимосвязи языка и культуры. Учитывая то обстоятельство, что данная проблема является сложной, необходимо раскрыть методологию исследования, отвечающую современному уровню познания и требованиям развития мысли в сфере гуманитарных наук.

Вопрос о соотношении языка и культуры в контексте человеческой деятельности ставили еще философы античного мира, отмечая активную роль языка в развитии культуры, постижения научных истин. Окончательно сформировавшийся язык способствует расцвету культуры, отражает психологию, социально-исторические условия жизни и особенности народа. Поэтому вполне вероятно, что язык, будучи средством коммуникации, выражения мыслей, выступает как инструмент передачи культурных ценностей, позволяет узнать многое не только о культуре, но и о народе, говорящем на этом языке: психический склад, нравы, практическую деятельность.

Г.В.Ф. Гегель обосновал особое значение языка в становлении духовного освоения материальной и духовной культуры, подчеркивая важную роль языка в развитии культуры и общества [1, 82]. Идея взаимосвязи языка и культуры получила развитие в концепции И.Г. Гердера, который рассматривал их как особые средства связи поколений в пространстве и времени, и с точки зрения влияния, которое они оказывают на формирование образа жизни и мировосприятия [2, 237]. Взаимосвязь языка и культуры получила новый импульс разработки в последние десятилетия XX в. в связи с возрастающим интересом к феномену культуры как

системе национальных ценностей и языку как отражению системы ценностей народа, а также в связи с национальным самосознанием этносов, пытающихся осмыслить свое место в истории человечества и свою роль в межкультурной и межъязыковой коммуникации в мировом сообществе. Это привело к формированию новой антропоцентрической парадигмы, сменившей онтологоцентрическую.

Антропоцентрическая парадигма ориентируется на субъект познания – человека в совокупности всех его признаков: личностных, национальных, социальных. Именно человек является тем связующим звеном, который объединяет научные поиски в различных областях гуманитарных дисциплин. Дальнейшее развитие и бурный расцвет ряда направлений находятся на стыке гуманитарных наук: этнолингвистики, этнопсихологии, этнопедagogики, психоллингвистики, лингвокультурологии, когнитивной лингвистики и т.д.

Язык традиционно определяется как «средство выражения культуры», «компонент культуры», «часть культуры». Развитие культуры осуществляется в недрах нации, зачастую в условиях глубокого классового расслоения и социальных катаклизмов, но тем не менее при безусловном национальном единстве, которое обеспечивается преемственностью культурных традиций.

Таким образом, взаимоотношения языка и культуры с необходимостью включают компонент «нация», превращаясь в триаду «язык-нация-культура».

Э. Сепир выдвинул тезис о единстве (сходстве) и специфики (различии) феноменов языка и культуры, который стал методологической основой дальнейших исследований в этой области: «Культуру можно определить как то, что данное общество делает и думает. Язык же есть то, как думают... Само собой разумеется, что содержание языка неразрывно связано с культурой» [3,193].

В. фон Гумбольдт понимал язык как вечно изменяющееся историческое явление, взаимосвязанное с «духом народа», которое следует понимать как «национальное сознание». Языковой процесс трактовался им в контексте сознания, культуры и социальной действительности [4,314]. С точки зрения В. фон Гумбольдта, силы духа с помощью языка воздействовали на развитие человека, культуры, цивилизации образования и просвещения. Высказанные им положения отмечают то, что язык и «дух народа» образуют единое целое.

Л. Фейербах поднял проблему взаимосвязи языка и культуры на новый уровень, определив, что незамкнутость языка и культуры является фундаментом их взаимодействия [5,187].

Таким образом, конкретно-исторический анализ взаимосвязи языка, культуры и общества показывает, что язык и культура как продукты исторического развития имеют конкретные социокультурные значения лишь в процессе человеческой деятельности. Помимо этого, язык есть духовное орудие создания культурных ценностей, а культура закрепляется с помощью него как духовное богатство, обогащая при этом и сам язык. Следовательно, язык как необходимое средство человеческого мышления и общения является условием развития культуры и передачи культурных ценностей от поколения к поколению.

В качестве первой предпосылки рассматривается деятельностный подход к изучению сущности языка. «Сущность – это внутреннее содержание предмета, выражающееся в единстве всех многообразных и противоречивых форм его бытия» [1, 665].

Вторичная сущность языка должна рассматриваться лишь как способ существования понятийно-идеальных форм мышления, поскольку словесный знак хочет быть определен по его логико-гносеологическим параметрам. Языковые знаки носят социальный характер. Они отображают развитие и совершенствование человеческого мышления, происходящее под влиянием развития человеческого общества, в первую очередь, производственной деятельности.



Изучение связи языковых единиц с действительностью показывают, что эта связь носит опосредованный характер и осуществляется путем отражения объективной реальности, «идеальной стороной языкового знака. Г.В.Колшанский отмечает: «Идеальность мышления в гносеологическом плане означает лишь его вторичность, но отнюдь не нематериальность и несуществование. Именно его существование и есть не что иное как вербальное существование, и языковой знак предстает поэтому как отчужденная форма, выработанная сознанием человека для тех материальных предметов и явлений, которые существуют вне человека, но «присвоены» его мышлением [6, 21].

Как процесс познания мышления остается реальным процессом, обнаруживающим себя в речевой деятельности индивидуума, и как общественное сознание оно обретает свою форму существования в конкретных языках. Общественная природа языка и мышления внутренне едина.

Язык выполняет свою функцию, существует как материальное явление, как звуковая система, организованная по конкретным законам фонетики, грамматики. Такая материализация, связанная с определенной формой физической природы, составляет отличительную особенность языка и выделяет его, как относительно самостоятельную сторону в единстве языка и мышления. Это общее положение относится к так называемой внутренней речи.

Различие двух сторон единства «язык-мышление» обуславливает и их своеобразие закономерностей развития, и определенную качественную характеристику их взаимоотношений. Язык есть реальное существование мысли. Без языка, вне его, мысль не проявляется и вообще не существует. Мысль можно исследовать, изучать лишь на базе языка.

Некоторые лингвисты и логики иногда ссылаются на то, что язык выражает не только мысли, но и эмоции, волю, чувства и что поэтому его можно считать непосредственной действительностью также этих психических процессов. Однако выражение эмоций, чувств, воли осуществляется через мысли, понятия. «Эмоции, воля и чувства находят свое выражение в языке, как и все объекты, включаемые в сферу психической жизни человека, только как осмысленные явления» [7, 17], или выражаемое в языке содержание будет всегда мыслительным содержанием.

Язык как реальность мыслительного процесса обнаруживает мышление во всем его объеме, во всех его элементах. Не только понятия передаются языковыми средствами, но и вся логическая структура мышления получает свое материальное выявление в языковой форме. Жизнь мысли и составляет содержание языка.

Благодаря этому язык является полноценным единственным средством передачи мысли, средством общения людей. Общественная функция языка определяется его сущностью – быть практическим сознанием.

Непосредственность связи языка и мышления заключается в том, что между ними нет ничего «среднего», промежуточного. Язык выражает мышление, а мышление выражается в языке прямо, непосредственно, без всяких соединительных звеньев.

В этой связи интересно суждение Ф. Соссюра: «Язык можно также сравнить с листом бумаги: мысль его лицевая сторона, а звук – оборотная; нельзя разрезать лицевую сторону, не разрезав и оборотную; так и в языке нельзя отделить ни мысль от звука, ни звук от мысли; этого можно достигнуть лишь путем абстракции, что неизбежно приведет либо к чистой психологии, либо к чистой фонологии» [8, 113].

Формальный строй мышления, как и его содержание, выявляется в языке, логическая структура мышления материально обнаруживается в системе языка. Язык может быть практическим сознанием лишь в том случае, если он передает мышление в полном его объеме – как со стороны содержания, так и со стороны его структуры. Нельзя признавать единство языка мышления, не признавая единства во всех их составных элементах.

Так, например, семантика слов должна рассматриваться в гносеологическом плане как субъективный образ, как единый идеальный момент, отражающий в конечном итоге явления и отношения объективного мира.

Объектом семантики являются не только отношения между значениями слов, т.е. функциональные или дифференциальные значения, а план содержания как таковой.

Категория логического мышления – понятие, суждение, умозаключение – являются основными формами мышления, скрепляющими в одно целое, в одну систему все содержание наших знаний. Мышление, как процесс познания в своем языковом выражении, своей единственной реальности не может подвергаться структурному изменению средствами языка, так как язык не выступает инородной по отношению к мышлению природой, не накладывается на мышление извне, а сам есть реальность мысли.

Любой конкретный язык обладает одновременно всеобщими признаками языка как средства общения человека. Эта основа является предпосылкой взаимопонимания народов, говорящих на разных языках, возможности перевода с одного языка на другой. В связи с этим интересна мысль И.М. Сеченова: «Воплощаясь в слове, мысль (и взрослого, и ребенка) принимает всегда одну и ту же форму, основной тип которой известен всякому из трехчленного предложения. Благодаря неизменности этой формы у людей разных возрастов, разных эпох и степеней развития нам одинаково понятны и размышления дикаря и ребенка, мысли наших современников и предков. Благодаря тому же в жизни человечества существует преемство мысли, тянущееся через века» [9, 402].

При определении вербального общения как взаимодействия людей, осуществляемого различными видами речевой деятельности, важнейшее значение приобретает вопрос о природе вербальной коммуникации.

Широкое распространение получила концепция Ф. Соссюра о том, что единственным и истинным объектом лингвистики является язык, рассматриваемый в самом себе и для себя [8,246], которой противопоставлялись различные точки зрения, отстаивающие синтез языка и речи как предмета лингвистики. Так, в концепции И.А. Зимней неоднородность и соответственно самостоятельность языка и речи, а вместе с тем их неразрывное единство, психологически определяется особенностями отношения к самой мыслительно, когнитивно-коммуникативной деятельности человека. По отношению к мысли, высказываемой или воспринимаемой субъектом, язык является средством, а речь – способом формирования и формулирования этой мысли. По отношению к общению язык и речь вместе как единство средств и способов являются средством и условием общения. По отношению к самим процессам говорения, слушания, чтения, письма язык и речь рассматриваются как внутренний механизм этих процессов [10, 56].

В области философии язык традиционно рассматривался как форма для выражения внешнего содержания, как «система знаков», «информационный код».

Осы жылдар аралығында айтарлықтай ақынның айшықты асыл мұрасын әр тараптан зерттеп А.Қ. Мамадалиев [2], А.Б. Сейсекенова [3], С. Ізтілеуова [4], С.Қ. Құрманбаева [5] сияқты зерттеушілер түрлі тақырыпта диссертациялар қорғады. Мысалға: С. Ізтілеуова «Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясында Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесін арнайы қарастырып, ғылыми тұрғыдан талдады. Бұл да ақын поэзиясындағы тұлға мәселесі алғаш рет жеке ғылыми зерттеу объектісі ретінде қарады. Шәкәрім шығармаларындағы адам тұлғасының сомдау ерекшеліктері мен оның «қоғамды түзету», «адамды түзету» концепциясының арасындағы тығыз байланыстың табиғатына барлау жасап, ақын поэзиясындағы адам тұлғасын өрнектеу ерекшеліктерін Абай поэзиясындағы нысандармен салыстыру арқылы көрсетті. Зерттеуші С. Ізтілеуова қазақ әдебиетіндегі адам тұлғасы, жеке тұлға мәселесін қарастыра келіп Шәкәрімнің нәр алған бастауларының тым тереңде жатқандығын айтады. «Ол мәселен, ертедегі Орхон - Енисей жазбаларынан бастап, Әл - Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иасауи, Махмұт Қашқари, Мұхамед Қайдар Дулати, Бұқар жырау, Абай т.б. ұлы ойшыл ақындар туындыларында «түзу адам», «жетілген адам» «толық адам», деген ұғымдардың кездесетіндігін «Халқын сүйген патриот, ел мұңын ойлаған, әділет пен адалдықты жақтаған адамдар болса ел де түзеліп, өркениет жолына түседі» деген қағида ұсынылатындығын баяндай отырып, «өз поэзиясында Шәкәрім де қазақ жұртына осы проблеманы насихаттап ұғындыруда аса зор еңбек етті», - дейді. Олардың еңбектерімен салыстыра отырып Шәкәрімнің өзіндік ерекшелігін де көрсетеді. Мысалы, «Иассауи мен Қашқари бәйіттерінде насихатшылдық, ағартушылық, тәлімгерлік сарын басым болса, Шәкәрімде дүниетанымдық, сыншылдық, эстетикалық қасиеттерді бейнелеу мол. Дана бабалардың қайсыбір шығармасына назар салсақ та, Шәкәрімнің олармен мазмұндық, танымдық, поэтикалық жалғастықта, сабақтастықта болғанын көреміз. Шәкәрім шығармаларынан Жүсіп Баласағұнның аты әйгілі еңбегі «Құдатғу білігімен» де үндестікті байқаймыз» - дейді [4]. Ал оқытушы Қ.С.Құрманбаева «Шәкәрім шығармаларының тарихи және әдеби негіздері» атты диссертациясында Шәкәрімнің эпикалық шығармаларының тарихи негізі, жанрлық табиғаты мен көркемдік қуатын жүйелі түрде ғылыми мәселе ретінде қарастырып, тарихи шындық пен әдеби шындық мәселелерінің ара қатысын айқындауға тырысты.

Көркемдік дәстүр жалғастығын танып білуге, хакім Абайдың ақындық мектебінің әсері, жалпы қазақ эпикасының оның шығармашылығының қалыптасу жайындағы рөлін байыптап, ақын шығармашылығын сол кездегі тарихи оқиғалармен, әлеуметтік мәселелермен, кейінгі кездерде табылған тың деректермен салыстыра отырып зерттеді.

Осы негізде ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты тың деректер мен

әр тараптан зерттеулер бұл кезеңнің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Шәкәрімді насихаттаушылардың бірі сазгер Арғынбек Ахметжанов тапсыруымен «Семей таңы» газетінің 2003 жылғы №35 санында «ақын ұрпақтарының бірнеше суреті мен ешқайда жарияланбаған Шәкәрімнің «Қоңырат» поэмасының бір бөлігі жарияланды. Бұнда ақынның басынан кешкен қиямет заман 1930 - жылдардан мәлімет берсе керек. Ал өзіндік ой нанымымен ақын мұрасын зерделеген белгілі саясаттану ғылымдарының докторы Сайын Борбасов «Шәкәрімнің әлеуметтік саяси көзқарастары» деген мақаласында «Шәкәрімнің шығармашылығының мазмұндық және идеялық ерекшелігі - ақынның ұлт тағдырына қатысты мәселелерді сөз ете отырып, жалпы адамзаттың құндылықтар мәселесін көтерді» [6], - деп көрсетеді. Сонымен қатар ғалым С.Борбасов ақын шығармаларының басты құндылығы деп - «гуманистік ойлау мен шешімдердің ұлттық құндылықтар арқылы адамзаттың, жаһандық деңгейге көтерілуі» [6] - дей отырып, оның поэзиясы мен философиясы өткен, бүгінгі ұрпақтардың ғана емес, келер ұрпақтардың да рухани тірегі, білімі және адамгершілік бұлағы болып қала беретіндігін айтады. Шәкәрімнің әлеуметтік ойының тереңдігін оның қазақ қоғамының шындықтарымен тамырластығында екенін айта отырып, ғалым былай деп нақтылайды: «Шәкәрімнің әлеуметтік көзқарастарының ауқымы кең. Ақын ағартушылық насихатпен шектелмейді. Халықты тәрбиелеудің, білім мен адамгершілікке тартудың нақты жолдарын көрсетеді. Сондықтан қазақ ұлтын топтастыратын, өркениетке бағыттайтын адамгершілік идеологиясын Шәкәрімнің шығармаларынан табамыз. Оның шығармаларының идеялық, поэтикалық қуаты ақынды ұлттың ұстазы деңгейіне көтерген десек, артық бағалау емес». Ғалым осылайша өз мақаласында Шәкәрімнің асыл мұрасының астарына үңіліп, әлеуметтік - саяси көзқарастарын айқындауға тырысты.

Іргелі зерттеулермен қатар ақын мұрасын жинақтап, жетілдіріп, қайта бастыру ісі де біршама қолға алынып, қомақты нәтижелерге жетті. Атап айтсақ: 2000 жылы «Арыс» баспасынан «Ғарифолла Әнестің алғы сөзімен» «Иманым» деген атпен бір топ жаратылыс жұмбағы Алла мен адам қарым - қатынасы, иман жайлы туындылары кітап болып жазылып шықса, 2006 - 2007 жылдары философия ғылымдарының докторы, профессор М.Жармұхамедұлының алғысөзімен 2 томдық толық шығармалар жинағы жарық көрді. Оның I томында ілгері де жарық көрген өлең, дастандарымен қатар кейіннен табылған өз қолжазбасынан алынған өлеңдері де енді. Ақын туындылары қолжазбамен салыстырыла отырып, кейбір түзетулермен толықтырылған. Ал II томында прозалық туындылары, қара сөздері, мақалалары және аудармалары топтастырылды. Сондай - ақ бұл жинаққа ақынның баласы Ахат Құдайбердиевтің әкесі жайындағы естелігі де енгізілген. Жинақ соңында ақын шығармалары туралы түсініктеме, өмірі мен шығармашылығына қатысты библиографиялық деректер де берілген. Бұл шығарылған толық шығармалар жинақтың ақынның бүгінде белгілі туындылары, ақын жайлы деректер толық қамтылған десек те болады. Бұл кітаптарда ақын Шәкәрім шығармаларының берілу бірізділігі біржола реттеліп, жүйеленіп, толықтырылған.

XX ғасырдың бас кезінде - ақ кеңінен танымал болған Шәкәрім, қазірде оның мұрасына құштарлық қазақ халқының қала берді әлем халықтары көкжиегінен көрініс таба бастағаны айқын. Ақынның қуатты көркем мұрасын зерттеу толастар емес.

Соның бір көрінісі ретінде 1998 жылдан бері Семейде өткізіліп келе жатқан аймақтық, республикалық, халықаралық дәрежедегі «Шәкәрім оқулары» атты дәстүрлі ғылыми - тәжірибелік конференциялары [7-8].

Мұнда әр жылдарда Шәкәрімді тану мәселесі қарастырылып, ақынның асыл мұрасын әр тараптан зерттеп, Шәкәрімтану ғылымының қалыптасып, керегесі кеңі түсуіне үлкен - үлкен игі істерге қол жеткізді.

Конференцияның әлі де жалғасып тауып, жаңалықтарымен қуанта беретіні айқын.

Сонымен қатар, осы жылдары ғалым Тұрсын Шаңбайдың құрастыруымен даярлан-



ған «Шәкәрімтану» библиографиялық көрсеткіші жарыққа шықты. Сондай-ақ, шәкәрімтануда саласындағы іргелі бір еңбектердің бірі «Шәкәрімтану мәселелері» деген сериялық ғылыми жинақтар жарық көрді. Бұл сериялық ғылыми жинақ Шәкәрімге қатысты өзге де жұмыстармен қатар жүргізіліп келе жатқан қыруар істің бірі деуге болады. Аталмыш жинақтың бүгінде томдықтары (соның ішінде бес томы) «Новосибирск», «Таллер - Пресс» баспасынан [9-12] 2006-2007 жылдар аралығында жарық көрді.

Бұл бес томдыққа негізінен Шәкәрім шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелеріне арналған мақалалар, түрлі құжаттар, Шәкәрім шығармаларынан түсініктемелер мен мәтінтану саласындағы еңбектер, библиографиялық және биографиялық реттегі материалдардың берілуі көзделген. Бестомдық жинақтың жарыққа шыққан төрт томы қазақ тілінде, ал бесінші томы орыс тілінде. Бұл сериялық жинақтарда Шәкәрімтану тарихы, мәселесі, ақынның өміріне қатысты тың деректер, ұрпақтары жайлы толық қамтылған деп айта аламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбдіғазизұлы Б. «Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. Филол. ғыл. докторы дис. автореф. – Алматы, 2001.
- 2 Мамадалиев А.К. Гуманистические идеи в общественных воззрениях акынов - мыслителей начала XIX - XX веков. Автореф. дис. канд. филолог. наук. – Алматы, 2003.
- 3 Сейсекенова А.Б. «Шәкәрім және Гете: поэзиясындағы шеберлі пен таным бірлігі». Филология ғыл.канд. дис. автореф. – Астана, 2003.
- 4 Ізтілеуова С. Шәкәрім поэзиясындағы тұлға мәселесі. Филология ғыл.канд. дис. автореф. – Алматы, 2000.
- 5 Құрманбаева Қ.С. «Шәкәрім поэмаларының тарихи және әдеби негіздері». Филология ғыл.канд. дис. автореф. – Астана, 2006.
- 6 Борбасов С. «Шәкәрімнің әлеуметтік-саяси көзқарастары» // Жалын. - 2006. - №4. - 14-206 б.
- 7 Шәкәрім дәрістері. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Семей, 1998.
- 8 Шәкәрім дәрістері. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Семей, 2002.
- 9 Шәкәрімтану мәселелері. (Құрастырған: Тұрдықұл Шаңбай). 1-к. - Семей. - Новосибирск: Талер - Пресс, 2006.
- 10 Шәкәрімтану мәселелері: (Құрастырған: Тұрдықұл Шаңбай). 2-к. - Семей.- Новосибирск: Талер - Пресс, 2006.
- 11 Шәкәрімтану мәселелері: (Құрастырған: Тұрдықұл Шаңбай). 3-к.- Семей.- Новосибирск: Талер - Пресс, 2006.
- 12 Шәкәрімтану мәселелері: (Құрастырған: Тұрдықұл Шаңбай). 4-к.- Семей.- Новосибирск: Талер - Пресс, 2006.

РЕЗИЮМЕ

В статье рассматривается поэтическое творчество Шакарима Кудайбердиева, внесшего важный вклад в развитие казахской литературы.

RESUME

One of the outstanding representatives of Abay's poetry school is Shakarim Kudaiberdiuly. He left a big heritage and made an important contribution to the development of the Kazakh literature. In this article the author researches the works of Shakarim.

ӘОЖ 398.91:[811.512.122'37:811.111]

Аннотация

Мақалада мақал-мәтелдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері, теориясы және практикалық маңызы бар мәселелер қамтылды. Осы жайттарды зерттеу, тану барысында тілге тиек, ойға түрткі боларлық студенттерге пайдасы тиерлік бірқатар мәселелердің жай-жапсары ашылып айтылды. Екі тілді салыстыра оқыту арқылы жасалған көптеген жұмыстардың маңызы зор. Халықтар арасындағы бір тілден екінші тілге мақал-мәтелдердің кең таралуына мүмкіншілік туғызады.

Түйін сөздер: ұлттық-мәдениеттік семантика, мақал, мәтел, сөздік құбылыстар, лексикалық ерекшеліктер, семантикалық ерекшеліктер, сөз өнері, тіл.

А.Ж. Сматова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
магистрант

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдерінің лексика- семантикалық ерекшеліктері

Қазақ халқы да өзге де халықтар сияқты атам заманнан қорланып, сұрыпталып, жиналасақталып, бүгінгі күнге жеткен көл-көсір фольклоры бар халық. Соның ішінде мақал-мәтелдерге өте бай ел. Мақал-мәтелді ел не үшін қадірлейді? Саф алтындай асылдығы, өткірлігі, ықшамдығы, даналығы, өнеге үйреткіш тәлімділігі, уыттылығы мен тапқырлығы үшін деген болар едік. Бүгінгі таңда шет тілін үйренуді халықтардың өзара түсініспеушілігін жойып, дудараздығын бәсеңдетудің құралына айналдырудың қажеттілігі туып отыр. Шет тілін үйренуші сол тілдің сөздік қорын игеріп, грамматика ережелерін меңгеріп, мәтінді аудару білу қабілетіне жетіп қана қоймай, сол тілді тудырған халықтың мәдениетін, өз халқының мәдениетінен кем білмеуге тырысуы керек. Мәдениет деген ұғымға халықтың өнер-білімі ғана емес, ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру стилі, ойлау ерекшелігі, ұлттық салт-дәстүрі, тұрмысы, өмірге деген көзқарасы да кіреді. Мақал-мәтелдер осы ұғымдарды айқын көрсететін айна.

Ұлттық мәдениеттік семантика ағылшын халқының мақал-мәтелдеріне де тән. Ағылшын мақал-мәтелдерінің мың жылдан астам тарихы бар халықтың өсіп-дамуының нәтижесі. Оларды тек көркем сөз құралы демей, ағылшын қоғамынан хабардар ететін білім қайнары деп те қараған жөн. Бұл да қазақ мақал-мәтелдеріне сөзсіз тән қасиет.



Алдымен, мақал дегеніміз не? Мәтел дегеніміз не? Мақал дегеніміз – өмір құбылыстарын жинақтайтын және типтендіретін, бір немесе екі бөлімнен құралып, алдыңғысы шарт немесе жалпы пайымдау, соңғысында қорытынды, түйінді пікір айтатын, бітімі бекем, өте ықшам, бейнелі әрі ырғақты халық нақылы [1, 248-б.]. Мәселен, адамнан ала да туады, құла да туады – *There is a black sheep in every flock*; Жүрекке әмір жүрмейді – *Love can't be forced*; Екі пет өлшеп, бір пет кес – *Second thoughts are best*; Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа – *Every country has its customs*; Есептескен ел болмас – *Between friends all is common*; Бас аманда мал тәтті, тән ауырса жан тәтті – *Wealth nothing without health* [3, 45-б.].

Мәтел дегеніміз – халық арасына көп тараған, қорытындысы болмайтын, тұжырымы тиянақталмаған, қарама-қарсы шендестіруі жоқ, ықшам кестелі халық сөзі. Мәтел бейнелей сөйлеу формасына ие. Мәтел мазмұнды бұлжытпай, турадан-тура береді, онда ой құрамындағы сөздердің тура мағынасынан тұрады, соның жүйелі логикалық байланысынан пайда болады [2, 10-б.]. Мысалы: *The devil is good to his own* – сайтан да жақынына тартады; *The course of true love never did run smooth* – Азапсыз махаббат – арзан махаббат.

Мақал-мәтел әрбір халықтың рухани қазынасы, философиялық пайым түйіні. Ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа жаттала тараған өнеге, үлгі, өсиет сөздердің киелі түзілімі. Адам пікірінің дәнекері, аталы сөздің мәуесі, дәмі, тұздығы.

Сөздік құбылыстар – халық тілінің жемісі, халық тілі дамуының кезеңі тудырған тіл құбылыстары. Әр елге, әр тілде сөйлейтін ұлттардың тілінде кездесетін тіл айырмашылығының пайда болуының тарихи сыры бар [6, 49-б.]. Мақал-мәтелдердегі лексикалық ерекшеліктері сол елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихына байланысты болып келеді. Олар лексикалық өзгерістерге бөлінгенмен семантикалық түсініктері ұқсас болады. Ұзақ жылғы тілдік қарым-қатынас нәтижесінде туған бірдей мағына беретін, ауысқан мақал-мәтелдер де аз емес. Демек, белгілі тарихи дамудың нәтижесінде туған тіл құбылыстары екендігі анық. Әдеби тілдің халық тілі негізінде дамып отырғаны белгілі. Халық тілі шешендік сөздер, мақал-мәтелдер – әдеби тілді байытудың қайнар бұлағы. Белгілі бір халыққа бір ұлтқа түсінікті әдеби тілдерде лексикалық өзгешеліктер кездеседі. Мақал-мәтелдерде кейбір сөздерде өзгешеліктер болғанымен мағыналары бірдей болып келеді. Мысалы: *The rotten apple injures the other apples* – Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді (алма-құмалақ); *Burn not your house to rid it of the mouse* – Битке өкпелеп тоныңды отқа салма (тон-үй, тышқан-бит); *If you run after to hares, you will catch neither* – Екі кеменің басын ұстаған суға кетеді (қоян-кеме); *Let sleeping dogs lie* – Жатқан жыланның құйрығын баспа (ит-жылан) т.б. Мұндағы алма-құмалақ, үй-тон, тышқан-бит, қоян-кеме, ит-жылан сөздері екі тілдің мақалдарында лексикалық өзгеріске ұшырағанмен, мағыналары бірдей ұғымды білдіреді [5, 24-б.].

Мақал-мәтелдердің мағыналас келуі қай тілде де ұрпақты халықтық тәрбие негізінде тәрбиелеуге әкеліп саяды. Лексикалық өзгерістер ұлт тілінің сөздік құрамы жағынан жан-жақты дамығанын көрсетеді. Мысалы, ағылшын тілінің өзінде лексикалық өзгеріске ұшырап тұрып бір мағынаны білдіретін мақал, сөз тіркесі бар. «Шіріген алма басқаларын бүлдіреді»; «Бір тамшы у барлық шарапты бүлдіреді»; «Қотыр қой отарды бүлдіреді» сияқты мәтелдерде әр түрлі тұрмыстық-табиғи құбылыстарға байланысты лексикалық ерекшеліктер өзгергенімен, барлығы да бірдей мағынаны білдіреді.

Тілдердің мұндай мағыналық жағынан бай болуы өзге тілдермен тығыз қарым-қатынасты байланыста болуынан.

Лексикасы басқа болғанымен мағыналас сөздер екі тілде де айтылатын ойды мәнерлеп орамды түрде жеткізе алады.

1. *The rotten apple injures its neighbours* – Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді;
2. *Pride goes before fall* – Әсіре қызыл тез тоңар;
3. *When the cats away, the mice will play* – Ит жоқ жерде шошқа үреді;

4. There is no rose without thorn – Ханның қызында да мін бар;
5. Every white has its black; Every sweet has its sour – Қызыл алманың да қышқылы бар [7, 55-б.].

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді, расында да, томаға – тұйық емес, бір-бірімен ауысуы сияқты процестердің болатынын аңғартады. Бұл жеке қарастыру және де тарихи дерекке сүйеніп барып жүріп тұжырым жасауды керек етеді. Мақал-мәтелдердің мәнерлі тұлғалары есте сақтау қабілетін арттырады.

Студенттің көркем шығармаларды, ғылыми-көркем публицистикалық әдебиеттерді оқуға тигізер үлесі мол. Ағылшын тілін оқытудағы мәселелерді шешуде мақал-мәтелдердің ерекшеліктері мен салыстырмалы түрдегі қазақша баламалары берілген ағылшынша нұсқасы, және тікелей аудармасы қазақша нұсқасы:

1.A bad workman quarrels with his tools	Жаман жұмысшы аспабын кінәлайды	Жаман етікші біз таңдайды, жаман жігіт қыз таңдайды
2.Second thoughts are best	Екінші ой – керемет ой	Екі рет өлшеп бір рет кес
3.A bird may be known by it's song	Құс әнімен танымал	Жігітті жолдасынан таны
4.A bit in the morning is than nothing all day	Таңертеңгі кедергі күні бойы ұмытылмайды	Бір күн ұрыстың қырық күн кесірі бар
5.All bread is not baked in one day	Барлық нан бір күні піспейді	Бір анадан ала да туады, құла да туады
6.A cock is valiant in his downhill	Әтеш күркесінде құдай	Адамсынған жігітті үйінде көр
7.All fish that comes to his net	Торға түскеннің бәрі балық	Соқыр тауыққа бәрі бидай
8.Practice makes perfect	Шынықсаң тәуірге жетерсің	Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен боласың
9.After death the doctor comes	Дәрігер өлген соң келеді	Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап
10.Every man has its price	Әркімнің өз құны бар	Алтын көрсе періште жолдан таяр

Бұл баламадағы негізгі жетістік - студенттің сабаққа белсене араласуы, өзі жеткізе білуге үйренуі, сол себептен оларға саналы тәрбие, сапалы білім беруге болады деп ойлаймын.

Мақсат – өзге ұлттың тыныс-тіршілігімен танысу, өзге көзқарастарға ойлана қарай білу, төзімділікке шақыру, қазақ және ағылшын тіліндегі мақалдардың өмірлік маңыздылығын ұштастыра отырып, елімізге келіп жатқан көптеген халықпен түсінісуді жеңілдету.

1.A carper will cavil at anything	Жаманның әлі жапалаққа келеді
2.As fit as a fiddle	Басы аманның, малы аман
3.Bad news has wings	Жаман хабар тез тарайды
4.Better untaught than ill taught	Санасызға сан айтсаңда пайдасыз
5.Care killed the cat	Қамысты бос ұтасаң, қолыңды кеседі
6.Catch the bear before you sell his skin	Қашпаған сиырдың уызына қаратпа
7.Don't halloo till you are out of the wood	Тігілмеген етігіңді мақтама
8.Dumb dogs are dangerous	Үндемегеннен үйдей пәле шығады
9.Drunken days have all their tomorrow	Көп ойнаған бір жылар
10.East or west, home is best	Өз үйім өлең төсегім



Нысанаға алынған сөз өнері – шығармашылықтың ерекше саласы. Сөз өнері адамның шексіз мүмкіншілігін ашу қасиетімен құдіретті. Мақал-мәтелдердің ерекшеліктерін көрсете білу тілді студентке меңгертуде сөздің астарлы мағынасын айқын, нақты сәулесін түсіреді.

Мақал-мәтел ел арасынан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, келе жатқан жұрат байлығы. Өз заманында дәуірлік өзгерістердің негізінде қалыптасып жаңа уақытқа сараланып пайдаланылатын құндылық [8, 29-б.]. Әрине, сол дәуірде ғұламалардың айтқан нақыл сөздері ел аузында өмірлік тірекке де айналып кетті. Ағылшын және қазақ мақалдарына бірнеше ұқсас нақыл сөздерге айналған мақалдарды көрсетуімізге болады. Мысалы: Жұмысы көптік, ойыны жоқтық, жүнжітер адам баласын – All work and no play makes Jack a dull boy; Бұл дүниеде қалай өмір сүрсең, о дүниеге солай аттанасың – As you live so shall you die; Әуелгі сөзің шын болса, соңғы сөзіңе жол болады – First deserve and then desire; Бұлаққа бұлақ қосылса егізбіз дейді, көлге көл қосылса, теңізбіз дейді – Little streams make great rivers; Өз балаң өзекке тепсең де кетпейді, кісі баласы кісендесең де тұрмайды – Put another man’s child in your bosom, he will creep out at your elbow; Біреу жаныңа жолдас, біреу малыңа жолдас – Prosperity makes friends, and adversity tries them; Өмір – ұстаз – You live and learn...

Go home and say your prayers.

Кісінің ісіне киілікпе. / Біреуде жұмысың болмасын, өз жөніңді жөндеп ал.

Accidents will happen in the best-regulated families.

Ондай-ондай ханның қызында да болады. / Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ. / Кірсіз – Ай, мінсіз – Құдай.

Heaven helps those who help themselves.

Өзі саққа, Құдай жақ. / Сақ жүрсең, нақ жүрерсің. / Қамданған қапы қалмайды.

Gold is tried in the fire.

Алтын отта сыналады.

If an ass bray at you, don’t bray at him.

Құтырғаннан құтылған – олжа. / Бәледен машайық қашыпты.

Adam’s ale is the best brew.

Шараптардың шарабы – Адаматаның арағы. / Судан артық сусын жоқ.

(“Adam’s ale” – “Адаматаның сырасы” – деп ағылшындар әзілдеп құдықтың қара суын айтып отыр. Жер бетіндегі алғашқы адам – Адаматаның – судан басқа ішетін еш ішімдігі болмапты-мыс).

Good acts are better than good intentions.

Арық айтып семіз шық, ақылдыңың бірі шық.

Be slow to promise and quick to perform.

Уәде – Құдай аты. / Уәде берме, берсең – “ болмайды екен” деме. / Уәде бере бергенше бірден бас тарт. / Уәде бердің, айтыс жоқ, қолдан бердің қайтыс жоқ.

Never fry a fish till it’s caught.

Тігілмеген етігінді мақтама, орылмаған тарыңды мақтама. / Қашпаған сиырдың уызына қарама. / Асатпай “жатып” құлдық деме.

Idle folk have the least leisure.

Еріншектің ертеңі бітпес [4, 15-б.].

Мақалада мақал-мәтелдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері, теориясы және практикалық маңызы бар мәселелер қамтылды. Осы жайттарды зерттеу, тану барысында тілге тиек, ойға түрткі боларлық студенттерге пайдасы тиерлік бірқатар мәселелердің жай-жапсары ашылып айтылды деп білеміз. Екі тілді салыстыра оқыту арқылы жасалған көптеген жұмыстардың маңызы зор. Халықтар арасындағы бір тілден екінші тілге мақал-мәтелдердің кең таралуына мүмкіншілік туғызады. Екі тілдің ерекшеліктерін атап кету халықтың тіл өнерін дамытуда үлесі зор.

Мақал-мәтел халықты тәрбиеге негіздейтін, тілді сүйуге, құрметтеуге бейімдейтін, тіл мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін сөз өнерінің асылы онымен бірге ол бір тілден екінші тілге көркем аудару техникасын жетілдіреді.

Тіл – көркемдік жағынан мақал мен мәтелге немесе шешендік нақыл сөздерге негізделеді. Бұл пікірде ағылшын және қазақ тілдеріндегі мақал мен мәтелдердің, нақыл сөздердің, фразеологиялық тұрғыдан жасалған көркем сөздердің салыстырылуы, тәрбиелік мәні, өнегелік сипаты, екі ел арасындағы тарихи қалыптасушылықтың бір жүйеде орын алуы тек тілдің сипатына ғана емес, сонымен қатар мазмұнына тереңірек үңілуіне әкеліп соқтырады [9, 86-б.].

Ағылшын мақалында берілген ойлар нақты мысалмен айтылса, ана тіліміздегі жүйелі сөздер тұспалдап, жұмбақталып беріледі. Аударып, мағынасына үңілсек, екі ойдың бір жақты болуына және берер ақылы бірдейлігіне көз жеткізуімізге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 248 б.
- 2 Дубровин М.И. Школьный англо-русский словарь. - Москва: «Просвещение», 1985. – 10 б.
- 3 Хорнби А.С., Кристина Руз. Учебный словарь современного английского языка. – Москва: «Просвещение», 1984. – 45 б.
- 4 Wilde O. “Fairy Tales” “Ralph” – Moscow: «Prosveshenye», 2000. – 15 б.
- 5 Абай тілі сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1968. – 24 б.
- 6 Әлімбаев М. Халық-ғажап тәлімгер. – Алматы: «Рауан», 1944. – 49 б.
- 7 Асқар О. Қазақ және әлем халықтарының таңдамалы мақал-мәтелдері. – Алматы, «Балауса», 2005. – 55 б.
- 8 The Oxford Dictionary of English Proverbs. - Third Edition, Revised by F.R. Wilson. – Moscow: «Oxford», 1992. – 29 б.
- 9 Addison Wesley Longman Dictionary of English Languages and Culture. – Moscow: «Longman Limited», 1997. – 86 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются лексико-семантические особенности пословиц на казахском и английском языках.

RESUME

In this article there are considered the lexical-semantic peculiarities of proverbs in the Kazakh and the English languages.



Қ.М. Байтанасова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
ф.ғ.к., профессор м.а.

Көркем туындылардағы эмигранттық сана мен діни- философиялық сарын

Аннотация

Мақалада қаламгерлердің прозалық шығармалары талданып, ондағы атамекен, ұлт тағдыры мәселелері айқындалады. Көркем туындылардың стилі кейіпкерлер жүйесі айқындалады.

Түйін сөздер: этика, образ, атамекен, жүйе, стиль.

Әдебиеттің әлеуметтік күші – оның адам жанының тылсым құпияларын ажырата алуынан көрінеді. Адам жанының қалтарысында қағыс қалған сезім, түйіткілдер бас көтеріп, оның жанын мазасыздандырады. Тіпті ілгеріде өтіп кеткен оқиғалардың адам санасында қайтадан жаңғырып, беймаза күйге түсуі жиі бой көрсетеді. Қазіргі психологтердің пікірінше, біріншіден, адамның болмысында оның әрі қарайғы тұрақтылығын қалыптастыруға негіз болатын бастапқы қасиет сақталады. Екіншіден, әлеуметтік жағдай да адамның ішкі әлемінің өзгерісін негіз ете отырып, одан белгілі бір тұрақтылықты, айқындылықты, яғни бағалау бағдарын қажет етеді. Үшіншіден, адам болмысы білім мен дүниетаным ұғымының қалыптасу тәсілінің әр түрлілігіне, мәселен, рухани күйзеліс пен дағдарысқа байланысты. Алайда, бұлар белгілі бір нәтижеге, жалпы қорытындыға жақындау мүмкіндігінің жоғалуы деген сөз емес. Керісінше, осы ұғымдар адам баласын сергек ой-танымға, өткенді саралауға бейімдейді. Эмигранттық әдебиеттің ерекшелігі сол, олардағы идея екіге жарылып отырды. Қаламгерлер өздерінің шығармашылығында өткеннің елесі мен бүгінгінің көрінісін қатар алуға тырысты. Содан да олардың шығармаларындағы кейіпкерлер күрделі, қайшылықты сипатта көрінді де, қаламгерлердің суреткерлік танымында қиналу мен өкініш үндесіп жатты.

«Қазіргі қазақ тарихи романын ұлттық әдебиеттегі жаңа жанрлық форма – роман-шежіре деп тану ақиқатқа жақын келеді. Сондай басқа мемлекеттерде тұратын қандастарымыздың тағдырын суреттейтін халықаралық тақырыптағы туынды – «Соңғы көш» романында әр кейіпкер өзінің ортасына сәйкес қоғамдық-моральдық ахуалда бейнелене

отырып, кейіпкердің бейнесі жеке-дара емес, әлеуметтік-тарихи сипатқа қатысты бағаланады да, ол әрі қарай шығарманың жалпы идеясымен тоғысады [1]. Бұл шығарма ең алдымен қаламгердің көзқарасын, танымдық қабылдауын әйгіледі.

Жат жердегі өмірдің бұрылыстары көп, одан адаспай шыға алу адамнан үлкен табандылықты қажет етпек. Шығарманың арнау сөзінде автор: «Әке! Сен жерленген сұр төбені қараңғы түнде көзімді жұмып барып-ақ табар едім. Бірақ сенің қабіріңе оқта-текте болса да ат басын бұрып, гүл шоғын қоюды тағдыр маған жазбапты. Сен қазір жат қолыңда қалған атақоныс туған жердің қасиетті топырағын жамбасыңа басып, көшпелі халқыңның жұртына қалдырған белгісіндей, айдалада бір төмпешік болып жатырсың...» [1, 6]. Кейіпкердің дүниетанымы, өзгерісі шексіз емес. Бұл алдымен, тұлғаның психологиялық жағынан қалыптасуына байланысты. Сондықтан, роман кейіпкері бастан кешетін эволюция үнемі шарықтау шегіне жетіп, бірақ, өзінің ұзақтығын шектеп, аяқталуға жақындайды да, оның көрсеткіші ретінде адамгершілік, философиялық, рухани түйін алынады. Осы тұрғыда романдағы психологизмнің атқаратын рөлі екі жақты: ол алдымен, жеке танымның құрылымы ретінде - адамгершілік, психологиялық және идеологиялық деңгейде көрінсе, екіншіден жеке тұлғаның ішкі әлемін ашу тәсілі ретінде көрінеді. Жоғарыда айтып кеткендей, роман кейіпкерлерінің қақтығысы, жеке бастың мүддесінен аулақ жатыр.

Академик Р.Нұрғали: «Қытайдағы қазақ прозасының алғашқы күрделі туындыларын марқұм, әрі ғұлама тарихшы, әрі ақын, әрі жазушы Нығмет Мыңжани, бүгінде жабылған жала, кеселінен түрмеде отырған көп томдық «Қылмыс» романының авторы Қажығұмар Шабданұлы берсе, арғы беттегі бауырлар, дәлірек айтқанда, Шыңжаң қазақтары туралы ең алғашқы роман Қабдеш Жұмаділов қаламынан туды. Тарихи тақырыптарды өрбітетін, кейінгі жылдары жазылған «Бөке батыр», «Зуха батыр», «Қайқая шапқан қарагер» сияқты жақсы романдарда «Соңғы көш» тәжірибесі, дәстүр-үлгісі көрініп-ақ тұрады», деген зерттеуші пікірі жалғаса өрілген дәстүр үлгісін айқындап кетеді. [2, 246].

Тарбағатай аймағындағы Найман елінің бір тармағы Төртуыл ішіндегі ру таласының мәңсіз тайталасынан, жер-жердегі өзгерістерден қажыған роман кейіпкері қым-қиғаш өмірдің бұраланына қарсы тұруға дәрменсіз: «Мен өмірдің қылкөпірінен бір емес, бірнеше рет сүрінген адаммын... Қателіктерім сондай көп. Оның ішінде өзіме кешіретінім де, кешірмейтінім де бар. Тәңірім-ау, осынау жер бетінде қандай ұзақ әрі қиғаш жолдарды басып өткенмін?!» [1, 68]. Кейіпкер жеке өзіне тән өмір жолын айтып отырғанымен, ол тағдыр теперішінен жат жерге ауған адамдардың да көңіл-күйін беріп отыр. Қақтығыс үнемі қоғамдық өмірдің, ортаның ауқымында алынып жатады. Бірден тартысқа түсу, қарама-қайшылыққа барудан бұрын, кейіпкер ішкі үнін тыңдайды, ішкі ойын таразылап, басар қадамын, барар әрекетін әбден ойланып барып жасайды. Кейде оған ішкі ойы қарсы шығып, үлкен дағдарыс үстінде жүреді.

«Соңғы көш» романындағы кейіпкерлер мекен тұрақты жат жерден іздеуге тәуекел етеді. Алайда ол белді бекем буған тәуекел емес еді, Жанғабыл артына қарайлай, айыбы бар адамдай кібіртіктей кетеді, тірілерден бұрын жер жастанып жатқан өлілерден сескенгендей («Қайтейін... Қайда жүрсек те дұғамыздан тастамаспыз. Аруақ-құдай кешіретер»). Тарбағатайдың күнгей жағы тоқшылық екен дегенге сеніп, сол жаққа амалсыз бет түземек болғандардың көбінің көңілі күпті. Алдағы бұлдыр дүние туған жерден де жырақтатпақ («Қош бол, құтты қоныс, ата мекен! Енді қайтып көреміз бе, жоқ па? Туған жерді тастап, осылайша тентіреп кетеміз деген үш ұйықтаса ойымызда бар ма еді... Бұл да бір тағдырдың жазуы шығар»). Бұл сыртқы орта мен ішкі наразылықтың арасында туындаған қақтығыс. Әрі мәжбүрліктен туындаған әрекет. Қарапайым тіршілік қалпының бұзылуы кейіпкерді туған ортасынан алыстатып әкетті. Енді кейіпкер адамға бір келетін өлімнің өзінен де сескенеді, дұрыс, жөнімен келуін тілейді («Тағдырдан жалынып сұрайтыным зауал шағымда ит жеген терідей көрінгенге қолжаулық болмай, жайыма жатып тыныш өлсем болғаны»).



Тарихи шығармаларға тән сипат өткенге үңілумен қатар, көне дәстүр- салттың сұлбасын, ескіліктің әңгімесін жаңғыртып отыру. Яғни «Тарихи роман қашан да замана ділігірлігінен, оның қалай дамып бара жатқанын ойлау дертінен туындайды. Даруын табу үшін бір мезгіл ата-баба мирасына құлақ асады» [3, 30].

Қ.Жұмаділовтің «Атамекен» романы бір кездері туған жерінен шалғайға кеткен адамдардың тағдырын суреттейді. Романдағы Қайдар тағдыр теперішін көріп, туған елінен амалсыз қара үзеді («Қайтейн. Сол жаққа ауып кеткен ел-жұрттан жаным артық па? Тағдырдың маңдайға жазғанын көрермін. Мен істейтін не қалды бұл жерде? Енді мен кімге керекпін») [4, 30]. Жат жердің тасы табанына батқан адамда қандай сенім мен ерік болсын («Сен жат елде кірме, келімсек атанып, екінші сортты адам болып көрген жоқсың ғой. Ал мен көрдім ондайды... Аранын ашқан аштық пен жеріне жеткен мұқтаждық адамдардың мінез-құлқын, бүкіл табиғатын өзгертіп жібереді екен. Әшейіндегі дегдарлық, менмендік дегендерің жайына қалып, қу кеңірдектің қамы, тіршілік үшін күрес алға шығады екен. Өз елінде таңдайынан бал тамған шешендер шет жерде аузын бұған өгізге, құлағына қол апартпайтын асаулар үстіне түйе жүріп өтсе былқ етпейтін қойтары көмпіске айналады») [4, 280].

«Өзінің рухани һәм көркемдік әлеміне арқау етіп, өзгеше тың туынды тудырған Қ.Жұмаділов айтқандай, «көшпенділердің соңы», яғни көшпенді тірліктен отырықшы тұрмысқа бет бұрған қазақтың енді қайтіп атамекенінен аумасын, елі-жерін тастап үдере көшудің соңы болсын деген авторлық идеясы шығарма мазмұнынан айқын аңғарылады. Өйткені автор қазақ жерінде болған төңкеріс, аласапыранның қытай қазақтарының да басынан өтіп, олардың да «ұлтшыл», «оңшыл», «республикашыл» деген небір айдар-атаққа ие болып қуғындалғанын бейнелеу арқылы басынан соры арылмаған ұлтының бейшара кебін ашына ашып көрсетуді авторлық позициясының арқауы деп есептеген» [5, 450] қаламгер шығармасында автордың көңіл-күйі де айқын аңғарылып отырады.

Сөз өнерінде, соңғы уақыттарда автордың эмоциясы қайталанбас өзгешеліктерімен берілуде. Осы тұрғыдан көркем туындыларда эмоция мәселесінің өзіндік орны бар. Қазіргі кезде зерттеушілер өздерінің әдіснамалық ұстанымдарына қарай шығармада кездесетін эмоция құбылысын әр түрлі категориялармен береді. Мәселен, батырлық, трагедиялық, романтикалық эстетикалық категориялар десе, кейде метафизикалық (Р.Ингарден), кейде пафостың түрі (Г.Поспелов), кейде көркемдіктің модусы (В.Тюпа) деп те атайды. Әрине, қай жіктеудің де өзіндік мәні бар екені, барлығы да автордың көркем туындыны жасаудағы ұстаным-бағытынан туындайтыны белгілі. Соның ішінде өзіміз қарастырып отырған көркем туындыларға өмірлік қайшылықтарды эмоционалдық және көркемдік жағынан көрсететін формалардың бірі - трагедиялық басым екендігін байқаймыз. Трагедиялық жағдайлардың адамдардың кейін өздері құрбандыққа ұшырайтын қателіктерінен, адасуларынан, жасаған қылмыстарының нәтижесінен туатыны белгілі.

Трагедияның сипаты әр қилы. Тарихтың қайшылықтарынан туындайтын қатал трагизмге жеке адамдар емес, тұтас халық, ұлт ұшырайды. Мұндай азапты трагедия ұзаққа созылып, қаншама адамның адами, рухани құндылықтарын жоғалтып жіберетіні ақиқат. Содан да, «XX ғасырдың көркем туындыларында айқын бір интонациялық өріс – «трансценденттік ашыну», «болмысты апокалипті түрде көру» қандай да – батыс немесе шығыс әдебиетіндегі романның қай түрінде де роман-бүлік, роман-миф, реалистік роман болсын – басым мәнге ие. Тіпті бұл трагикалық дүниетаным ғасыр соңындағы әдебиетте де сақталып отыр. Себебі, аса маңызды проблемалардың бірі-адам мәселесі жалпықоғамдық дағдару аясында қарастырылады» [6,203]. Қ.Жұмаділов романында қоршаған ортаның, жағдайдың адам баласын соншалықты төмендеуге, кіріптарлыққа апарғанын көрсетеді. Соның салдарынан адамдардың мінез-құлқын өзгертіп, «қойтары көмпіске» айналдырып жібергені қатал шындық еді. Ең ауыры бұл азапты трагизмнің адамның болмысына сіңіп, соған бойұсындырып жіберетіні Бұл тұста трагедияның үлесі

жекелеген адамдарға ғана емес, тұтас халықтың еншісіне де тиесілі болғанын көреміз.

Трагедиялық жағдайдың салдары бір-бірімен ұласып отырады. Адам мұндай шиеленісті жағдайда қалыпты ой арқауынан ажырап та қалады. Жазушы Ж.Сәмитұлының «Сергелдең» романында өткен ғасырдың қырқыншы жылдарында Алтайдың күнгейінде тіршілік еткен қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, өмір үшін күресі суреттеледі. Халқы үшін қан кешкен Оспан батырдың қиын кезеңдегі батыл қимылдары, қаһармандық тұлғасы көркем бейнеленеді. Романда байырғы халықтың дүниетанымы үнемі байқалып отырады («Жаратушы құдірет қандай күшті. Бағана өзін қамаған жыртқыш көкжалдар жетеу еді. Енді мұны құтқарған тағы да жеті қарақшы. Ой, алла, аспанда да, эне, жетіқарақшы тұр. Анау бір жарық жұлдызға қара. Оны темір қазық деп атайды. Ал оның қасындағы екеуін ақ сары ат пен көк сары ат дейді. Солардың мына жағындағы шөміш бастысы - жеті қарақшы. Темір қазыққа арқандалған ақ сары ат пен көк сары атты андыған жеті қарақшы темір қазыққа енді таяған кезде таң атып кетеді екен. Қалай сонда? Жыртқыштардың бәрі жетіден болғаны ма? Жоқ, аспандағы жұлдыздар жыртқыш емес шығар. Яки мыналар да қарақшы емес болар. Сонда қалай? Қазақ баласы жеті санын ерекше белгі санайды. Көп нәрсені жетімен атайды. Бәлкім, арман, бақыт, несібе қуғанның бәрі жетіден басталды ма екен? Жаратушы алланың құдіреті күшті. Мұны бір құдай өзі білмесе оның сырына күнәлі пендесі қайдан жетсін...» [7, 15].

Кейіпкердің ойы ежелден тұрақталған ұғымдарға қайшылықта алынған. Қазақ қашаннан жеті санының астарынан күдік іздеген еді? Керісінше, жеті санына көптеген ұнамды, қасиетті ырымдарды теліген жоқ па еді? Жексеннің өзі жасынан ұйыған, құлағына сіңірген дәстүрлі ұғымның ар жағынан қосалқы бір астарға, мағынаға баруға итермелеген сол мезеттегі көңіл-ауаны еді. Егер үміт пен күдіктің қатар келуі шарасыз етпесе мұндай бөгде ойға барар ма еді? Кейіпкердің әдепкі танымнан бөлек бөгде, қайшылықты ойы әрі қарай да жалғасып отырады: «Иә, бақыт деген де опасыз. Бір мезет ойда жоқта анау аспандағы күндей күлімдеп, жүрегінді нұр сәулеге орап, қуанышқа бөлейді де, сонан соң қас-қағым сәттің арасында көзін жұмып ала қояды. Боз мұнар, бұлыңғыр бір түнекке орап, басқа бір жат өлкеге, буалдыр кеңістікке қарай жетелейді. Алғашқыңды тұтас ұмыттырып, аздырып, адастырып әкетуге қам жасайды» [7, 59].

Адам баласының танымына әр қилы қайшылықты ойлардың үстемеленіп, кейде солардың дұрыстығына көздері жетіп, жетегіне ілесіп кете беру де жат болмаса керек. Өйткені, мұндай қарама-қайшылықты ой-танымдардан туындайтын әрекеттер қаншама қақтығыс пен соғысқа бастаған жоқ па? Бұл ойымызды романдағы мына бір үзінді тағы да дәлелдей түседі: «Бейбіт тірліктен суынып, күдер үзген оған енді аласапыран тартыс, алыс-жұлыс керек тәрізді еді. Жер бетінде қазір де зұлымдар көп. Шәмсия сияқты ақ көгершін, пәк перизат, кіршіксіз аяулы періштелерді жылататын, қорлайтын қара жүректердің құтырынып алған шағы. Тыныштық болмаған жерде адам соғыстан ғана ләззат алатын секілді. Бақ таласынан есе теңдік ала алмаған әр жігіт енді өзін айқасқа арнауы керек» [7, 60].

Эмигранттық санадағы «жасырын адам» - реминисценция негізінде жасалған миф. Л.Шестов Ф.М.Достоевский туралы «Преодоление самоочевидностей» очеркінде жазушының өз ортасынан «лақтырылып тасталған» кейіпкерінің психологиясын зерттейді. Л.Шестовтың ойынша бұл жер бетінде жалғыз қалғандық, бос органы ғана емес, сонымен бірге әр түрлі көзқарастарды жеңетін ішкі жағдай да тудырады, бұрын болмаған еркіндік береді. Санадағы мұндай ерекшелік эмигранттық жас адамға жақын болды. «Барлығын шайтан көтеріп кеткендей» ортаға тап болған ол үрейлене отырып, драмалық жағдайда өзінің «менін» сақтап қалғысы келеді.

Эсхатологиялық негіздегі өнерге деген жаңа қатынас «Эмиграциядағы жас әдебиеттің діни ахуалы туралы» («О мистической атмосфере молодой литературы в эмиграции») деген манифесте көрініс табады. Мақала Поплавский тұрақты автор болған «Числа» журналында басылады. Эмиграция жазушы назарын туындының нағыз келбетін



жасауды тұрақтандыруда қолайлы жағдай қалыптастырады. Эмигранттық тұрмыс ауыр да трагедиялы, бірақ үмітсіздік «тұрақты қолайлы жағдайда заңды шешіледі». Сөздің «діни-моральдық мазмұнына» қарамастан, ақын Поплавский оның көркемдік жағын да назардан тыс қалдырмады.

«Числа» төңірегінде» («Вокруг «Чисел») мақаласында автор өзінің әдебиетке деген құмарлығын түсіндіретін лирикалық негіздегі кіріспеден бастайды: «Өзің туралы жазу қиын, мұнымен қоса біздің өзіміз - бұл шынайы түрде жазғың келетін жалғыз тақырып. Символистер мен сюрреалистер өздері жөнінде шексіз көп жазды. Жаңа эмигрант әдебиеті ешнәрсе жазбады. Енді мен жазып көрейін» [8, 14].

Адам, әрине, әуелгі бастауларға басқаша қарайды. Тіршілік иесі ретінде өзін-өзі анықтауға ұмтылған адам, өзіндік бастауын өзіне дейін басталған тіршіліктің тұңғышынан ғана табады.

Қ.Жұмаділовтің «Атамекен» романында да осындай ауыр жағдайдың өкінішті сәті көп көрініс береді. Ар жақтың тіршілігін көріп келген Қайдардың әңгімесі («Күнкөріске жарайтын кәсіп табудың өзі қиямет. Кәсіп сұрап барсаң, арзан жұмысшы күшіне мелдектеп тойып отырған қала байлары маңайына жолатар емес. Егер жалдана қалсаң, сол күні саған не істетем десе де ерікті: отын жарғызады, кірпіш құйдырады, үй майлатып, бау-бақша суғартуы да мүмкін») адам санасына қарапайым тіршіліктің қатардағы адам болып қалудың күрделілігін орнықтырады.

Экзистенциялық таным бағытында өзін-өзі танып, ашуы сияқты үрдіс бар. Бұл жөнінде Ж.П.Сартр: «Адам үнемі өзінен тыс болады. Өзін жоғалту арқылы, өзінің адамдық болмысын табады. Кейде, өзі тап болған жағдайдың шығар жолын тауып, өз ішіндегі бөгеттерді жеңу арқылы да бұл ситуациядан шығады» [9,108]. Экзистенциализм тұтас философиялық жүйе емес, оның көптеген ішкі тармақтары болады. Солардың барлығы «адам мәселесін» бірінші орынға шығарады.

Эмигранттық таным аса күрделі. Тіршілік қалпы бұзылған жерде адамгершілік нормалар қалай сақталсын. «Атамекен» романында адам баласының жаны қысылғанда әрқалай әрекетке көзсіз баратыны суреттеледі. Босқындардың ішінде аштық қысымына шыдамаған кейбір өңі түзу әйелдер күнкөріс үшін өз күйеулерін тастап, жергілікті біреулерге тиіп жатты. Осы бір сұмдық оқиғаның жайылуы былай да тағдыр тауқыметін тартқандарға соққы болады. Тіпті бір асым етке, бір пұт астыққа қыздарын, балаларын айырбастағандар да кездесті. Осы зауал шақта дін адамының панасын, қамқорлығын көргені қалай естен шықсын. «... Сол жылдары Шәуешекте Әзиз қажы деген адам болды. Босқындардың арасында оның аты Атымтай Жомарттан бірде кем естілмейтін. Сол кісі күніне бір-екі қойын сойдырып, қала сыртыдағы бақшасына бірнеше қазан астырып, ауып келген аш-аламан жұртқа құдайы көже таратады екен. Мұндайда аштықтан кендірі кесіліп кеткен адамдардың ішкен тамағы аш өзегіне түсіп, өліп жатқандары да аз емес еді. Жаңағы Әзиз қажының бір кереметі сол өліктерді жерлеу шығынын өз мойнына алып, әрқайсысын ақиретке оратып, көмдіріп отырды» [4, 199]. Бұл қазақ жұртының қандай қысылтаяң шақта имандылығын сақтап қалғандығын байқатады.

Қаламгер Д.С.Мережковский бала кезінен көненің қоршауында, соның ауасымен тыныстап өседі. «Азаттық әкелуші патшаның» өлуі мен отбасындағы кикілжіңді сәттерден орныққан күңгірт, көңілсіз фантазия бала Мережковскийді эсхатологиялық ізденіске әкеледі. Қаламгер философ-позитивистер: Кант, Милль, Спенсердің ықпалына көбірек беріледі. Позитивистерді оқу арқылы ол адамзаттың ақыл-ой әлемін ғылымның берік тұғырына барша теологиялық және метафизикалық идеяларды терістеу арқылы қою оны бала кезінен сіңген діни идеалдармен қайшылыққа келуге әкелді. Осы кезден бастап жазушының шығармашылығына және тұлғасына тән екіге жарылушылық пайда бола бастайды. Ол антиномия мен метафизикалық қарама-қайшылықты, бір жағдайдан екіншісіне ұрыну, Фридрих Ницшенің антихристиандық нигилизмін Владимир Соловьевтің дүниелік шіркеу ізденісімен жақындастыруға талпыныс жасауға әкеледі.

Мережковский «өзінің шағын шіркеуін» құрып, оны «үлкен» шіркеумен үндестіргісі келеді. Осыдан келіп Мережковский туындыларындағы инфернал бейне шығады.

Инфернал кейіпкер-ұзаққа созылған эволюцияның жемісі. Әдеби дәстүрдің жалғастығын негіздей отырып, бұл бейне эстетикалық және дүниетанымдық канондардың алмасуы әсерінен белсенді түрде тасымалданып отырған. Батыс Еуропа әдебиетінде демондық кейіпкердің қалыптасуына шіркеулік әдебиет ықпал еткен. Ал, орыс әдебиетіне бұл еуропаның романтикалық әдебиетінен енген. Романтизм дәуірінде фольклорға, мифке назар аудару күшейе түседі. «Демондық кейіпкерге жаңаша қызығушылық білдіру XIX-XX ғасырлардың көкжиегінде пайда болды. Осы дәуірде туған оккультизмге, экзотикалық культке, әр түрлі халықтың діни дүниетанымына негізделген ғылыми-көпшілік әдебиеттер жалпы оқырманға жетті. Осымен қабат әлемнің материалистік, позитивистік бейнесіне және ғылыми-техникалық өрлеуге деген наразылық байқалды. Осы үдерістердің нәтижесінде орыс прозасында шайтанның сырт бейнесі орнығады. Мұнымен бірге инферналды кейіпкердің асқақ (әсіресе, символистердің шығармашылығында) бейнелерімен қатар төмендеген, психологиялық жағынан мешанға тең (бұл кезеңдегі философияда П.Флоренский рухсыз, зұлымдық доктринасын жасады) бейне де пайда болды. Романтикалық гностикалық демонға қарама-қарсы «ұсқынсыз шайтан» (Д.Мережковский) қойылып, бұл демонизм концепциясының негізінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы орыс прозасына тән болды» [10, 17-18].

Мифтік таным адам баласының ой-қиялындағы дүниелерге үнемі қозғау салып, өткенге оралтып отырады. «Атамекен» романында туған жердің қасиетін ұлықтайтын ұғымдарға ерекше мән беріледі. Халқымыздың туған даласынан алыстағанда, ондағы кез келген бөлшектер, ұғымдар тұтастық орнына жұмсалған. Осы романдағы мына бір аңыз осы ойымызды қуаттай түседі: «Лұхман-хакім деген кісі өмір бойы іздеп жүріп, ақыры алыс бір өлкеден адамға мәңгілік ғұмыр беретін зәмзәм суын тапқан деседі. Зәмзәм суы мұндай қасиетке тек елу жылда бір ие болады екен. Лұхман-хакім әлгі бұлақтан бір торсық су құйып алып, елге қайтады. Алыс жолдан аты болдырып, өзі де әбден шаршап, бір қарағайдың саясына келіп демалады. Торсықты ағаштың бұтағына іліп қойып, көлеңкеде басы жерге тиісімен қатты ұйықтап кетсе керек. Сол мезетте қарағайдың басына бір құзғын келіп қонады да, торсықты тұмсығымен шоқып, тесіп тастайды. Лұхман-хакім ояна келсе, зәмзәм суы ағып кетіп, сарқыны қарағайдың түбіндегі бір топ аршаға тамшылап тұр екен. Ел қамын ойлаған жарықтық Лұхман-хакім, не де болса халқыммен бірге ішейін деп, әлгі судан өзі де татып алмапты ғой. Сөйтіп, мәңгілік ғұмырдан адамзат мақұрым қалыпты. Бұл күнде құзғынның мың жасайтыны, қарағай мен аршаның мәңгі қурамай жап-жасыл болып тұратыны сол зәмзәм суының шарапаты деседі» [4, 210-211]. Бұл аңыз адам баласын туған жері зәмзәм суындай үнемі ынтықтырып отыратындығына меңзейді. Тіпті мәңгі түсін сақтап қалатын аршаның өзі адамның туған еліне үнемі аңсары ауып тұратын сағынышының тұрақтылығын білдіреді.

Туған елін аңсаған адам тезірек жеткісі келеді. Сол сәтте оған қанатты тұлпардың жәрдемі керек-ақ. Талай сыннан өткен, адал, төзімді пырақтың бейнесі қазақ сөз өнерінде ежелден әспеттелгені белгілі. Ақын Ж.Бөдешұлы «Тозақтан жұмаққа» поэмасында: «1969 жылдың ерте көктемі. Қазақ Алатауын бетке алып, ол қашып келеді... Артында мұздай қаруланған қуғыншы шеріктер... Алдында - бейтаныс Атамекен. Астында арындаған ақбоз ат. Қасында күшігінен асыраған көктөбет. Қараңғы түнді ақ алмастай қақ жарып, ақбозды сипай қамшылап, маңдайынан суық тері тамшылап, Ол қашып келеді» («Тұрмын міне, шекараның шегінде, Артта-тажал, алда-атажұрт, шегінбе») [11, 211]. Тұлпар бейнесі кең даладағы қозғалысты беруші, ердің пырағы, баға жетпес байлығы, қысылған сәтте ақыл беретін серігі болған. Содан да болар халық жылқы малын ерекше қадір тұтып, киелі санаған, аңыз-жырларға, ертегілерге арқау еткен, адам баласына тән сипаттарды теліген. Батыр мінген аттың жүйрік болып көрсетілуі, қаһармандық эпостың түпкі идеясына-халқын сыртқы жаулардан қорғау мақсатына тікелей байланысты. Мұның өзі бейбіт



өмірді аңсаған халықтың терең аңсарымен астасып жатыр. Бұл жерде де туған жеріне бет түзеген адамның қасындағы қара тұтары, алыс жолды жақындататын серігі - аты.

«Сана ағымы» терминінің 1890 жылы У.Джеймстің «Принципы психологии» еңбегінде аталғаны белгілі. Көркем шығармашылықтың психологиясы туындының ішкі тұтастығын қабылдаудан туындайды. Бұған көркем шығармадағы проблема, бейнелеу, қиял, әсер мен қабылдау секілді компоненттер енеді. Бұларды анықтайтын орталық жүйе жазушы шығармашылығын тұтас зерттеуден орнығады. Осы зерттеудің деңгейлерін ажырата кетсек, алдымен, әдеби үдерістің мақсаттылығын көрсететін көзқараста жекелеген шығармалардың тууын зерттеу; нақты бір автор шығармасын қарастыру үстінде сол кезеңдегі шығармашылық үдерісті анықтау; қандай да бір белгілеріне қарай (жүйелі әдіснамалық негізде) әр түрлі суреткерлердің шығармашылығына салыстырмалы зерттеу жүргізу; одан кейін жоғары абстракцияның категориясы ретінде танылатын көркемдік ойлауды зерделеу. Осылардың бәрі қаламгердің дүниетаным ерекшелігін, шығарма тудырудағы психологиялық даралықтарын, кейіпкер бейнесін жасаудағы тәсілдерін түрлендіреді, өзінің әсер-сезімін, толғаныс-тебіреніс арналарын жасайды. Кейде осындай кейіпкер санасының және одан тыс тұрған суреттеу тәсілін жазушы мен оқырманның қабылдауы аса күрделі. Мұны меңгеру үшін жоғары әдеби-көркемдік күзіреттілік қажет. Осы сана ағымының көрінісі роман кейіпкерлерінен байқалады. Олардың кей сәтте өң мен түс арасындағы өздері де дұрыс байыбына бармаған әрекеттерді орындауы олардың еркінен, санасынан тыс атқарылып жатады. Ақынның «Тозақтан жұмаққа» жол тартуы өң мен түстің арасындағы елес дүние секілді қабылданады. Бұл жерде екеуінің ара қашықтығы мөлшерлес. Адамның тозақтан құтыла алмайтыны секілді, жұмаққа жету де соншалық қашық.

Діни ойға адам баласы бұл дүниенің болмысы қиындап, күрделенген сәтте беріледі. Осыған дейін қалыпты деп қабылдаған ұғымдары өзіне қайшылықты пікір, әсер туындатқан кезде, адам өзі де терең түсініп болмаған өзге дүниеге, жаратылысқа жүгінеді. Жоғарыда талданған прозалық шығармалардағы діни-философиялық проблема адам баласын үнемі толғандыратын мәселе еді. Қай кезеңде де адамзат жаратылыстың да, өздерінің ішкі дүниесінің де жұмбағын шешуге ұмтылып отырған. Ал, автор жер бетінің тірлігі мен метафизикалық құбылыстың арасын жалғастырғысы келді. Сондықтан да қаламгердің шығармаларының ортақ проблемасы қайырымдылық пен зұлымдықты таңдаудағы еркіндік болды. Бұл концепцияларда утопизм болса да, тұтастай алғанда адам баласын ұнамдылықты жақсылық пен еркіндікті идеал етуге шақырады. Діни сана белгілі бір дәрежеде адам баласының гуманистік таным, түйсігіне ықпал жасады.

«Сергелдең» романының кейіпкерлері өз мінез-сипаттарының кемшін тұстарын өздері айтып ақталып отырады: «Сол күнәм үшін қандай жаза тартып, қандай ауыр күнә жазылса да әзірмін. Сонда да алдын ала арылып айтып алайын. Төрінен көрі жуық тұста кәрі Көкенбай неден жаңылды дейсіңдер ғой. Адам жасы ұлғайып, өлер шағына таянғанын сезген сайын қалтырап, жаны тәтті болып кететін көрінеді. Бірақ, күнәнің үлкен себебі әріде. Ол мынау: біз, қазақ баласы, атадан ұл боп тусақ та, көп заманнан бері көрінбей көрінгенге құл боп үйренген халіміз бар» [7, 61].

Орыстың эмигрант жазушысы И.Шмелев өзінің шетел кезеңіндегі үрейлі Қырым әсерлерін беретін шығармасын “Солнце мертвых” (автор эпопея деген) деп атайды. Бұл қысқа әдеби ноктюрн-эпигемелерінде автор барлық жанды атаулының-адам, аң, сезім, жүректің өлуін көрсетеді. Осылардың бәрін көрген күн “өлгендердің күніне” айналады. Өткен ғасырдың 20 жылдары Қырым халқының қызыл терроршылар мен аштықтың салдарынан қырылуын көрсеткен осы кітапты сыншылар «қорқынышты кітап» (А.Амфитеатров) деп атап, автордың мұндай шығарманы жазуға күш-жігері қалай жеткеніне таңқалады. И. Шмелев: «Мен білемін: мыңдаған шақырым қашықтықтан, радиодан естілген бұйрық көк теңізге жетті: «Қырымды темір сыпырғышпен теңізге қарай сыпырып таста». Сыпырылып жатыр» [12, 24]. Шығармадағы қорлық, аштық,

қорғансыздық, заңсыздық, қырылу - осының бәрі автордың адам ретіндегі сана сезіміне ең ауыр соққы болып тиді. Мұндағы адамдық құқықтың тапталуы, үрей, кәдімгі тұрмыстық жағдайдың бұзылуы, адамның сабағынан үзілген жапырақ секілді сыпырылып кете баруы ең трагедиялық сәт еді. Ақын М.Волошинше айтқанда: «Мен өлгендер үшін жылаймын ба, мен ұзақ жасауға тиістілер үшін жылаймын» («Разве я плачу о тех, кто умер? Плачу о тех, кому долго жить»). Міне, осындай өлім мен өмір белдескен сәттегі адамның өз тірлігіне налуы, тағдырына қарғыс айтуы секілді күпіршілікке дейін баруы мәжбүрліктен, сананы жайлаған белгісіздік пен үрейден туындар еді. Осындай дағдарысқа түскен жан өткенінен жұбаныш тапқысы келеді.

«Сергелден» романында Ырысқан бір сәтте екі күйді басынан қатар кешеді: «Ол осы күнге дейін мылтығы, қаруы бар өкімет әскерін қойып, сойыл, шокпармен тап беретін қазақ бүлігіне де араласып көрген жан емес. Ойлап отырса осы жасқа келгенше тұщы етіне тиген қамшы дәмін әлі татып көрмеген екен. Азап, бейнет, өлім деген сияқтыларды тіпті есіне де алып бақпаған пенде. Қазір мына қалың әскерді өз көзімен көргенде жүрегі аузына тығылып тынысы буылып, дем ала алмай қалды» [7, 109]. Осыдан туындаған үрей әрі қарайғы ұзаққа созылған трагедияға апарады: «Бұлар көзі жасты, көңілі күпті жандар. Кешегі қырғында бірінен-бірі көз жазып қалып, оның не өлі, не тірі екенінің байыбына бара алмай қан жұтып келе жатқан көңілі қаяу сорлылар» [7, 174]. Романдағы кейіпкерлер қоршаған ортаға философиялық қашықтықтан қарайды, ал, алысы - өткен дәуір, көркемдік стильдер, философиялық идеялар – тұрмыстық ұстаным тұрғысынан алыс болып келеді. «Ең ақырында оның көз алдына тағы әлгі қызыл жұлдыз келе қалды. Қан түстес қызыл еді ғой. Таңертең өзі көрген мейірімсіз түсі суық адамдардың бәрінің маңдайы қып-қызыл болатын. Маңдайына жазған деген сол болғаны да» [7, 181]. «Заман да заман, заман болар, қарағай басын шортан шалар» деген бар. Бұл да бір дүние ғой. Сен тым болмаса шешеннің сүйегін тапқан екенсің. Көзің көріп, көңілің суыды. Оған да «шүкір» де, балам» [7, 184].

Қорыта келгенде, өзге ортада тірлік кешкен адамның санасында дүниені, ортаны қабылдаудағы өзгешелік туындайтыны анық. Өзінің шығармашылық жолында шекара сыртында қалған қазақтардың тағдырын арқау еткен Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш», «Атамекен» шығармаларында адам санасының әр түрлі құбылыстары дәйектеледі. Бұл құбылыстар кей сәтте адамның көкейінде тұнған ой-сезімдерін шайқап, бірқалыпты өмір дағдысынан алшақтатады. Бұл көркем шығармаларда адамның дербес болмысы, оның айналасымен қақтығысқа түсуі байқалды. Бұл қоғамның кезеңді, тұтас қақтығысынан туған қарсылық еді. Әрі, бұл қарсылық көрсету үнемі ашық, көзге ұратын түрде емес, ішкі, санадағы қарсылық түрінде жүрді. Осы кезде адамның ішкі дүниесі де өзді-өзімен айтысып, тартысады. Жоғарыда талданған прозалық шығармалардағы діни-философиялық проблема адам баласын үнемі толғандыратын мәселе еді. Қай кезеңде де адамзат жаратылыстың да, өздерінің ішкі дүниесінің де жұмбағын шешуге ұмтылып отырған. Ал, автор жер бетінің тірлігі мен метафизикалық құбылыстың арасын жалғастырғысы келді. Сондықтан да қаламгердің шығармаларының ортақ проблемасы қайырымдылық пен зұлымдықты таңдаудағы еркіндік болды. Бұл ұғымдарды таңдаудағы қателік адамды еркіндік пен сүйіспеншіліктен алыстатады. Бұл концепцияларда утопизм болса да, тұтастай алғанда адам баласын ұнамдылықты жақсылық пен еркіндікті идеал етуге шақырады. Діни сана белгілі бір дәрежеде адам баласының гуманистік таным, түйсігіне ықпал жасады. Бұлардың бәрі жинақтай келгенде туған жердің қадірі, ел алдындағы парыз деген идеяларды түпқазық етті. Осыдан келіп бұл шығармалардың төмендегідей ерекшеліктері анықталады:

- Қ.Жұмаділовтің романдары шекара сыртындағы қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлерінен бастап, ішкі сана-көңіліндегі өзгеріс, құбылыстарын жете дәйектейді;

- Бұл туындыларда адамның туған жерге, елге деген сағынышы, көшпенді тіршіліктің табиғи болмысы ашылады;

- Адам баласына тән өмірдің қалыпты сипаты өзгерген түрде беріледі. Адам уақыт



пен кеңістік өлшемдерінің өзгерісін танып-біледі;

- Сана түкпіріндегі ой байыз таптырмай, мазасыздандырған кезде адам өзге құбылыстарға, санадан, болмыстан тысқары тұрған ұғымдарға иек артады;

- Көш өзінің көшпенділер өміріндегі қызметін аяқтап, ендігі көштің беталысы өзгереді.

Адам туған жердің болмысын жан-тәнімен аңсағанда, көңілдерінде өзгеше ой, таным орнығады. Кейде уақыт өтуі, жылдамдығы өзгеріп, оның орнын санадағы құбылыстың басымдығы алады. Осы кезде адам өзінің санасындағы қарсыласуларға да - екіге жарылып, екіұдай болған сәтіне де жауап табуға ұмтылады. Бұл әрекет үстінде адамның өзгеге емес, алдымен өз өткеніне көз жүгіртіп, басынан кешкендерін таразылайтыны анық. Мұның өзі адамның жеке, өзіндік болмыс-танымының оқшаулыққа бейімдігін аңғартады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. Төртінші том. Соңғы көш. - Алматы: Қазығұрт, 2005. - 504 б.
- 2 Нұрғали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. Бір томдық. - Алматы: Жазушы, 2000. - 434б.
- 3 Елеукенов Ш. Әдебиет тәуелсіздік қаруы. - Алматы: Баспалар үйі, 2009. - 472 б.
- 4 Жұмаділов Қ. Атамекен. Роман. - Алматы: Жазушы, 1990. - 300 б.
- 5 Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс. Монография. - Алматы: Атамұра, 2003. - 488 б.
- 6 Жетписбаева Б. «К поэтике символа в романе А. Нурпеисова «Долг». // Академик Зәки Ахметов және руханият мәселелері: республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: «Үш қиян», 2003. - 640 б.
- 7 Сәмитұлы Ж. Сергелдең. Роман. - Астана: Елорда, 2001. - 520 б.
- 8 Поплавский Б. Неизданное: Дневники. Статьи. Стихи. Письма. - М., 1996. - 347 с.
- 9 Сартр Ж.П. Бытие и ничто. - М., 2000. - 360 с.
- 10 Грузін Ю.В. Інфернальний герой в російській прозі ХХ століття. Витоки. Типологія. Трансформація. Автореферат дисертації на здобуття наукового ступеня кандидата філологічних наук. – Київ, 2001. - 20 б.
- 11 Бөдешұлы Ж. Бұрылыс: Жыр жинағы. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. - 296 б.
- 12 Памяти Ивана Сергеевича Шмелева. // Шмелев И.С. Собр. соч.: в 5 т. Т.1. - М., 1998.- 478 с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются прозаические произведения писателей. Анализируются проблемы отчизны, судьбы нации, стиль и структура персонажей художественной прозы.

RESUME

In the article the author considers the prose works of the writers. The problems of the native country, the fate of the nation, the style and structure of feature prose characters are analyzed.

Аннотация

Мақалада қазіргі қазақ прозасының даму ерекшеліктері, соның ішінде шағын жанрдың даму сипаты сөз болады. Қазіргі прозада қалам тартып жүрген кейінгі толқын жазушылардың соңғы шығармалары салыстырмалы түрде талданып, түсіндіріледі. Әр қаламгердің стильдік ерекшелігі, жаңа тақырып, тың идея іздеудегі талпыныстары, көркемдік таным жолындағы ізденістері, ұстанған бағыттары мен ерекшеліктері бүгінгі күн тұрғысынан бағаланады. Сонымен қатар қазіргі әдебиеттегі жаңа ағымдар туралы да түйінді пікірлер айтылады. Қазіргі әдебиетті саралау бүгінгі күн үшін өзекті мәселенің бірі екені талас тудырмаса керек.

Түйін сөздер: образ, миф, діни мифология, көркем сюжет, композиция, постмодернизм.

Ж.О. Мәмбетов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті,
ф.ғ.к., доцент

Қазіргі қазақ прозасындағы бет пен бағыт

Еліміз азаттыққа қол жеткізген соңғы жиырма жылдан астам уақыт ішінде ұлтымыздың дүниетанымы барлық жағынан үлкен өзгерістерге ұшырады. Жүздеген жылдар бойы санамызға күшпен сіңіріліп, әбден орнығып қалған қасаң таным-түсініктерді жаңаша пайымдауға, табылып жатқан тың деректермен, басқа халықтардың ойлау дәстүрлерімен салыстыра зерделеуге мүмкіндіктер ашылды. Бұл ең алдымен ұлттық тарихымызды қайта таразылаудан, әдебиетіміздің болашақ бағыт-бағдарын анықтау қажеттілігінен туындаған еді. Сондықтан да тәуелсіздік жылдары тарихи шығармалар көптеп дүниеге келді. Бұрын айта алмаған, емурынмен танытқан ақиқат шындықты енді атын атап, түсін түстеп жазуға жол ашылды. Оның үстіне бір кездері коммунистік жүйе таптық қоғам деп айыптаған капиталистік дүниенің материалдық құндылықтарымен қатар рухани құндылықтары да ашық есіктен именбей еніп жатты. Жаһандану дәуірінде олардан тартынып, көрпенді қымтайтындай мүмкіндік те жоқ еді. Томағатұйықтық баяғы кеңес өкіметімен бірге келмеске кеткен. Сондықтан да қай елден үйренесің, кімге еліктейсің, қай ағымды қолдайсың бәріне де еркіндік берілді, қаламгердің қалауына шектеу қойылмады. Бірақ қазақ әдебиеті солардың бәрімен де араласа жүріп өзінің ұлттық табиғатын түбірімен өзгерткен жоқ. Үйрену, еліктеу бар - бірақ сол үйренгенінің өзін ұлттық мүддемен сәйкестендіру басымырақ секілді.

Қазіргі қолына қалам ұстаған қауым арасында өзінің шығармашылық шеберлігімен көпшілік оқырманның көңілінен шығып жүрген Нұрғали



Ораздың «Қайыршының жұлдызы» әңгімесі. Әңгіме сюжетінің қазақ прозасында бұрыннан қалыптасқан өзге екі адам арасындағы әңгіменің желісі арқылы басталуы да шығарманың алабөтен жаңалығы бар дүние екенін байқата қоймайды. (Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятынан бері келе жатқан дәстүр). Бірақ көлемі оншақты беттен сәл-ақ асатын осынау шағын әңгімені оқып шыққанда қасымызда жүрген адамдар туралы, өзіміз өмір сүріп отырған заман туралы ойға шомып, іштей мүжіліп, өзгеше бір көңіл-күйді басымыздан өткізетініміз рас. Бұл жазушының тақырыпты ұтымды таңдай білгендігі, шығарма идеясының біз күтпеген тұстан байлам жасап, соны ойға жетелеуінен десек қателесе қоймаспыз. Таланты актердің қайыршыға айналып кетуін жазушы сенімді бейнелей алған. Өмірде жолы бола қоймаған жас жігіттің қоғамдағы ең бейшара топ өкілдеріне қосылу себептерін де, яки шығарма сюжетіндегі логикалық байланысты да өмірдің өзінен бұлтартпастай сенімді етіп ала білген. Бүгінгі өнер адамы кім, оның дарыны мен талантын бағалап, өнерге сіңірген еңбегін елеп жатқан кім бар? Осы қоғамда бізбен қатар өмір сүріп жатқан қарапайым өнер адамының өзгелерден айырмасы қайсы? Біз көрген, біздің замандастар көрген қиындықты олар да көріп келеді. Етектен тартқан жоқшылық қасіреті оларды да айналып өтіп жатпағанына әңгімені оқи отырып көз жеткіземіз.

Қайыршының ролін сомдап, атағы шағын қалада дүркіреп тұрған азаматтың адами тұрмысы жан төзгісіз қиын. Оны жазушы былайша суреттейді: «Өнер адамдарының күнкөрісіне қазір кім көңіл бөліп жатыр, сахнадан жарқырап көрінгеніне қарап, е-е бұларда бәрі бар, нағыз бақытты жандар осылар ғой деп ойлайсыз. Ал шындығында олардың бір айда алатын арзымайтын жалақысы – базардағы саудагердің бір-ақ күндік табысына тең. Маркс дұрыс айтқан: «Сананы тұрмыс билейді». Биік рух әрі кетсе бір-ақ күнге азық болады...» [1, 40 б]. Бұл ақиқат шындық болғанымен, шағын әңгімеде оны публицистикалық сарында баяндаудың керегі жоқ еді, онан гөрі сол жоқшылықтың сырын ашатын айшықты бір деталь тапқанда әлдеқайда ұтымды шығар еді. Ал одан кейінгі актердың қызының пальтосын мектепте ұрлатып алып, суық тиіп ауыруы да жалаң баяндау сарынынан аса алмаған сықылды. Осы екі эпизод болмаса, шығарманың тілі жатық, сюжеттің даму сатылары да бір бірімен композициялық тұрғыда әсем үйлесім тапқан. Шығарма ішіндегі шығарманың сюжеті түгел дерлік баян етілмесе де, автор театр сахнасында қойылған туындының идеялық мұратын мынадай бір екі сөйлеммен-ақ нақты ашып, дәл таныта алған. «Оу халайық деді ол спектакльдің соңында залға қарап екі алақанын жайып отырып. – Сендер менің ойымда ен бар екенін қайдан білесіңдер?! Құдайға шүкір, жетеді... бәрі де жетеді. Қайғы да, сор да, қуаныш та, бақыт та кезектесіп өтіп жатады алдымнан. Иә... иә, мен сендерді сынау үшін отырмын осы жерде!», -дейді. [1.38 б]. Осы актер аузымен сахнада айтылған сөз Н.Ораздың да әңгімесінің идеялық тұғыры іспетті. Жазушы заман жайлы, оның қызығы мен қуанышы жайлы айтпақ болған ойын қайыршының сөзі арқылы осылайша жеткізген деген ойға тоқталдық... Шын талант иесі қоғамдағы экономикалық қиыншылықтардың құрсауынан шыға алмай арпалысып жүріп, ақыры ақша табудың жолына түсіп кетеді. Қарын тоқтығы мен дүниенің буы оны түптің түбінде рухани қайыршылыққа әкеліп соқтырады. Ең соңында қу дүниенің құлына айналған бір кездегі атпал азаматтан әйелі де, бала-шағасы да безіп кетеді... Бұл жазушының замана шындығын суреттей отырып жеткізген идеясы, қазіргі кезеңнің трагедиясы.

Жалпы Нұрғали Ораз шағын әңгімеде адам сезімінің алуан қырлы толқындарын мөлдіретіп беруге төселген қаламгер. «Біз, ол, «мерседес» және махаббат» деген әңгімесінде түкпірдегі ауылға нағашы әжесі Сағираға келген бойжеткен қыз Бибіажардың мінезін айшықты да әсем суреттейді. Әңгімеде адамды елең еткізерліктей оқыс оқиға да жоқ, шырғалаң сюжеттік тартыстан да ада. Бірақ шағын шығарманы оқып шыққанда оқырман көңілінде бір қимастық сағыныш, екі-үш күн ғана сырттай таныс болған ақжарқын қыздың ерке қылығы ұмытылмастай болып жатталып қалады. Расында да түкпірдегі ауылға келген өнерлі қыздың әр бір әрекеті, әр бір қимылы, сөйлеген сөзіне

шейін тартымды, ешқандай да жасандылық жоқ. Бірақ сонысына қарамай қазақы тәрбие алған бұйығы ауылдың балалары үшін оның барлық әрекеті жаңалыққа толы, тосын да қызықты болып сипатталған.

«Бибиаяр келгелі біз құдық басында бір-бірімізге су шашысып, қуаласып ойнайтын болдық. Сайдағы жалғыз құдықтың суы да көбейіп кеткен секілді. Бұрынғыдай емес, өзімізді біртүрлі еркін сезініп, жарық дүниеге шыр етіп түскелі бері жанымызға батып, иінімізді басып келген бір ауыр жүктен құтылғандай жеңілдеп қалдық.

Бибиаяр мал суаруға күнде келсе екен деп тілейміз іштей. Мейлі, ол сәмбі талдай майысып құдықтан су тарпай-ақ қойсын. Сағира шешейдің қойларын өзіміз-ақ томпаңдап жүріп суарып береміз. Тек біздің ортамызда сықылықтап күліп, мәз-майрам болып жүрсе болғаны. Шынында да оның мінезі бала сияқты еді. Ол біздің ауылдың барлық қызынан сұлу болса да, тәкәппарлық, паңдық дегенді білмейтін. Екі беті бал-бұл жанып, бізбен бірге асыр салып ойнап жүретін-ді», - деген үзіндіден Бибиаярға деген ынтызарлықты аңғарамыз және оған имандай сенеміз [1,99 б]. Бұл жазушының шағын әңгімеде өз оқырманын ұйыта білген шеберлігінен деп білеміз.

Ораздың кейбір әңгімелерінің сюжеттік желісі ойламаған жерден тосын басталып жататын кездері де жиі ұшырасады. Ондағы қаһармандар да өзімізге таныс бүгінгі замандастарымыз. Бірақ аталған шығармалардағы әйелдер образдары арқылы нені насихат еткісі келді, қаламгердің позициясы қандай деген сұрақтарға жауап таба алмаймыз. Мысалы, «Оңаша арал», «Бақ құсы» деген әңгімелеріндегі оқиғаның өрбуі, адамдар арасындағы байланыстың күтпеген жерден басталуы осыған дәлел бола алады. Ақыл тоқтатқан жігіт пен жас келіншектің кафеде таныса салып бірін-бірін қимай, сырласа кетуі оқырманды иландыра алмайтын сықылды. «Бақ құсында» да жас қыздың өзін танымайтын жазушы жігіт ағасын мейрамханаға шақырып, артынша оған барлық сырын ақтарып, жақындаса кетуі моральдық жағынан ғана емес, логикалық тұрғыдан да сенімсіз дер едік. Дей тұрғанмен де, қанша жерден заман өзгерсе де, адамгершілік қасиеттің әрдайым биік тұрғаны абзал шығар... бұл тұрғыда Н.Ораздың әлі де болса өзіне талапты жоғарырақ қойғаны жөн. Себебі оның жаман жазуға қақысы жоқ. Мәлдір де сырлы әңгімелері оның сол биіктен түспеуін талап етеді. Осы жерде Асқар Сүлейменовтің мына бір сөзі ойға оралады: «Жазушы да, жазушының геройы да басқаға, басқалардың өз-өзіне деген сындық талаптың іштей піскенін етене түйсініп жүр. Талап – қоғам талабы, қоғам иесі адам талабы. Ұлыққа да, кішікке де, оның жақсы-жаман қылығына алақан астынан қарауға келісімпаздыққа, әй қойшы соны, әйтеуір бірдемесі болар деген бойкүйез бұйығылыққа көк сүңгі болып шүйлігетін талап. Әркімнің серігі де, көлігі де осы талап болу керек. Бірінші кезекте - талап, басқа түк те емес» [2, 28 б].

Әрине біз әдеби шығармашылықтың көбіне бір бағытта дамуына қоғамды кінәләп жатамыз. Ал жиырма жылда адам танымастай өзгерген дәуір құбылысы мен өзгерістерге біздің қаламгерлер ілесе алып жүр ме? Бұл да ойланатын мәселе. Мысалы көптеген сыншыларымыз біздің жазушылардың жаһанданудан кенде қалып, оған тек қарсылық білдірумен ғана келе жатқанын тілге тиек етуде. Олардың ойынша қазіргі қазақ қаламгерлері шарықтап дамып жатқан әлемдік ғылыми-техникалық үдеріске, дүние жүзіне ортақ мәдени, әдеби-философиялық интеграциядан оқшауланып қалғандай. Сондықтан да олар кез-келген жаңашылдыққа, постмодернистік үлгілерге үрке қарайды.

Тағы бір көз жіберіп, тексеріп алатын нәрсе, біздің қаламгерлер қазір қандай тақырыптарды көтеріп жүр? Айналдырған бірнеше белгілі тақырыптарды таптап, жауыр болған ескі ойлармен оқырман қауымды жалықтырып алған жоқпыз ба? Осы мақсатпен жүргізген ізденстеріміз, біздің прозада сан алуан тақырыптардың көтеріліп жүргенін айғақтап берді. Мысалы, тарихи және махаббат тақырыптарынан басқа еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар пайда болған сауда-саттық тақырыбы, жұмыссыздық тақырыбы, ауылдан қалаға көшу, яғни урбанизация тақырыбы, оралмандар тағдырын суреттейтін шығармалар, шет ел тақырыбы, өнер тақырыбы, спорт тақырыбы, діни тақырыптар т.б.



Сонымен қатар сыншылардың біздің жазушылар қазіргі қоғам дамуына ілісе алмай келеді дегенінің де жаны бар сықылды. Өйткені қазіргі қаржы жүйесін, әлемдік инвестициялардың елімізге ағылуын, банк саласындағы құйтырқы әрекеттерді, ірі компаниялар мен холдингтердің арасындағы шым-шытырық байланыстарды суреттейтін шығармалар бізде жоқтың қасы. Себебі жазушыларымыз ол саланы әлі толық білмейді, зерттемеген, ал білмеген нәрсеге қалам тартудың қиын екені белгілі. Болса да сол саланың барлық құйтырқы әрекеттерін әшкерелеп беруге қауқарсыз, тек бетін қалқып қана өз топшылауларын бейнелемек болады. Ал оның қазіргі биік интеллектуалды оқырманды толық қанағаттандыра алмасы әмбеге аян.

Жазушы Нұрлан Қамидың «Шизофрения» деген хикаясы сол жолдағы алғашқы ізденістердің бірі деп ойлаймыз. Шағын әңгімедегі қаһармандардың аты-жөндері де аталмайды. Оқиға бірінші жақтан баяндалғандықтан мен, әйелім, досым, қайнағам деген кейіпкерлер ғана бар. Бірақ сол адамдардың аттары кім деген сауал сізді мазаламайды. Өйткені ондағы адамдар да, сюжет хроникасы да сізге таныс, өзіңіздің күнде көріп жүрген замандастарыңыз секілді. Ең бастысы сол оқиғалардың бәрі сіздің өз басыңыздан өтіп жатқандай күй кешесіз. Сөмке тасып, сауда жасап жүрген жоғары білімді экономист жігіт жағдайы түзелген соң банк ашпақшы болады. Бар пәле сонан басталады. «Шай ішіп, тамақ жеп болған соң жеңгеміз ас үйге кетті де, қайнағамыз әңгімесін бастады. Тік мінезді адам болатын, мәселені төтесінен қойды.

- Шотыңа біраз қаржы түсті, бірақ соның қайдан келгенін ұмытпа, - деді нығарлай сөйлеп. –Ана досыңа да ескертіп қой, бұл ақшаның өз орны бар, тек менің айтқаныммен ғана жұмсайтын боласыңдар.

Мұндайды күтпеген басым не айтарымды білмей құмығып қалдым әйелім де аң-таң. Бір-бірімізге жалтақтап қарап қоямыз». [3.227 б]. Осынау қысқа ғана диалогтен байым деп жүріп, ең жанашыр адамдарымен араз болып, өзінің азат басын кіріптарлыққа кіргізіп, соның салдарынан пенде атаулыдан бөлектеніп, шеттеп жалғыз қалған адамның жан күйзелісін танығандай боламыз. Әйелінің ағасы да, талай қиыншылықтан бірге өткен жолдасы да, керек десеңіз құдай қосқан қосағы да ақшаның алдында дәрменсіздік танытып, бас қаһарманды сатып кетеді. Мұның бәрі жазушының қиялынан туған десек те, онда күнделікті өмірде өзіміз көріп, біліп жүрген ақиқат шындық бар.

Оның «Шал» деген әңгімесінде соғыс ардагерінің өмірі сөз болады. Бірақ шал соғыста ерлік жасап көзге түскен кісі емес, жұмыста да елден ерек оза шауып жүлде алған жері жоқ. Қарапайым көптің бірі ғана. Жазушының оқырманға жеткізгісі келгені де сол көптің бірін, қарапайым жанды шығармасына арқау ету. Осы кезге шейінгі прозада әйтеуір бір ерекшелігі бар адам шығарма қаһарманы болып келсе, Н.Қами аталған әңгімесінде сол ескі сүрлеуден шыққысы келген. Оның кейіпкері шаруаға да орашолақ, ерліктің де парқын терең ұға қоймайтын миллиондардың бірі ғана. Оны әңгіме арасындағы мына бір мінездеуден де анық аңғаруға болады: «Жалпы өзі көп ойланбайтын адам, бала кезінен-ақ топастау еді, есейгеннен кейін де ақылы толысып, кемеңгер болып кеткені шамалы. ...Сергей досы айтушы еді, саған жақсы ғой, көп ойланбайсың, жүйкең берік, жан дүниең қат-қабат қыртыстардың астында жатыр, сондықтан жас сәбидей бәйкүнәсің, анау-мынауға мойымайтының да содан, ұзақ өмір сүресің сен. Айтқаны айдай келді, міне сексеннен асып бара жатыр...» [3, 7 б]. Бірақ сол қарапайым адамдардың да іштей өздері құрмет тұтатын, өздері ғана сеніп, өздері парыз санайтын, басқалар көп ұғына бермейтін түсінік-әдеттері, бар пейілдерімен орындайтын іс-әрекеттері болады екен. Шығарманың бұрын қазақ прозасында көп ұшыраса бермейтін, құлаққа тосындау тиетін «Шал жылына екі рет ішетін» деген оқыс сөйлеммен басталуының да сырын оқиға желісіне қаныққан соң ғана түсіне бастайтынымыз рас. Шығарма сюжетінің кейбір тұстары Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романының оқиғалар желісіне де ұқсап кететіндей. Шалдың балаларынан бөлініп жалғыз қалуы, олардың әкелерін ойламауы, шал

қайтыс болғанда ауыл адамдарының оны арулап жер қойнына тапсыруы т.б. сол ойымызды дәлелдей түседі.

Жалпы, Нұрлан Қамидың қазақ прозасына араласқанына отыз жылдан аса уақыт өтсе де шығармалары сирек жарық көреді, кітаптары да араға жылдар салып шығып жатады. Соған қарағанда өзіне қатты талап қоятын болса керек. Біздіңше Нұрлан қазіргі қазақ прозасында өзіндік орны бар, өзіне тән машығы қалыптасқан қаламгер. Оның қалам тартып жүрген тақырыптары да басқа жазушыларда көп кездесе бермейтін ерекше тақырыптар. Ол ақиқат өмірдегі әр құбылыстан, әр бір тосын оқиғалардан өзіне ғана тән ой түйюге, жалпы адамзат баласы дұрыс деп қабылдаған орныққан қағидалардың екінші қырынан қарауға, көпшілігіміз байқай бермейтін тұстарына тереңдеп үңілуге бейім екенін аңғарамыз. Көбіміз оншалықты мән бере қоймайтын қалыптасқан этикалық, эстетикалық пайым-түсініктер жазушы шығармаларында мүлдем жаңаша пайымдалып, соны қырынан танылатынын да оның жаңалығы, басқаларды қайталамайтын өзгешелігі деп түсінгеніміз жөн. Шығарма соңы біз күтпеген бағытта тосын шешіммен аяқталып жатса, оған да таң қалудың керегі жоқ. Ол жазушының оқырманға қалдырған сауалы, оқырманды интеллектуалдық тартысқа шақырған өзіндік тәсілі. Мүмкін сонан да шығар Нұрланның шығармаларын алғаш оқыған адам өз ойын бірден жинақтай алмай әрі-сәрі күйге түскендей болады. Оқырман басына анау неге олай, мынау неге бұлай деген сауалдар қаптайды. Бірақ қайта оқысаңыз, ойлана оқысаңыз сол сұрақтардың жауабын тағы да өзіңіз тапқандай боласыз. Бұл қазақ прозасында Н.Қами тапқан өзгеше сүрлеу, жаңаша жол.

Қазіргі оқырманға жақсы таныс қаламгердің бірі – Асқар Алтай. Оның шығармалары да мазмұн мен формадағы тың ізденістерімен ерекшеленеді. Оны кеңестік кезеңнен қалған ескі сүрлеумен келе жатыр деп айта алмас едік. Тақырып таңдауында да, идеялық ой түйінде де ол өзгелерден ерек тұрған жазушы. «Казино», «Кентавр» сияқты әңгімелерінің сюжеттік желісі біздің замандастарымыздың бастарынан өтіп жатқан оқиғаларға құрылған. Байлыққа белшесінен батып, адамшылық пен туыстық қасиеттерін жоғалтқан кейбір адамдардың біз сырттай қызығатын өмірлерінің терең қатпарларын қопара ашып, олардың өз ара салқын, тек жеке бастың бір сәттік қамымен жүрген пенделік сипаттарын бейнелеуі, әке мен бала, ана мен әке арасындағы адами қатынастардың сырттай ғана бүгін, ал шын мәнінде түгін болып жатуы тек адамдар арасындағы күйбең байланыс емес, қазіргі қоғамдағы ақиқат шындықтың бір көрінісі екенін анық таныта алған. Ал халқымызға қасірет әкелген Семей полигонының зардаптарын көрсетуде қаламгер басқалардан өзгеше жол табуға тырысқан. Трагедия трагедияны тудырады. Жазушының ойынша полигон зардабы оның жабылуымен біте салатын құбылыс емес екен. Оны жоюға, одан айығуға тек қана жоғарыдан берілген бұйрық қанан емес, адам жанын емдейтін ұзақ уақыт, санадағы оң өзгерістер, адамға тән бауырмалдылық, аяушылық, ең бастысы сүйіспеншілік қасиеттер керек екен. Мұны Асқар қысқа ғана әңгімесінде атап айтпаса да тұспалдап әдемі жеткізген.

Біз сөз еткен үш жазушының шығармаларындағы замандастар бейнесі айналып келгенде бір біріне ұқсас бейнелер. Олардың баяндау тілдерінен де суреттілік, көркемдік қасиеттерді жиі кездестіреміз. Оларда посмодернистік бағыттағы жазушылардай тілді ықшам пайдалану, көркемдіктен алыстау, оқиғаның тек бір ғана қырын ашып көсету, ойды шолақ қайыру сипаттары жиі кездесе бермейді. Олардың прозаларындағы нарықтық заманындағы адамдардың рухани жұтандануы, дүние, ақша үшін адамдық қасиеттердің саудаға түсіп, жеңіліс табуы, адамгершілік, махаббат сықылды асыл қасиеттердің арзандап аяққа тапталуы көркем жинақталған. Ол бүгінгі біздің замандастардың басынан өтіп жатқан шынайы өмір суреттері, өмірдегі ақиқат шындықтың өнерге айналуы.

Ал Дидар Амантай, Мадина Омарова, Лира Қоныс секілді қаламгерлерде постмодернизм сипаттарының айқын көрінетінін жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, «Дидардың Қарағайлы» шаһарында деген қысқа әңгімесі бар. Әңгіме жас жігіт пен



кішкентай қыздың арасындағы диалогке құрылған. Есік алдында машинада бір адамдарды күтіп тұрған жігіт ойнап жүрген кішкентай бес жасар қызбен сөйлеседі. Жігіт тарапынан қойылған сұрақтардың анау айтқандай терең мәні жоқ секілді.

- Атың кім, мына үйде кім тұрады, мамаңды жақсы көресің бе? - деген сықылды әңгімеге тарту үшін айтыла салған сұрақтар. Көбіне сұрақты қоюшы кішкентай қыз. Бірақ оның сұрақтарының мазмұны тереңірек секілді. Жазушының әңгімеде көрсеткісі келгенінің өзі де сол ма деген ойда қалдық.

- «- Сіз бізге қонаққа келдіңіз бе,
- Менің атымды білдіңіз келмей ме,
- Жасымды айтайын ба,
- Менің қайда тұратынымды білесіз бе,
- Сіз шокаладты ұнатасыз ба,
- Сіз маған ештеңе сыйламайсыз ба?» - деген сарындағы бір жағы бала

психологиясына тән, ал екінші жағынан өзінен үлкен адамды әңгімеге тартудың амалы бар, астарында ептеген қулық та бар сауалдар [4, 122 б].

Сәби қыз бен ересек жігіт аз ғана уақыт сөйлесіп, бірін-бірі қимай қоштасады. Қыз кішкентай сәби болса да өзінің тегінің кім екенін, тәңірдің өзін әйел етіп жаратқанын сезеді дегенді жазушы шығармасының негізгі идеясы ретінде ұсынады. Бұл өз ойын ишарамен ғана астарлап жеткізетін постмодернизм көрінісі.

Бұл тарапта өнімді еңбектеніп жүрген жазушылардың бірі - Мадина Омарова. Оның шығармаларында да әлемдік әдебиеттегі постмодернистік үрдістер қазақтың ұлттық дүниетанымымен астаса орын алған. Мадина жас та болса осы уақытқа шейін біраз шет ел жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударып, олардың кейбір шығармашылық әдістері мен көркемдік ізденістерін өзі де орнымен қабылдап, бүгінгі әдебиетіміздегі жаңа бағытта батыл қалам тартып жүрген қаламгерлердің бірі. Жас прозайктің «Емші апа», «Жақсы көру», «Таң алдында», «Құдайы тамақ», «Суық», «Ұят», «Мәңгілік», «Ақша іздеген» бала т.б. әңгімелерінде өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның әр алуан шындығын қысқа да, қарапайым ғана шағын оқиғалар арқылы астарлап жеткізуге төселегені байқалады. Жазушы әңгімелерінен дәстүрлі қаламгерлерге тән толыққанды жұмыр да, ширатылған сюжет желісін де кездестіре алмайсыз. Ойды нақты бір образ бойына жинақтап көрсетуге де тырыспайды. Әңгіме керек десеніз тартыстан да ада. Бірақ кейде оқып отырып мұңға батасыз, кейде өзіңіз күнде көріп жүрген үйреншікті оқиғаларға тосыннан қарағандай күй кешесіз. Қалай десеніз де сізді ойландырады, шығарма мәтінінің бар қызметі сізді тек сол ойдың арнасына ғана салып жіберу сықылды. Сіз жазушыны да, ондағы оқиғаны да ұмытып, өзіңізбен өзіңіз болып кетесіз. Қаламгердің де мақсаты сол.

«Жақсы көру» деген әңгімесіне інісімен әпкесінің арасындағы қысқа ғана диалог арқау болған. Әпкесі кітап оқып отырады, ал тоғыз жасар інісі оны әңгімеге тартқысы келеді. Бірақ кітап қызығына түскен әпкесі оны тыңдай қоймайды. Осыдан келіп балақай оған «сен мені жақсы көрмейсің» деп кінә тағады. Ақыры столда отырып ұйықтап қалады. Ал әпкесінің «оның ақырын барып шашынан сүйдім» деуімен әңгіме аяқталады [5, 122 б]. Бірақ дәл осындай оқиға бәріміздің өмірімізде талай рет болған, болып та жатады. Бірақ сонда біз адамдар бір-бірімізден алыстап, жатбауырланып бара жатқан жоқпыз ба деп ойландық па? Ал мына көлемі екі беттік әңгімеден соң қайсымыздың болмасын басымызға сондай ой келеді. Бұл Мадинаның жетістігі, қаламгерлік шеберлігі деуімізге әбден болады.

Постмодернистік дәстүрде оқиғаның идеясын ашып көрсету, шығарма сюжетіндегі шиеленіскен тартысты логикалық байланыста дамыту міндет емес. Сондықтан да олардың шығармалары қысқа, кейде тіпті бірнеше сөйлемнен ғана тұруы мүмкін. Негізінен оқырманның шығармаға арқау болған оқиғаны одан әрі өзінше дамытып ойлауына, жан-жақты шешім шығаруына еркіндік беріледі. Бір шығарманың идеялық тұғырын әр оқырман өзінше топшылап жатса оған да таң қалудың қажеті жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ораз Н. Сиқырлы көл. Әңгімелер. – Алматы: Қаз. Ақпарат, 2011.
- 2 Сүлейменов А. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2008.
- 3 Қами Н. Көк қақпа. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: Қазақ тарихы, 2010.
- 4 Амантай Д. Қарқаралы басында. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2010.
- 5 Омарова М. Қадір түні. - Алматы: Жалын, 2012.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности развития современной казахской прозы, в том числе малого жанра. В сравнительном плане анализируются новые художественные произведения писателей.

RESUME

The article deals with the features of development of the modern Kazakh prose, in particular the development characteristics of a small genre. The new works of modern writers have been analyzed comparatively.

Аннотация

Мақалада С. Мұқановтың шығармаларындағы құрмалас сөйлемдердің қолданылу ерекшеліктері, өзіне тән стильдік қолданысы зерделенеді. Нақты мысалдар келтіріліп, ғылыми пікірлер негізге алынады.

Түйін сөздер: стиль, проза, метафора, құрмалас сөйлем.

М.Х. Шаяхметова

«Тұран-Астана» университеті,
ф.ғ.к., профессор

Г.С. Райнбекова

«Тұран-Астана» университеті,
магистрант

С. Мұқанов стилі: құрмалас сөйлемдердің қолданылу ерекшелігі

Құрмалас сөйлемге байланысты қазақ тілінде жазылған алғашқы еңбектер 20-жылдар ішінде жарық көрді. Бұларда қазақ тіліндегі сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі мағына жақындығы. Салалас пен сабақтастың бір-бірінен өзгешелігі – салалас құрамындағы жай сөйлемдер өзара теңдік дәрежеде болады, ал сабақтаста ондай теңдік болмайды делінген. Бірақ тең болу мен кем болу неге байланысты екені айтылмайды. «Қиысулы құрмаластағы сөйлемдер тең болса, салалас құрмалас деп аталады. Тең болмай бірінен-бірі кем болып қиысса, онда қиысулы құрмалас сабақтас болады» [1].

Құрмалас сөйлемді зерттеуді алғаш рет практикалық мақсатта емес, ғылыми тұрғыдан қарастырған С. Аманжолов құрмалас сөйлемдерді салалас, сабақтас, аралас және тиянақсыз сабақтас деп төрт түрге бөліп қараса, құрмалас сөйлемдерді арнайы зерттеген Н. Сауранбаев бұл мәселеде бірнеше пікір ұсынады: алғашқы топтастыруда құрмаластарды салалас және сабақтас деп жіктесе, кейінірек салалас құрмалас, сабақтас құрмалас және іргелес құрмалас деп топтайды, ал соңғы топтастыруда құрмаластарды 4-ке бөледі: салалас, сабақтас, аралас, үйірлі мүшелі сабақтастар. С. Жиенбаев құрмаластың тек салалас және сабақтас деген 2 түрі бар екенін, ал аралас құрмаластың «өз алдына бір бөлек заңдары жоқ» екенін айтады. Н. Сауранбаев сөйлемнің бұл түрін сабақтас, салалас, іргелес деп үш үлкен топқа бөледі. Автор құрмаластың жалғаулықсыз байланысқан түрін жеке алып «іргелес» деп қарастырады.

Ғалым Б. Шалабай құрмалас сөйлемдерді байланыс сипатына қарай салалас және сабақтас деп бөледі де, үш немесе одан да көп предикативтік орталықтан құралған құрмаластарды көп компонентті құрмаластар деп, оны өз ішінде көп компонентті (сыңарлы)

салаластар, көп бағыныңқылы сабақтастар және аралас құрмаластар деп жіктейді. Салалас құрмаластарды компоненттерінің байланысу тәсіліне қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз деп жіктейді де, жалғаулықты салаластарды мағыналық қатынастарына қарай ыңғайлас (мезгілдес), себептес, қарсылықты, талғаулы, кезектес деп саралайды. Назар аударатын мәселе – автордың құрмаластарды, алдымен, предикатив сыңарларының санына қарай жіктеп алуы.

С.Мұқанов грамматикасын зерттегенде, барша тілдік категорияларды түгендеп шығуымыз қажетсіз, сондықтан жеке жазушының не индивидуалдық ерекшелігін, не сол кездегі әдеби тіл нормасын көрсететін талдау жасауымыз керек. Ендеше Сәбит Мұқанов тілінің грамматикалық құрылысын сөз еткенде «ерекшелік Сәбит Мұқановтың принципін» ұстануымыз қажет. Енді автордың шығармаларында құрмалас сөйлемдерінің құрылысы, құрамы, жасалуы жөніндегі ерекшеліктерін талдап көрсетейік.

1. «Ботагөздегі» аса күрделі, ұзақ сөйлемдердің едәуір тобы бірыңғай бағыныңқылы болып келеді және ол ыңғайлас бағыныңқылар жасалу жолы жағынан бірдей түсіп, синтаксистік параллелдік құрылымда болып келеді. Мысалы: «Бір жұмаға шейін теріс қарап жатып, қыран жапқандай қылып, балаларын жылатып, отты өртеп жағып, сүтті суалтып, қыр көрсетіп жүрді».

Бұл сөйлемде сабақтас құрмаластың басқа түлерінің компоненттері арасында болатындай шарттылық, қарсылықты, себептік, мақсаттық қатынас жоқ. Бұл сөйлемнің бағыныңқы компоненттерінің баяндауыштары жат + ып, жылат+ып, жағ+ып, суалт+ып деген етістіктің көсемше категориясының жұрнақтары арқылы жасалынған. Бағыныңқы компоненттерінің барлығы да қалай деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бірыңғай мүшесіне ұқсайды, бірақ әр компоненттің өзіндік айтар ойы болғандықтан, көп бағыныңқылы сабақтасқа жатқызамыз. Тағы да бір мысал келтіріп, ойымызды нақтылай түсейік: «Ағасының жылы біткенін, аға өлсе, жеңге мұра екенін, жеңгесінің төркіні келіп кеткенін, әжесінің кәрілігін, жалғыздығын, шаруаның кемдігін, ағасынан жетім балалар қалғанын, жеңгесі кетсе, үй-үйліктен қалатынын сөйледі». Бір қарағанда бірыңғай мүшелі сөйлемге ұқсайды, бірақ «кет + се, өл + се» сөздері шарттылық мағына беріп тұрғандықтан, шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады. Шарттылықтың өзі екі рет беріліп тұрғандықтан, жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас болады.

Жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтастарды таңдап, көп қолдануының себебі неде? деген сұраққа былай қорытынды жасаймыз. Біріншіден, бір сөйлемнің бір сөйлемдегі ойды аша түсіп, ойының жинақты айтылуы үшін. Екіншіден, мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да жымдасып айтылуы үшін. Бұл – Сәбит Мұқановтың құрмалас сөйлем түрлерін қолданудағы бір ерекшелігі.

2-ерекшелігі «соң» шылауына байланысты. «Соң» шылауын қолдануда екі түрлі автордың өзіне тән сипаты бар: 1) мезгіл бағыныңқылы сөйлемдер жасауда қолданады. Мысалы: «Сабақтан шыққан соң, Кенжетайдікінен бір тостаған көже ішеді».

Шығыс септік жалғаулы есімшеге «соң» шылауын жалғау арқылы мезгіл бағыныңқылы сөйлем туып тұр. Сәбит Мұқановтың ерекшелігі сол басқа септеулік шылауларды қолданбайды. 2) Жалпы романдағы құрмаластарда кездесетін «соң» шылауы, әсіресе, себеп бағыныңқылы сабақтастарды жасаудағы өнімді тәсіл. «Соң» шылауы негізінен мезгіл бағыныңқылы сабақтас жасаудағы өнімді тәсіл болса, С. Мұқанов қолданысында себеп бағыныңқылы сөйлемдер үшін өнімді тәсіл. Мысалы, «Мұғалім сұраған соң, азаматтар Қартқожаны берген екен». Тиісті документтер жіберілгеннен соң, Ленинград университетінен қабылдаған хабар келді. Ендеше бұл да Сәбит Мұқановтың өзгешелігі боп саналмақ [2].

Үшінші ерекшелігі, мына бір сөйлемді алып қарастырайық: «Керекуден елге ат алатын комиссия келіпті, пәленнің атын алып кетіпті, пәленнің үйін шауып кетіпті, әйелін басып кетіпті, өлтіріп кетіпті», - деген сықылды алып қашты лақаптар жүріп жатады» деген сөйлемде төл сөз үш рет қайталанып, бірдей мөлшерлі параллельдер жасалып тұр.



Бұл сөйлем бірдей тұлғалы, көп тармақты салалас сөйлемге жатады, өйткені баяндауыштары тиянақты бес жай сөйлемнен құралып тұр. Бір тұлғалы, көп тармақты салалас сөйлемдер Сәбит Мұқановта көп кездеседі. Олардың бастауыштары мен баяндауыштары үнемі бір сөзден болып қайталанып отырады. Мысалы, «Біреулер большевикті келтіріп қояды, біреулер Оралдан асыра қуғызып қояды, біреулер қазаққа автономия әперіп келеді, біреулер Әлиханды абақтыға жатқызып келеді, енді біреулер Семейді большевиктерге беріп келеді, әйтеуір дүрліккен хабар көп келіп жатады». Бұл сөйлем 6 компоненттен құралған, құрлысы санамалы, мағынасы талғамалы, яғни талғаулы салалас сөйлем. Бастауыштары мен баяндауыштары қайталанып келіп, сөйлемге поэтикалық реңк беріп тұр. «Мұндайда іргелестегі ой жайылмай, шұбаланқыланбай, ықшамдалып, түйдектетіліп, үдеме түрінде ұғынылады».

Сәбит Мұқанов құрмалас сөйлемдердің, әсіресе, көп компонентті түрлерін мол қолданған, себебі шығарма ақ өлең үлгісімен жазылған. Ақ өлең үлгісімен жазылған шығарманың тілі Сәбиттің прозасындағы жаңа бір ізденісін танытады. Оның ырғақты прозасы-ескі рухани тіршілігі өлеңмен байланысты болған халықтың жаңа жанрды игерудегі өзгеше талабы».

Төртінші ерекшелігі, компоненттерінің орналасуындағы өзгешелік, яғни тиянақсыз компонент ретіндегі сөйлемдердің жалпы сөйлемнің бас жағында тұрмай, түсіндірме мәнде келіп, соңынан орналасуы. Мысалы: Енді орыстан да қорықпайды: тілінің бөтендігі болмаса, жүрегі де, ойы да өзіміздікіндей”. Сөйлемдерді осылайша қолдану біріншіден, ауыз екі сөйлеу стиліне байланысты, екіншіден, компоненттерінің жылжымалы болуына байланысты. Бұл туралы Қ. Есенов былай дейді: «Сөйлем ішіндегі жеке компонент, жеке сөздердің орын алмасуларын кездейсоқ құбылыс емес, тіл табиғатының заңдылығына сай өз орнымен болып жататын табиғи процесс деп тану керек», - дейді. Демек, автордың бұл өзгешелігі қазақтың жазба әдеби тілі қалыптаспай тұрып, көркем әдеби стиль дамымаған шақта жазылғандығына байланысты деп қорытынды жасауға болады.

Сәбит Мұқановтың бесінші ерекшелігі – жалғаулық шылауларды құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарында емес, алдыңғы айтылған сөйлемдегі ойға қарсылықты, себепті т.б. мән беру үшін қолданады.

Мысалы: «Білектері адамның санындай, саусақтары білектей, саны кеудедей, кеудесі киіз үйдей, құлағы тебігідей, басы қазандай, аузы жырта қарыс, екі ерні – екі кесек ет, түксиген қабағына біткен қалың қас желкілдеп, кішкене көзін жауып тұр, тұла бойы түксиген жүн, қылдары жылқының ту құйрығынан қатты, бойының тұрқы – нар түйедей, екі иығына екі кісі мінгендей, сөйлеген сөзі арыстанның күрілдегені сияқты». Бұл – құрмалас сөйлем, өз ішінде амал бағыныңқылы сабақтас. Сөйлем алдыңғы сөйлемнің себебін білдіріп тұр.

«Түйе балуан күресерде қойдың жүнінен жуан ғып тоқылған, балағы тізесінен жоғары шалбар киіп, ышқырына қайыс белбеу өткізіп, белін тас қып буады екен де, үстіне одан басқа киім ілмей, тырдай жалаңаш шешінеді екен». «Ызаланған Түйе балуанның самайынан тері, аузынан көбігі ағып, енді жағадан ап үйіруге ойлаған кезде Нұрмағамбет оның ішіне кіріп кетіп, түйедей денесін иыққа сап арқалай жөнелді».

Алтыншы ерекшелігі, құрмалас сөйлемдер әсіресе автор баяндауында көп кездеседі. Монологтерде, кейіпкер тілінде өте көп емес. Кейіпкер тілінде жай сөйлемнің толымсыз түрі көп қолданылып, негізгі рөл атқарған.

Жетінші ерекшелігі, бағыныңқы сөйлемдер құрамында бастауыштың болуы, болмауына қарай: 1) біркұрылымды (односоставное) 2) екі құрылымды (двухсоставное) болып, екіге бөлінеді. Сабақтас сөйлемдердің бір бастауышқа ортақтаса айтылуы біркұрылымды, әрқайсысының дербес баяндауышқа ие болуы екі құрылымды болады. Сәбит Мұқановта бір құрылымды құрмалас сөйлемдер басым.

Мысалы, «Асқардан жаңа хат танып, үшкөлге барам деп жүргенде мұндай күйге ұшырадым-ау». «Иісі бұрқыраған жуаны аузыңа сап көпірте шайнасаң, тәттілігі тіліңді

үйіріп, көмейінді суыратын» [3]. Шартты бағыныңқылы сөйлем, өйткені -са жұрнағы арқылы жасалып, баяндауышы алғашқысы – тиянақсыз, екіншісі – тиянақты. Бұл құрмалас сөйлемнің үш компонентіне де ортақ бастауыш – «мен», оның өзі жасырын тұр. Бұл бір құрылымды сабақтас құрмалас болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды: құрмалас сөйлемнің әр компонентінде бастауыш міндетті түрде болу керек, яғни бағыныңқы компоненттерде жеке-жеке бастауыш қажетті деген пікірді жоққа шығарады. Бұл жөнінде түркі тіл білімінде 3 түрлі көзқарас қалыптасқан:

- 1 – бастауыштың қажеттігін барлық бағыныңқы сөйлемде бірдей қарау;
- 2 – бастауышты бағыныңқы сөйлем түрлеріне саралай қолданады;
- 3 – бағыныңқы сөйлемді айқындауда бастауыш меже бола алмайды.

«Үйге кірсек, төрде қартаңдау үш-төрт еркек отыр, оң жаққа салынған, бетін оюлаған сүйекпен әшекейленген қазақша ағаш төсектің алдында, төртке бүктелген тері бөстектің үстінде, екі шықшытына ұп-ұзын екі уыс қыл өскен, сүйірлеу иегіне бір уыс қыл өскен, үш сақалды, мұртының сапарын ғана ұзартып жіберіп, былайғы жағынан иегімен тегістеп таңқита қырыққан, дөңкес үлкен мұрынды, томпақ үлкен көзді, ұзын қасы қою біткен қалың қабақты, кескіні шынайы өзбекке ұқсаған, үлкен басты, жуан қысқа мойынды, зор денелі сыртында сәрінжі сары шапаны бар, басында өзбек тақиясы бар, кең балақты ақ дамбалы бар, түйенің табанындай жалпақ, жалаңаш аяқты біреу отыр» [3].

Бұл аралас құрмалас сөйлем, өйткені бірнеше тиянақты, тиянақсыз сөйлемдерден тұрады.

Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат», «Ботагөз», романдары және «Балуан Шолақ» повесі – халық ауыз әдебиетінің дәстүрінен әлі қол үзе қоймаған, жазба әдеби тілдің енді іргесін қалап, қалыптаса бастаған кезде туған үлгі құрмалас сөйлемдердің құрылымына, құрамына, жасалу жолдарына қарап, құрмалас сөйлемдерді былай қорытуға болады:

- құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы компоненттерінің баяндауышының жасалуында ең өнімді тәсіл – етістіктің көсемше категориясы болған;
- шығармада поэтикалық реңк басым болғандықтан, көп компонентті салалас, көп бағыныңқылы сабақтастар негізгі рөл атқарған;
- құрмалас сөйлемдердің жалғаулықсыз түрі көп қолданылған;
- қазіргі қазақ тілінде зерттеліп отырған құрмаластың үш түрінің барлық мағыналық топтарын кездестіруге болады;
- шығармаларда ауызекі сөйлеу стилі басым, сондықтан бағыныңқы, басыңқы компоненттерінің орны ауысып келе береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 302 б.
- 2 Мұқанов С. «Ботагөз». – Алматы, 2005. – 320 б.
- 3 Мұқанов С. «Мөлдір махаббат». – Алматы: Атамұра, 2006. - 520 б.
- 4 Мұқанов С. «Сұлушаш» (роман мен повесть). – Алматы: Атамұра, 2002. – 288 б.
- 5 Хасенов Ә. Салалас құрмалас сөйлемдер және олардың тыныс белгілері жөнінде // Халық мұғалімі. – 1954. - №1.
- 6 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. Оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1983.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируются особенности применения сложных предложений в стиле Сабита Муканова.

RESUME

In the article the author analyses the use of peculiarities of composite sentences in the style of Sabit Mukanov.



АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Абишева Ж.Р. С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты
- Ачканова А.Т. магистрант кафедрасы общего языкознания и теории перевода ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
- Әбішева Ш.С. Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Байтанасова Қ.М. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты
- Bibinur Zhumagaliyeva Sh. Yessenov State Caspian University of technology and engineering, candidate of psychological sciences, associate professor of Pedagogy and Psychological Department
- Власова Н.В. магистрант кафедрасы психологии университета Туран-Астана
- Гауриева Г.М. доцент кафедрасы теории и практики иностранных языков ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат педагогических наук
- Давлетова С.Е. «Тұран-Астана» университеті психология кафедрасының магистранты
- Джампеисова Ж.М. доцент кафедрасы истории Казахстана ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, кандидат исторических наук
- Досанова К.К. доцент кафедрасы истории Казахстана и гуманитарных дисциплин Казахского национального университета искусств, кандидат педагогических наук, член-корреспондент МАНПО
- Жиеналина Б.Т. старший преподаватель кафедрасы русской филологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
- Жумабекова Д.Ж. профессор кафедрасы струнных инструментов Казахского национального университета искусств, кандидат искусствоведения
- Жундибаева А.К. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қазақ әдебиеті және шығыс филологиясы кафедрасының PhD докторанты
- Жүкібай М.Ы. профессор кафедрасы экономических и математических дисциплин Евразийского гуманитарного института, кандидат экономических наук
- Ибрагимова Г.Е. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың халықаралық қатынастар кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты
- Илиясова К.М. ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты индустриалды-инновациялық даму және этноәлеуметтік үдерістер тарихы бөлімінің бастығы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
- Kamilla Sheryazdanova Assistant Professor of the department of foreign policy of the Academy of State management under the President of the Republic of Kazakhstan, PhD
- Кененбаева Р. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының магистранты
- Керімбекова Б.Д. Сүлейман Демирел атындағы университеті қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Корабаева А.А. доцент кафедрасы иностранных и русского языков Карагандинского экономического университета Казпотребсоюза, кандидат филологических наук
- Қобланов Ж.Т. Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Лапин Н.С. старший научный сотрудник отдела евразийства и сравнительных политических исследований Института истории государства КН МОН РК, кандидат исторических наук

- Малыбаева Б.С. профессор кафедрa истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин Казахского университета технологии и бизнеса, кандидат исторических наук
- Мәмбетов Ж.О. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Мурзабаева Ә.Г. магистрант кафедрa теории и практики иностранных языков ЕНУ им. Л. Н. Гумилева
- Мұратова С.А. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының магистранты
- Мұсабекова А.А. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Пошаев Д.Қ. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Райнбекова Г.С. «Тұран-Астана» университеті әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының магистранты
- Рамазанова А.С. С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті азаматтық құқық және азаматтық процесс кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты
- Рамазанова Ш.Ә. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің мемлекеттік тіл кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты
- Рахимбекова Г.О. старший преподаватель кафедрa иностранных языков КАТУ им. С.Сейфуллина, кандидат педагогических наук
- Рысқұлов А. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының магистранты
- Саипов А. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының докторы
- Сарманова Ж.С. магистрант кафедрa общего языкознания и теории перевода ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
- Svetlana Utepova Sh. Yessenov State Caspian University of technology and engineering, candidate of psychological sciences, candidate for a master's degree in Pedagogy and Psychological specialty
- Славецкий В.Ю. доцент кафедрa социальной работы Казахского университета экономики, финансов и международной торговли, доктор PhD
- Сматова А.Ж. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың шетел филологиясы кафедрасының магистранты
- Танирбергенова А.Ш. «Тұран-Астана» университеті психология кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты
- Таубаева Ж.А. докторант кафедрa международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилева
- Тулеева Б.Т. заведующая кафедрой всемирной истории и международных отношений КарГУ им. Е.А. Букетова, кандидат исторических наук, доцент
- Узденбаева Г.Д. магистрант кафедрa теории и практики иностранных языков ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
- Урунбасарова Ә.А. профессор кафедрa истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин Казахского университета технологии и бизнеса, доктор педагогических наук
- Халмұратов Н. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті кәсіпке баулудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының магистранты
- Шаукенов Ж.А. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті философия кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты
- Шаяхметова М.Х. «Тұран-Астана» университеті әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты